



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Министерство Науки и Высшего образования Республики Казахстан

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова



Аса көрнекті қаламгер, ағартушы, педагог, журналист Жүсіпбек Аймауытұлының 135 жылдығына орай **«АЛАШ АРДАҚТЫСЫ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ: ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының **ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
международной научно-практической конференции **«ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ ЖУСУПБЕКА АЙМАУТОВА – ВЫДАЮЩЕГОСЯ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ: НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ, КУЛЬТУРА И ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ЦЕННОСТИ»**, посвященной 135-летию выдающегося писателя, просветителя, педагога, журналиста Жусупбека Аймаутова

Шымкент, 2023 ж.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
А87

Ұйымдастыру алқасының төрайымы
Сугирбаева Гулжан Даулетбековна - Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма
төрағасы – Ректор

Ұйымдастыру алқасы

Керімбеков Ержан Рахымжанұлы	- Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор
Исабек Баршагүл Қашқынқызы	- Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор
Кудышева Айнаш Амангельдыевна	- Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
Тажекова Акмарал Джаксыбековна	- Ғылыми зерттеулер департаментінің директоры
Куралбаева Жұлдызай Шынжигитқызы	- Ғылыми зерттеулер офисінің маманы

Аса көрнекті қаламгер, ағартушы, педагог, журналист Жүсіпбек Аймауытұлының 135 жылдығына орай «Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытұлының рухани мұрасы: ұлттық идея, мәдениет және көркемдік құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. – Шымкент, 2023 жыл. –158 бет.

Сборник Научных Статей международной научно-практической конференции «Духовное Наследие Жусупбека Аймаутова – выдающегося деятеля Алаш: национальная идея, культура и художественные ценности», посвященной 135-летию выдающегося писателя, просветителя, педагога, журналиста Жусупбека Аймаутова. – Шымкент, 2023 г.- 158 стр.

ISBN 978-601-7968-25-0

Жинаққа Қазақстан Республикасының жоғары және орта оқу орындарының жас ғалымдары, студенттері және мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.



© Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 2023

АЛҒЫ СӨЗ

Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы - Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректор, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚАДІРЛІ ҚОНАҚТАР, ӘРІШТЕСТЕР, БІЛІМгерлер! Құрметті конференцияға қатысушылар!

XX ғасыр басында ұйқысынан ояна бастаған қазақ қоғамының болашағы үшін жан аямай күрескен Алаш арыстары ел тәуелсіздігіне қажетті мәселелерді сөзбен де, іспен де шешуге тырысқан. Сондай тұлғалардың бірі де бірегейі – Жүсіпбек Аймауытұлы.

Алаш ардақтысының өмір жолы мен атқарған қызметіне үңіле түссек, сарқылмас қазынаға тап боламыз. Ең алдымен, ұлттық педагогика, психология ғылымдарының қалыптасып, дамуына айтарлықтай үлес қосты. Оқыту, тәрбие беруді кәсіби мамандығы санаған Ж.Аймауытұлы өз еңбектерінде білім беру мәселелеріне көп көңіл бөліп, ғылым-білімге дұрыс бағыт беретін тәрбие болуы керектігіне баса назар аударды. Әлем ұстазы әл-Фарабидің идеясын жалғастырған Алаш зиялысы білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды не жұмсалмауы тәрбиеге байланысты екенін айтты. «Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды»... деген сипаттағы пікірлері Абайдың ізгі ойларымен үндес, өміршең. «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Сабақтың комплексті жүйесінің әдістері» сияқты оқулықтары мен оқу құралдары оның шын мәнінде ұлттық сипаттағы ағартушы-педагог болғанын айғақтайды.

Болашақ ұрпақты озық жетістіктерге тәрбиелеу, оларға білім беру процесін сол халықтың мінез-құлқы мен тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын ескере отырып жүргізудің маңыздылығын атап өткен Жүсіпбек балаларға арналған «Жаман тымақ», «Көк өгіз», «Шал мен кемпір», «Үш қыз» сынды ертегілер де жазған.

Алаш зиялысы сонымен қатар бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне ерекше тоқталады. «Баланы бұзуға, яки түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ізге байланысты» деген тұжырымдарын қазіргі ата-аналар ескергені абзал. Ғұлама ғалым бала мінезінің дұрыс қалыптасуындағы ата-ананың рөлін анық, айқын ашып көрсеткен. Ж.Аймауытұлының ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөліне қатысты идеялары бүгінгі күнде де бағалы.

Ж.Аймауытұлының бай мұрасымен танысқанда, бірден көзге түсетін ерекшелік – адам психологиясын жете әрі терең білуі. Оның «Психологиясы» аталған пәннен қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулық болып табылады. Осы

мәселелердің баяндалуы, көтерген жүгі, мазмұны психолог мамандар үшін әлі күнге дейін өзекті, құнды. Бұл бағыттағы еңбегін тереңдете түскен ғалымның «Жан жүйесі және өнер таңдау» деген кітабы оның осы саладағы ізденістерінің қорытындысы іспетті. Соңғы кездерде еліміздің түрлі қоғамдық ғылымдарында белең ала бастаған социологиялық зерттеулер, сауалнама, анкета жүргізу сияқты әдістерді ғалым-ұстаздың сол кездің өзінде-ақ өте шебер қолданғаны таңғалдырмай қоймайды.

Ж.Аймауытұлы – психолог жазушы. Оның «Ақбілек», «Қартқожа» сынды романдары мен «Күнікейдің жазығы» повесі – кейіпкерлерінің жан дүниесіне терең бойлап, нәзік сезім иірімдерін жіті бере білуімен ерекшеленетін, қазақ прозасындағы алғашқы психологиялық шығармалар қатарындағы классикалық, кесек туындылар.

Ж.Аймауытұлы есімі қазақ драматургиясының негізін салушылардың, қазақ театр өнерінің іргесін қалаушылардың қатарында аталады. «Біржан-Сара айтысын» сахнаға лайықтап қайта жазып, онда басты рөлді ойнаған. Кейіннен «Сылаңқыз», «Ел қорғаны», «Шернияз», «Рәбиға», «Қанапия-Шәрбану» драмаларын жазды. Бұдан оның драматург болумен бірге спектакль қоюшы режиссер, актер болғанын да байқаймыз.

Ж.Аймауытов аудармашы ретінде қазақ әдебиетін байыта түсті. Ол Н.Гогольдің, А.С.Пушкиннің, Дж.Лондонның, К.Берковичтің, С.Чуйковтың бірқатар шығармаларын қазақшалады, В.Шекспирден, Ги де Мопассаннан, Р.Тагордан, Л.Толстойдан, А.М.Горькийден аудармалар жасады. Аудармаларының ауқымдылығы жан-жақты, білімдар, әдебиет пен мәдениетпен бірге қоғамдық өмірдің барлық саласында дерлік қызмет атқарған абзал азаматтың биік тұлғасын толықтыра түседі.

Жүсіпбек сын саласында да жарқырап көрінді. Ол жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің маңызды мәселелері хақында бірсыпыра сын мақалалар жазды. М.Әуезовпен бірлесіп «Абайдан соңғы ақындары», өзінің «Мағжанның ақындығы туралы», «Аударма туралы», «Сұңқар жыры» сияқты мақалалары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

«Әнші» әңгімесін аса бір тереңдікпен жазған Жүсіпбектің «халықтікі» деп аталып жүрген «Екі жирен» әні мен «Алаш ұранының» авторы екендігі туралы материалдарды кезіктірдік.

Қорыта айтқанда, ел тәуелсіздігі үшін аянбай еңбек еткен Алаш арыстарының алдында бүгінгі ұрпақ қарыздар. Қазақ елінің рухын асқақтатып, жаңа қоғамымыздың келешек өскелең ұрпағының рухани өсіп-өнуіне, дамуына игі ықпал еткен Алаш зиялыларының мақсат-мүддесі, арман-тілегі, ұлттық идеясы, жанкешті қызметі ұлт тарихында мәңгілік сақталары сөзсіз. Сол себепті бүгінгі игі шаралар мыңдаған студенттердің – болашақ педагогтардың жан-жақты дарын иесінің өмірінен өнеге, тірлігінен тағылым алып, көзіне көрік, рухына тірек боларына және Жүсіпбектей қазақ руханияты жанашырының есімі болашақ ұрпақты елжанды, отаншыл етіп тәрбиелеуде қажымас қайрат пен сарқылмас қуат береріне сенімдіміз.

«Алаш ардақтысы Ж.Аймауытұлының рухани мұрасы: ұлттық идея, мәдениет және көркемдік құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы қатысушыларына шын жүректен табыс тілеп, жоспарланған шаралардың сәтті өтуіне тілектестігімді білдіремін.

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Саясат Нұрбек – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі

ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР! ҚАДІРЛІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ!

Тарихымызда азаттықты аңсаған, ел егемендігі жолында, ұлт руханиятының дамуы үшін жан аямай еңбек еткен ерен тұлғалар аз болмаған. Тәуелсіздікке жету үшін ұлт тағдырына алаңдап, жанкештілікпен еңбек етіп, орасан зор күш-жігер жұмсаған бабаларымыз ешқашан ұмытылмауы тиіс. Алаш ардақтылары туралы сөз еткенде, Жүсіпбек Аймауытұлының сан салалы, жан-жақты еңбегі жөнінде сөз қозғамай өту мүмкін емес. Дара тұлға «Күнелту жолында адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім, қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, дүниежүзінің қожасы болып отыр. Бұл заманда жан сақтауға, бас қорғауға, тұрмысты түзетуге қалып отырған құрал – өнер, ғылым, қысқаша айтқанда мәдениет», – деп кейінгіге сөз қалдырған. Арда азамат қазақтың ғылымы мен өнерінің, мәдениеті мен әдебиетінің дамуына айрықша үлес қосты.

Ж.Аймауытұлы өзінің «Қартқожа», «Ақбілек» романдары арқылы қазақ әдебиетін жаңа, классикалық деңгейге көтерді. Сонымен қатар оның 1926-1929 жылдар аралығында Шымкенттегі педагогикалық техникумның ұстазы болғанын, басты көркем шығармалары мен бірқатар педагогикалық-әдістемелік еңбектерін Шымкент шаһарында жазғанын дәйектейтін архивтік материалдар аз емес.

Біртуар тұлғаның пікірінше, ғылым-білімге дұрыс бағыт беретін тәрбие болуы керек. Оқыту, тәрбие беруді кәсіби мамандығы санаған қаламгер өз шығармаларында осы мәселелерге де көп көңіл бөліпті.

Осы орайда оқу ордасында бүгінгі ұйымдастырылып отырған **«АЛАШ АРДАҚТЫСЫ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ: ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР»** атты конференцияның мән-маңызы айрықша екендігі анық.

Алаш ардақтысы, көрнекті жазушы, драматург, психолог, педагог, ұстаз, сан қырлы дарын иесі Жүсіпбек Аймауытов биыл 135 жасқа толып отыр.

Аталған шара Алаш арысын ұлықтап қана қоймай, мыңдаған білім алушы – болашақ педагогтердің отаншыл, елжанды болып қалыптасуына, ұлт ардақтыларының еңбегін тануға, үлгі-өнеге алуына ықпал етеріне сенімдіміз. Өйткені білім алушылар мен ұстаздар, өскелең ұрпақ Ж.Аймауытұлы сынды ұлт саңлақтарының мұраларынан үлгі алып, үйрене білуге құштар болуға тиіс.

Бүгінгі басқосу Жүсіпбек мұраларын жаңа қырынан ашып, тұлғатану ғылымына сүбелі үлес қосады деп сенемін.

Конференция жұмысына сарқылмас сәттілік, толымды табыс тілеймін!

Ж.АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ РӨЛІ

ӘӘЖ

Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ТӘРБИЕЛІК КӨЗҚАРАСТАРЫ

Арынбаева Д.Ж. магистр-оқытушы.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В данной статье рассматриваются педагогические взгляды и воспитательные тезисы выдающегося педагога, общественного деятеля, ученого и писателя Жусипбека Аймауытова. Ж. Аймауытов стал знаковой фигурой в казахстанской педагогике, сделав огромный вклад в сохранение и развитие национальной культуры и образования казахского народа.

Статья охватывает основные аспекты педагогическо-образовательных, воспитательных взглядов Ж. Аймауытова, включая развитие предметно-интегрированного обучения, творческого мышления учащихся, формирование этических и гражданских ценностей у молодого поколения и его вклад в казахскую литературу. Автор анализирует, как эти аспекты взаимосвязаны и как они сказываются на образовательном процессе и воспитании современности.

Особое внимание уделяется актуальности и значимости педагогического наследия Ж. Аймауытова в современном контексте образования. В быстро меняющемся образовательном пространстве его методологические подходы продолжают оставаться актуальными и могут предложить ценные уроки и рекомендации для современных педагогов и исследователей.

Статья представляет собой важный вклад в исследование педагогических и воспитательных идей Ж. Аймауытова и может служить вдохновением для всех, кто интересуется развитием образования и сохранением культурного наследия.

Summary

This article examines the pedagogical views and educational theses of the outstanding educator, public figure, scholar, and writer, Zhussipbek Aymaulytov. Zhussipbek Aymaulytov has become an iconic figure in Kazakhstani pedagogy, making a significant contribution to the preservation and development of the national culture and education of the Kazakh people.

The article covers the key aspects of Zhussipbek Aymaulytov's pedagogical and educational views, including the development of interdisciplinary education, fostering the creative thinking of students, instilling ethical and civic values in the younger generation, and his contributions to Kazakh literature. The author analyzes how these aspects are interconnected and how they impact the educational process and contemporary upbringing.

Special attention is paid to the relevance and significance of Zhussipbek Aymaulytov's pedagogical legacy in the modern educational context. In the rapidly changing educational landscape, his methodological approaches continue to be relevant and can offer valuable lessons and recommendations for contemporary educators and researchers.

The article represents an important contribution to the study of the pedagogical and educational ideas of Zhussipbek Aymaulytov and can serve as an inspiration for all those interested in the development of education and the preservation of cultural heritage.

Еліміздің тәлімі мен тәрбиесі, ұлт мәдениетінің тұрақталуы мен нықталуы бағытында Ж.Аймауытов тұлғасының орны ерекше. Қазақ даласында педагогикалық қағидалардың қалыптасып, жетілуіне, ұлт кодына лайықталған оқыту барыстарын туындатуға және іс жүзіне қосуға Ж.Аймауытовтың қосқан үлесі ерекше екенін атап өту керек. Ғалымның қаламынан туындаған іргелі еңбектер қазақ топырағында білім беру, оқыту, тәрбие мен тәлім беру мәселелерінің жағдайын дөп басып тереңінен қаузап қозғады.

Ұстаздық етуді ұлт болашағын қалыптастырумен тығыз байланыста қараған Ж.Аймауытов оқыту мәселелеріне көп көңіл бөлді. Жазушылық қарымымен қатар көркемсөз әлеміне ғылыми жол салып, психология ғылымының қыр-сырын қарастырып, педагогика саласында өнімді шұғылданған қаламгердің зерттеу еңбектері әлі күнге өз құндылығын жоғалтпаған, актуальді болып табылады. Ж.Аймауытов бірнеше оқу құралдары мен оқулықтарды жазып шыққан білікті педагог, білім беру саласында (Шымкент педтехникумы) басшылық қызмет атқарған білікті басшы, «Ақ жол», «Қазақ тілі» секілді газеттерде қызмет атқарған танымал публицист, ұлт жанашыры, қоғам қайраткері.

Ж.Аймауытов қалың қазақты ағартушылық арқылы биік белестерге жеткізуді армандады, сол жолда тынымсыз әрекет жасады және бұл майданда өзіне Абайды үлгі санады. Бұл турасында: «...қазақ сахарасында мыңмен жалғыз алысып, жапа шеккен ұлы ағартушы Абайдың көздеген мақсаты халқын өнер-білімге, оқуға, отырықшылыққа, мәдениетті ел дәрежесіне жеткізу еді», - деген ұстанымын Семейде жарық көретін «Абай» журналының 1918 жылдағы ақпандағы санында білдіріп өткен.

Ғалымның пайымынша, адамдағы «құлық пен мінездің, қайрат пен ақылдың» алуан түрлі болып кездесуі оларға берілетін «тәрбиелік құндылықтардың алуандылығынан» туындайды. Біреудің тонаушылық жасауы, ұрлыққа ұрынуы, жалған сөйлеуі секілді шектен шыққан істері оның бойына тәрбие құндылықтары құйылмағаннан болады деп біледі. Осылайша, Ж.Аймауытов тәрбиені екі негізгі бағытта қарастырды: оның бірі жанның тәрбиелік құндылықтары болса, екіншісі тәннің тәрбиелік жүйесі.

Ал, оқытуда және тәрбиелеуде балаларға ең әсері мол екі негіз – мұғалім және мектеп екенін тұжырымдайды [1].

Тәрбие жұмыстарының басты көздейтін нысаны баланың мінезін дұрыс траекторияға бағыттау екенін ғалым тап басып айқындаған. Соның ішінде «еңбекті адалынан атқаруға, адамгершілік қасиеттерін байытуға, адамзат мүддесіне атсалысуға» баулу керектігі ескертіледі. Мұндай абыройлы да жауапты міндетті атқаруды мойнына алған тәрбиеші ең алдымен өзі осындай биік талаптардың үдесінен шығардай толымды тұлға болмағы ләзім екені айтылады. «Мұғалімнің өзі байыпты, сөзі салмақты, өмірге, пәнге көзқарасы орнықты болса, алдарындағы шәкірттері де ұстамды, ұқыпты» болатынын ұқтырады. Өйткені, «жеткіншектер ұқсау, еліктеу арқылы тез тәлімденеді, сондықтан кез-келген мақтаулы мінез-құлықты балаларға амал жүзінде көрнекі етіп үйрету тиімді» болмақ [2].

Балалардың тәлім-тәрбиесі барысында отбасының маңызы ерекше. Бұған ғалым-ағартушы арнайы тоқталып, «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген мақалдармен негіздеп қорытындылайды.

Ж.Аймауытовтың «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Комплексті оқыту жолдары» секілді зерттеу еңбектері қазақ педагогикасына қосылған елеулі үлестердің бірі болып саналады. Педагогикадағы психологиялық аспектілерді ұлттық бояумен астастырып ғылыми негізбен өрнектеген «Тәрбие жетекшісі» еңбегі дидактикалық тәлімдер мен нұсқауларға байлығымен көзге түседі. Оқытудың түрлерін саралау, көрнекілік түрлері мен оларды қолдану тәсілдері, үйретудің жолдары мен машық арттыру әдістері, оқытудағы ынталылық секілді мәселелер ықшам, ұғынықты тілмен жазылып, тиімді формада беріледі. Оқыту барысында қазақ мектептеріндегі шәкірттер мен ұстаздардың түсіністігі мен бірлігі басты орынға қойылған бұл туындысы елдің ыстық ықыласына ие болып, «Бұл кітап әр оқытушының үстелінің үстінде жатуы керек, әр мектептің кітапханасында болуы керек», - деген абыройды иеленген [3].

Ұлт қайраткері білімдерді оқытудың бастауында туған тілдің тұруы аса маңызды екенін ескертеді. Тілдің әлеуметтік және қоғамдық-саяси маңызын, адамдар қолымен туындатылған мәдени және рухани қазыналарды игерудің негізі тілмен байланысты екенін назарға алып және оқыту үдерісінде төл тілдің алдыңғы қатарда тұруы маңыздылығын аңдатып былай дейді: «Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі халық болып жасағаннан бергі жан-дүниесінің айнасы болып, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерек... қазынасы мол халықтың тілі»[4].

Қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениетін, салты мен дәстүрін, әдеттері мен ұлттық санасын, тұрмыстағы кәсіптері мен басқа да халықтық ерекшеліктерін балаларға сабақ барысында таныстыруды география мен тарих, әдебиет пәндерінің қоспасынан әзірлеп төртінші сыныптан бастап оқытқан жөн деп пайымдайды және мұндай кіріктірілген пән атауын «Біздің Отан» деп атауды жөн көреді.

Ғалымның бұл көзқарасы бүгінгі таңда да өз маңызы мен құндылығын жоғалта қоймағанын, қазіргі тұста қолға алынып, жүзеге асырылса көпэтносты қазақстандық қоғамның бірлігі мен тірлігіне оң ықпал ететін, қазақ халқының тарихы мен ұлттық кодын ашып көрсетуге, танытуға көп пайдасы тиетін ұсыныс екенін айта кетуге болады.

Білім беру үдерісіндегі тәрбиенің маңызы мен орны жайлы «әлемнің екінші ұстазы» атанған әл-Фараби бабамыз айтып қалдырған «білімнен бұрын тәрбие берілуі керек» деген мәндегі нақыл ғасырларды көктей өтіп біздің заманымызға жеткен, өзінің ақиқаттылығы мен құндылығын өзгертпеген тұжырымдардың бірі. Бұл өз кезегінде халықтың тарихы мен танымына, тұрмысы мен тіршілігіне, дәстүрі мен салтына, бай ауыз әдебиеті үлгілері мен мәдени-рухани қазыналары мен құндылықтарына негізделген халықтық педагогиканың негізін қалауға және нығайтуға жол ашқаны белгілі. Ұлы ойшылдар кезеңінен басталып (Қашғари,

Баласағұни) кейінгі дәуірлердегі ағартушылардың заманына дейін келіп жалғасқан (Абай, Шоқан, Ыбырай, Ахмет), бір ұрпақтан кейінгі ұрпаққа беріліп отырған халықтық педагогика негіздері Ж.Аймауытов шығармалары мен ізденістерінде де берік орнығып, мыңжылдық жолдарды басып өткен халық даналығы мен этнопедагогикалық тәрбие тұғырлары өз биігінде көрініс тапқаны айқын аңғарылады.

Оқыту барысында мұғалім тұлғасының басты әрі шешуші маңызға ие екенін ескеріп, «Комплексті оқыту жолдары» еңбегінде мұғалімдерге қажетті талаптарды белгілейді. Олардың қатарында:

- алдын меңгерілген білімдерді ескере отырып білім алушыларға тың білімдерді ұсыну;

- тың білімдерді игеруге бағыт беретін мәселелік сұрақтарды ортаға сала отырып білім алушылардың зейінін жаңа сабаққа бағыттандыру;

- білім алушылардың зейінін сейілтіп алмау үшін білім беру барысына қатыссыз сөздер мен мәліметтерді қолданбау;

- тәсілдердің қатарында теңеу, салыстыру, ұқсату секілді элементтерді пайдалана отырып білім алушылардың қызығушылық процестерін белсендіру секілді жайттарды атап көрсетеді [5].

Сондай-ақ, білім беру барысындағы әдістер мен тәсілдер құрамын әрдайым түрлендіріп, жаңартудан өткізіп отыру, көрнекі құралдарды қолдану секілді дидактикалық көптеген пайдалы нұсқауларды қамтыған.

Ж.Айтауытовтың педагогикалық-тәрбиелік көзқарастары мен идеялары өз заманының озық ойлы педагогтерінің сарынымен үндес, деңгейлес болғаны ғалымның өзі өмір сүрген кезеңнің басты жаңашылдықтары мен прогрессивті танымдарынан мол хабардар болғанын, оларды туған халқының өткенімен байланыстырып, кіріктіріп, синтезден өткізіп өзіндік қайталанбас дара ұсынымдар мен ұстанымдар туындата білген пайымдық шеберлігін, интеллектуалдық біліктілігін айқын аңдатады.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті экономикалық және әлеуметтік қанаттануымен қатар ұлттық құндылықтары мен мәдени қазыналарының жаңғыруына, рухани жадының нығаюына да баса назар аударып келеді. Этикалық және адамгершілік идеялар мен өзара сыйластық пен төзімділік қағидаттарына негізделген көпэтносты қоғамда қазақ халқының мәдени және рухани түлеуі, халықтық тәрбиенің жетік дәстүрлері мен озық үлгілерін заманауи үдерістер өлшемдеріне сайлап зерделеу бүгінгі таңда өзекті мәселе. Келешек жастардың әділдік пен адалдықты құрметтейтін және үлгі тұтатын азамат болып қалыптасулары мен әлемдік бәсекелестік жағдайындағы уақыт талабына бейім рухани байтылған, белсенділігі жоғары, білімді әрі білікті тұлға болып дамуы педагог мамандардың басты назарында болып қала беруі тиіс жағдай. Бұл тұрғыда Ж.Аймауытов мұраларының зерттелуі мен зерделенуі, актуалдығын жоғалтпаған ұстанымдары мен ұсыныстары назарға алынып, қолданысқа енгізілуі, ғалымның педагогикалық-тәрбиелік көзқарастарының бүгінгі уақыт жағдайына орай бейімделіп қайта жаңғыруының қосар үлесі мол.

Әдебиеттер:

1. <https://abai.kz/post/115539>
2. С.Қирабаев. «Ж.Аймауытов». – Алматы: Мектеп, 1997.
3. «Еңбекші қазақ», 1925, №410.
4. Б.А.Қиясова. «Қазақстандағы Жоғары мектеп педагогикасының қалыптасу және даму тарихы», Оқу құралы, - Алматы, 2008.
5. Ж.Аймауытов. Шығармалары. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.

ӘОЖ:378.14

АРАЛАС ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мұсабекова Г.Т., п.ғ.д., профессор

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье речь идет о возможностях применения продуктов и сервисов Microsoft в учебном процессе вуза, в частности, для работы с технологией «Перевернутое обучение».

Summary

The article deals with the possibilities of using Microsoft products and services in the educational process of the university, in particular, to work with the technology "Inverted learning".

Мемлекеттік білім беру стандарты оқыту нәтижелеріне белгілі бір талаптарды белгілейді, бұл оқытуды ұйымдастыру технологиясын өзгерту, "білімді игеруден" "құзыреттілікті" қалыптастыруға баса назар аудару қажеттілігін тудырады. Тиісінше, қазіргі заманғы оқу орны үшін жаңа, мүлдем басқа білім беру жағдайларын жасау, әрбір оқу орнында инновациялық білім беру ортасын құру қажет. Оқу процесінің ажырамас бөлігі ақпараттық технологиялар болып табылады. Оларды қолданудың бір жолы - аралас оқыту, күндізгі және қашықтықтан оқыту синтезі.

Аралас оқыту - бұл дәстүрлі бетпе-бет оқыту мен заманауи цифрлық білім берудің үйлесімі. "Төңкерілген оқыту" - аралас оқытудың ең сәтті үлгілерінің бірі.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандырудың ең өзекті міндеті жобаларды қолдау және дамыту болып табылады, мұнда ақпараттандыру процесі білім алушылардың танымдық іс-әрекетін, оның ішінде оқытушымен, оқу материалымен, жобалық іс-әрекетпен және т. б. жұмысты ұйымдастыруға тікелей бағытталған. оқыту сапасын арттыру. Әрине, мұндай ақпараттық ортада жұмыс істей алатын оқытушылар да қажет. Сонда білім беруді ақпараттандыруға инвестициялар шынымен тиімді болады.

Қазіргі уақытта Microsoft компаниясы қоғамға "Реформатика" өңірлік білім беру жүйелерін жаңғырту жобасын ұсынды және табысты іске асыруда, оның

мақсаты – әрбір оқу орнында инновациялық білім беру ортасын құру. Осы бағдарлама аясында оқу орындарына технологиялық шешімдер (Microsoft Windows 8.1 платформасындағы планшеттер, серверлік шешімдер және бұлтты қызметтер) және оларды енгізу бойынша сараптамалық көмек көрсетілді. Қазіргі заманғы сабақ - бұл "аралас оқыту" деп аталатын дәстүрлі және цифрлық технологиялардың үйлесімі, мұнда оқытушы мен білім алушының диалогы цифрлық білім беру ресурстарымен (ЦБР) - презентациялармен, Интернеттегі мақалалармен, аудио немесе бейнежазбалармен, кестелермен, графиктермен, диаграммалармен сүйемелденеді және дәлелденеді. Дәстүрлі тақтамен бірге сабақтарда мультимедиялық проекторлар, цифрлық тақталар, компьютерлер және тиісті бағдарламалық құралдар қолданылады.

Компания ұсынған технологиялық шешімдер "Төңкерілген оқыту" ("Inverted learning") моделінде қолдануға барынша қолайлы. "Төңкерілген сынып" моделінің авторлары екі американдық педагог - Джонатан Бергман (Джонатан Бергман) және Аарон Сэмс (Aaron Sams) болып саналады. 2007 жылы бұл педагогтар сабақтан жиі қалатын спортшыларды дәріс материалымен қамтамасыз ету мүмкіндігін іздеді және тапты. Содан кейін бұл идея жаңа білім беру бағытына айналды [1].

"Төңкерілген оқыту" моделінің мәні - студенттер үйде оқытушы дайындаған тақырыптық бейнероликтер мен Интернеттегі презентацияларды қарап, дәріс (теориялық) материалымен танысады. Олар келесі күні аудиторияда дәстүрлі үй тапсырмасын орындайды, жеке және топтық іс-шараларға қатысады, топтастарымен және оқытушымен сөйлеседі. Басқаша айтқанда, негізгі оқу әрекеттері ауыстырылады: бұрын аудиториялық жұмыс болған нәрсе үйде игеріледі, ал бір кездері үй тапсырмасы болған нәрсе аудиторияның қарауына айналады. Оқытудың осы моделін қолдану бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: уақыттың тұрақты жетіспеушілігі ("игерілмейтін нәрсені игеру"), белсенділік компонентін күшейту проблемасы. Енді білім алушы оқу іс - әрекетінің белсенді қатысушысы болады, ал оқытушы бағыттаушы буын болады, назар сабақтағы тақырыппен шолу танысудан оны бірлесіп оқу мен зерттеуге ауысады. "Төңкерілген оқыту" моделі бойынша келесідей жұмыс атқарылады:

1. Мұғалімдер аптасына бірнеше бейнедәрістер дайындайды. Бұл жағдайда мұғалім материалдың өзектілігінің кепілі болып табылады: Microsoft PowerPoint немесе Microsoft Sway презентациясы, Microsoft OneNote немесе Microsoft Word-тағы мультимедиялық материал, Microsoft Excel-дегі практикалық тапсырма. Бұл Интернет желісінен дайын материалдар да, Microsoft өнімдері мен қызметтерінің мүмкіндіктері арқылы жасалған материалдар да болуы мүмкін.

2. Білім алушылар бейнедәрістердің материалдарын үйде көреді. Дәріс материалдарын "үйде" көрудің артықшылығы: оқушылар материалды жеке түрде игереді; сонымен бірге уақыт шектеулері жоқ; дегенмен, топтастарымен және оқытушымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

3. Сабақ практикалық жұмыстарды немесе басқа оқу әрекеттерін орындау үшін қолданылады.

Нәтижесінде "төңкерілген оқыту" моделі дәстүрлі формаларға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие. Дегенмен осы модель шеңберінде оқыту оқытушыдан қосымша дайындықты қажет етеді. Оқытушы мұндай жұмысты ұйымдастыра бастаған кезде, әр бейне дәрісті нақты оқу мақсаттарымен және кезең-кезеңімен, сондай-ақ тапсырмамен сүйемелдеу керек екенін ескеру қажет. Егер тапсырма болмаса, онда сіз білім алушыларға қысқаша реферат жазып қана қоймай, сонымен қатар қаралған материалға бірнеше сұрақтар қоюды ұсынуыңыз керек [2].

"Төңкерілген оқыту" форматында әртүрлі технологиялық өнімдерді қолдануды толығырақ қарастырайық. Бүгінгі таңда оқу орындарындағы ең көп таралған Microsoft бағдарламасы - PowerPoint - ыңғайлы, қол жетімді, түсінікті және қарапайым. Презентация арқылы оқу процесіне қатысушылардың барлық дерлік қажеттіліктерін жүзеге асыруға болады: мәтінді заңдастыру, схемаларды, диаграммаларды, сыртқы немесе ішкі ақпаратқа сілтемелерді енгізу немесе жасау, тест тапсырмаларын әзірлеу, аудио және бейне жазу, топтық жұмысты ұйымдастыру және т.б.

Microsoft Office Mix (Microsoft PowerPoint қосымшасы) көмегімен оқытушылар оқу материалын цифрлық әңгіме (немесе электронды курс) түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік алды, оны оқытушының тікелей қатысуынсыз дербес жүргізуге болады (мысалы, "төңкерілген сынып" форматында). Microsoft Office Mix, Microsoft PowerPoint қондырмасы бола отырып, бағдарламаға функционалдылықты қосады: дауыстық және/немесе бейне сүйемелдеуімен презентация жасау мүмкіндігі пайда болады, соның ішінде компьютер экранынан пайдаланушы әрекеттерін жазу (screen capture функциясы), Microsoft PowerPoint презентациясын бейнеге экспорттау мүмкіндігі.

Бұлтты шешімдерді ұнататындар үшін Microsoft жақында Microsoft Sway бағдарламасын шығарды, ол оқытушылар арасында өте тез танымал болды. Microsoft Sway бағдарламаның өзі ұсынатын фотосуреттерді, бейнелерді және мәтіндік материалдарды жылдам қосу арқылы түрлі-түсті презентация жасауға мүмкіндік береді. Интернетті іздеу презентацияның тақырыбында немесе мәтінінде қамтылған кілт сөздер бойынша автоматты түрде жүзеге асырылады. PowerPoint презентациясын Microsoft Sway-де "жүктеуге" және онымен әрі қарай желілік форматта жұмыс істеуге болады.

Microsoft Excel сауалнамасы әртүрлі типтегі сауалнамаларды, анкеталарды және мәтіндерді жылдам жасауға арналған. Тестке сілтемені кез-келген бағдарламада әзірленген цифрлық білім беру ресурстарына енгізуге болады және өзін-өзі тексеруді немесе жаңа материалдың игерілуін тексеруді ұйымдастыруға болады.

Топтық жұмыс түріндегі материалды жүйелеу үшін жалпылама кестелерді, схемаларды және т.б. бірлесіп құру өте пайдалы. Сабақ барысында студенттердің бірлескен жұмысын ұйымдастыру қажет, оның нәтижесі жалпы қорытынды құжатта (оқу жобасының күнделігі, презентация, баяндама, емтихандар кестесі) жазылуы керек. Мұндай құжат топтық жұмыстың нәтижесі немесе дербестендірілген болуы мүмкін. Мұнда әр қатысушы өз нәтижесін жеке

парақшасына жазады. Бұл жағдайда студент тек өз парақшасына және оқытушының жалпы парақшасына әдістемелік нұсқаулармен қол жеткізе алады, ал барлық жеке парақшалар оқытушының топ нәтижелерін көруіне ыңғайлы болу үшін бірыңғай файлды құрайды.

Аудиторияда немесе аудитория қабырғасынан тыс топтық жұмысты Microsoft корпорациясының әртүрлі бағдарламаларын қолдана отырып ұйымдастыруға болады: Microsoft Microsoftedrive, Microsoft PowerPoint, Microsoft OneNote, Microsoft Sway, Microsoft Word, Microsoft Excel. Бірлескен қол жеткізу сілтемесін қатысушының поштасына жіберу арқылы оқу процесіне қатысушылармен құжатты "бөлісу" жеткілікті (технологиялық тұрғыдан). Сіз кез - келген құрылғыдан - компьютерден, планшеттен, телефоннан, жеке және қашықтан ортақ файлмен жұмыс жасай аласыз. Windows 10 арқасында пайдаланушылардың барлық өзгерістері сақталады және Интернет желісіне қосылған кезде ортақ құжатқа автоматты түрде енгізіледі.

Онлайн-сервис Microsoft OneDrive аралас оқыту технологиялары үшін де пайдалы. Компьютердің көмегімен үй тапсырмасын орындаудың нәтижесі әр түрлі форматтағы цифрлық файлдар - мәтіндер, аудио, видео (сұхбат немесе эксперимент барысын жазу), интерактивті презентациялар (барлық форматтағы мультимедиа жиынтығы), Microsoft Sway-беттер және т.б. болғандықтан, бірнеше құрылғылардан осы файлдармен жұмыс істеу мүмкіндігі қажет. Құжатпен бір құрылғыда (мысалы, университеттегі планшетте), файлдарды сақтауға және синхрондауға жауап беретін онлайн-сервис Microsoft OneDrive және жаңа Windows 10 ОЖ көмегімен жұмыс істей отырып, студент сол құжатпен жұмысты басқа құрылғыдан жалғастыра алады (мысалы, смартфоннан; үйге немесе метроға барар жолда).

Флэш-карталарды пайдалану сияқты үйде жасалған цифрлық өнімдерді сақтау және тасымалдау үшін бұл әдіс аз қолданылады. Бұлтты файл қоймасында білім алушылардың жеке немесе бірлескен жұмысының нәтижелерін орналастыру барған сайын танымал бола түсуде. Студент оқу жұмысының барысы мен нәтижелерін әртүрлі құралдарды (бейне, мәтін, презентациялар, диаграммалар, кестелер және т.б.) қолдана отырып, құжаттарды бұлтты файл қоймасына орналастырады. Бұлтты сервистерді пайдалану кез келген құрылғыдан (ПК, планшеттер, ұялы телефондар және т.б.) білім алушылардың дербес немесе бірлескен жұмысының нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді [3].

Осылайша, заманауи цифрлық ресурстар мен білім беру технологияларының мүмкіндіктерінің үйлесімі педагогке мемлекеттік стандарттың заманауи талаптарына сәйкес оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқытушы пәнді оқыту саласында АКТ-технологияларды қолдану дағдыларын жетілдіреді, ғылыми-әдістемелік даярлықтың өзіндік деңгейін арттырады.

Білім алушылар тартылатын оқу іс-әрекетінің түрлері кеңейеді, бұл ретте оқыту процесі алынған білімді практикалық қолдану арнасына бағыттайды. Студенттер ақпаратпен өз бетінше жұмыс істеу және оқу міндеттерін шешу үшін қажетті дереккөздерді іздеу дағдыларын жетілдіреді.

Нәтижесінде әр түрлі ақпараттық ағындарды бағдарлау және қажет болған жағдайда жаңа білімді игеру қабілеті қалыптасады. Білім алушылардың оқу нәтижесі үшін жауапкершілік аймақтарын кеңейте отырып, оқытуды даралау қазіргі заманғы өмірде тұлғаның одан әрі өзін-өзі жүзеге асыруы мен табысты қызметі үшін қажетті өзекті негізгі құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Крылова А. С. Формирование ИКТ-компетентности в процессе реализации образовательной модели «Перевернутое обучение»// Academy 2016, № 1(4).
2. Ищенко А. «Перевернутый класс» – инновационная модель обучения // Учительская газета. Независимое педагогическое издание [Электронный ресурс]: http://www.ug.ru/method_article/876
3. Ильченко О.А. Реформатика - шаг за шагом. // Материалы XIII научно-практической конференции «Образование завтрашнего дня: векторы развития технологий» (г. Екатеринбург, 31 октября 2018.): <http://aka.ms/reformatika>

ӘОЖ 372. 8:39

САҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ АҢДАР СТИЛІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының

Кемешев Д.А.п.ғ.д., профессор

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы

1 – курс магистранты **М.Ж.Жексенәлі**

Түйін

В статье рассматриваются зверинного стиля культуры Саков в этетической воспитании школьников. Содержание философии,психологии и педагогики Развитие культуры и наследие Казахстана

Summary

This article considers the guest ions on education youth national valut. Scientific works and about the life of the historical heritage of the scientists of Kazakhstan. The development of culture and the heritage of the ancient civilzations of the Great Steppe.

Қазіргі таңда Жаңа Қазақстан, әділетті Қазақстан құруда Сақ мәдениетіндегі аңдар стилінің жауһарларының көркемдік ерекшелігін атап өту өте заңды. Сақ өнерінде аң бейнелерінің философиялық ойы, психологиялық әсерлігі мен тәрбиелік мәні өте терең. Қазіргі таңда Қазақстанның мәдени мұраларын кеңінен баяндау бейнелеу өнер саласының орны ерекше. Сақ мәдениетіндегі өнер туындылары кең ауқымды әлем. Көркем өнер туындылары мазмұны мен көркемдік ерекшелігі тұтас болуы шарт. Осы орайда кез келген өнер шығармаларының мазмұндық құндылығына әсер етеді. Шығарманың философиялық ойы, психологиялық әсерлігі мен тәрбиелік мәні терең болуы суретшінің ұтымды жақтары. Ал туындының эстетикалық ерекшелігі

шығарманы орындау шеберлігі мен композициялық шешіміне байланысты. Әлемдік бейнелеу өнерінде Сақ аңдар стилінің жаухарларын жан-жақты қарастыру. Сақ мәдениетіндегі аңдар стилінің жаухарларының көркемдік ерекшелігі қазіргі таңда ғалымдардың өзекті нысандарының бірі. Өйткені аңдар стилінің орындалу жағы мен композициялық үйлесімділік шешімі өте сауатты орындалған өнер туындысы. Әр образдың тікелей адамның ішкі сезіміне әсер етуі. Мәне шығарманың ең құндылығы тәрбие десек қателеспейміз. Демек шығарма композициялық қағидаға негізделген көркем туынды.

Аң стилі көркем шығарманың мағанасы адам қиялына қанат бітіру, дүниені әсемдік тұрғысында қабылдау. Әсемдік әлемін табиғаттан іздейміз, табиғаттың әр-бір қас-қығым сәті бір ғажап дүние. Көркем өнер туындыларын сақтау мен дамыту арқылы әлемді құбылту. Табиғаттың жасампаздығына нұқсан келтірмеу, әсемдік әлемінде өмір сүру. Демек, суретші әсемдік пен қуаныштың жаршысы.

Сондықтан Сақ мәдениетіндегі аңдар стилінің эстетикалық ерекшелігін олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру. Мектеп оқушыларынан бастап көркемдік білім беру үлгісінде мақсатты түрде қалыптастыру. Жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін көркемдік білім беру. Қазіргі білім беру форматын реформалау «білікті адам» бағытталған білімнен «мәдениетті адам» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Табиғат көркемдігі шексіз дүние, адам осы табиғаттың қыр сырынан үйренеді. Жаңаша педагогикалық көз қарас мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу.

Осы орайда болашақ суретшінің эстетикалық тәрбие сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталу. Суретшінің кәсіби шеберлігін меңгеруде аң стилінің көркемдік ерекшегі зор ықпал етеді. Аңдар стилінің композициялық үйлесімділігі мен заңдылыққа толы екендігіне көз жеткізу. Зерттеу барысында аңдар стилінің ерекшеліктеріне қайраң қаласың. Стилизациялық шеберлік, формалар үйлесімділігі, тұтастық пен симметрия, монолитті, динамикалық қозғалыстың бейнесін байқайсыз. Композициялық шешімін таба алатын көркем мәдениеттің жоғары деңгейіне куә боласыз. Қазіргі заман суретшінің кәсіби икемділігін қамтамасыз етуне зор үлес қосады. Қазіргі суретшінің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне жету. Жаңашылдықты түсіне білуге, көркемдікті сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастыру. Қазіргі шәкіртті оқыту мен көркемдік білім беру тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Сақ дәуіріндегі адамдар өзін-өзі дамытуында философиялық, психологиялық факторлар әсер етеді. Адамның қаншалықты оның табиғат пен аңдар байланысын байқауға болады. Аңдар бейесін икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізген. Қазіргі таңда материалды меңгертудің жүйесін жасау мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Эстетикалық тәрбие беру барысында түрлі әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың аңдарға деген қамқорлығын ояту. Сурет салу әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Эстетикалық тәрбие беруде аңдар бейнесін түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.

Сақ мәдениеті оның ішінде аңдар стилінің Қазақ руханиятын әлемдік эстетикалық тәрбие процестің ішкі жүйесі ретінде қарастыра отырып, адамдардың рухани туралы таным түсінігін, әдеп-парасатын да айтқандай боламыз. Адамзат өздерінің парасат-пайымын, дүниедегі орынын, әлеуметтік болмысын айғақтайды. Қазақ руханиятында мифопоэтикалық кезеңде тірлік еткен бабаларымыздың діни құрсаудан ада болмаса да, әлеуметтік кіріптарлыққа түсе қоймағанын көреміз. Олар жалған дүние-тірлік парқын саралай отырып, әлем заңдылығына ұмтылған. Сақ мәдениеті рухани болмыстың өрелі куәсі, дәстүрлі өнер, осыған даусыз дәлел бола алады, көне кезеңнің өнер туындыларынан ұлттың мәдени-рухани, моральдық-этикалық және діни-идеологиялық қасиеттерінің негізделуін де айқындап алып, ол туралы жазылған еңбектердің өзі жеткілікті.

Қорыта келе қазіргі таңда Сақ мәдениеті әр оқу ордалары оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде зор үлес қосатыны даусыз. Қоғамымыздың түпкі-нәтижесі жастардың рухани санасының сапасын дамыту болып табылады.

Әдебиеттер

1. Муканов С. Народное наследие (на каз. яз.). Алма-Ата, 1974.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. -Алматы: Жазушы.1961. Б. 465. - 492 б
3. Ауэзов М. Мысли разных лет. - Алма-Ата. - 1959.
4. Ж.Алтаев, Т.Ғабитов, А.Қасабеков Философия және мәдениеттану Алматы, Жеті жарғы 1987
5. Ә.Марғұлан Қазақ сәндік-қолданбалы өнер. Алматы. Өнер.1986

ӘОЖ 371.1

STEM БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕТАПӘНДІК БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Есназар А.Ж.

PhD доктор

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Резюме

Проанализированы методические указания по выявлению особенностей учебного процесса. Проведен анализ трудов ученых, изучавших проблему обучения через «STEM», и учебников начальных классов. В результате определяются возможности формирования метапредметных умений младших школьников в условиях STEM-образования.

Summary

Methodological guidelines for identifying the features of the educational process are analyzed. The analysis of the works of scientists who studied the problem of learning through "STEM" and primary school textbooks is carried out. As a result, the possibilities of forming meta-subject skills of younger schoolchildren in STEM education are determined.

Кіріспе. Еліміздің білім беру процесін жетілдіруге бағытталған әдістемелік нұсқауда: «... білім алушылардың метапәндік және жеке тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуіне, олардың қабілеттері мен алған білімдерін қолдана отырып, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге дайын болуына, цифрлық технологияларды қолдана отырып, өзекті ақпарат негізінде шешім қабылдау» секілді мәселелерге ерекше мән беріліп отыр [1]. Бұл дегеніміз білім алушылардың метапәндік біліктерін қалыптастырудың қажеттілігін көрсетеді. Ал, метапәндік біліктерді STEM білім беру жағдайында қалыптастыру тиімді болмақ. Олай деуге негіз бар, себебі STEM бағытында оқыту білімді іс жүзінде қолдануға, мәселені шешуге, шығармашылық ойлауды, зерттеушілік қабілетті, топтық жұмыста коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етіп, «мектеп-қоғам-әлем» арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Осы орайда, STEM білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының метапәндік біліктерін қалыптастырудың мүмкіндіктерін анықтаудың қажеттілігі туындайды.

Материалдар және әдістер. Мақалада зерттеу мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау, модельдеу, салыстыру әдістерін қолдандық.

Отандық ғылымда STEM бағытында оқыту және метапәндік білікті қалыптастыру мәселесіне бағытталған зерттеулер бар, дегенмен жеткіліксіз. Атап айтсақ, STEM арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығын арттыру жолдарын Е.С.Ибраева, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін STEM білім беру жағдайында даярлау мәселесін Л.Е.Агеева, Е.Н.Агранович, ал метапәндік тұрғыда оқыту мәселесін Ж.А.Жұмабаева және т.б. зерттеді.

Е.С.Ибраева және Б.К.Шаушекованың пікірі бойынша, STEM жағдайында оқыту оқушының бойында ғылыми-техникалық қызметке қызығушылықты оятып, міндеттерді қою, оны шешу қабілеті мен инновацияға бағытталған жаңа нәрсе ойлап табу, нақты мәселелерді шешуге деген сенімін қалыптастырады [2]. Бұл бағыттағы жұмыстарды біз де зерттеу барысында қолданатын боламыз.

Л.Е.Агеева және басқа да авторлардың зерттеуінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына «Бастауыш мектептегі STEM-білім беру» және

«Steam – бастауыш мектептегі тәсіл» қосымша minor ретінде енгізудің жолдарын ұсынады [3]. Ал, А.С.Львова өз зерттеулерінде «Бастауыш мектептің білім беру процесінің STEM-технологияларының ақпараттық негіздері» атты модульді енгізу мәселесін қарастырды [4].

Сондай-ақ, Н.С.Муродходжаева және басқа да авторлар бастауыш сынып оқушылары метапәндік деңгейде әрекет етуге, зерттеушілік іс-әрекеттерін дамытуға, сындарлы және жобалық қызмет түрлерін игеруге мүмкіндік беретін «STEM-мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға білім беру» атты оқу бағдарламасын ұсынды. Бағдарламаның мазмұны төмендегідей модульдерден тұрады:

Бірінші модуль - «Лего құрылысы» - «Инженерия», «Көлемді дизайн», «3D модельдеу», «Дизайн» бөлімдері қарастырылады;

Екінші модуль - «Зерттеу қызметі»;

Үшінші модуль - «Работотехника және жасанды интеллект»;

Төртінші модуль - «Математикалық сауаттылық».

Бесінші модуль - «Ақпараттық және медиа технологиялар» [5].

Бұл бастамалар бастауыш сынып оқушыларының дизайн, модельдеу, работотехника сияқты қосымша білім қызмет түрлеріне деген қызығушылық пен қажеттіліктің артуына байланысты. Демек, бұл зерттеу интеграцияланған тәжірибеге бағытталған оқыту тәсілі ретінде қарастырылады.

С.М.Мусина және оның бірлескен авторлары шетелдің STEM жағдайында білім берудің тәжірибесіне талдау жүргізді. Талдау барысында «американдық мектептерде STEM-пәндері бастауыш мектептің бағдарламасына енгізілгенін, ал орта мектептерде STEM-оқыту бағдарламасы университет және бизнеспен өзара әрекеттесу арқылы іске асатынын» атап өтті [6]. АҚШ-тағы STEM мектептерінің негізгі бағыттарын атап көрсетті: бірінші бағыты - оқытуды жекелендіру; екінші бағыты - жобалық оқыту; үшінші бағыты - технологиялық дағдыларды қалыптастыру; төртінші бағыты - мәселені шешуге бағытталған оқыту; бесінші бағыты - командалық оқыту [7]. Сонымен қатар, басқа да елдердің тәжірибесін талдау барысында STEM жағдайында оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін бағытталған арнайы іс-шаралар ұйымдастырылады (кесте 1).

Кесте 1 - STEM жағдайында оқу процесін ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар

Ел	Бағдарлама, жоба, пән, мектеп атаулары
1	2
Финляндия	«LUMA» бағдарламасы
Канада	«Promo Science» бағдарламасы, «Искусство» пәні
Великобритания	STEMNET, «Engineers of the Future» (Болашақ инженерлер) жобасы, «STEM Ambassadors» орталығы, «STEM Clubs Programme» үйірмелері
АҚШ	«STEM Coalition» орталығы
Қытай	«Жасанды интеллект»
Сингапур	«Tanglin Trust Senior School» мектебі
Япония	«TOYO» мектебі

Ендеше, біз бұл тәжірибені оқу процесін STEM бағытында ұйымдастыруда негізге алғанымыз дұрыс деп білеміз.

Сондай-ақ, шетелдік ғылымда STEM бағытында оқытудың жолдарын жан-жақты қарастырған M.Sanders, J.M.Breiner, S.S.Harkness, C.C.Johnson, H.Ozcan, K.Pehlivan, C.Uluyol, M.Altunel, D.Akgündüz, M.Aydeniz, G.Çakmakçı және т.б.

H.Ozcan өзінің біршама зерттеулерін STEM бағытына арнайды []. Оның пайымдауынша, STEM жағдайында білім беру пәнаралық тәсіл арқылы іске асып, оқушылар мен мұғалімдердің оқуға деген қызығушылығы және ынтасын тәжірибе жасау арқылы арттыруға мүмкіндік береді. Біздің зерттеуімізге автордың «STEM eğitimi uygulamaları I» еңбегі құнды деп білеміз [8].

P.Kübra, U.Çelebi зерттеулерінде әр түрлі пәндерге негізделген STEM жағдайында ұйыстастырған сабақтардың мысалдарын ұсынып, жаратылыстану, математика, өнер, ақпараттық технология және т.б. сабақтарды пәнаралық байланыста оқытып, STEM жағдайында оқытудың нәтижесінде тұтынатын емес өнім өндіретін ұрпақ тәрбиелеуге болатынын көрсетеді [9]. Демек, технологияның дамуымен ақпаратқа қол жеткізу әлдеқайда жеңіл болып, жаңа өнімдерді енгізу мен өндіру қабілетін арттырып, білімнің жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, M.Altunel мақаласында: «STEM - бұл ғылым, технология, инженерия және математиканы біріктіру арқылы жеке білім алушылардың мәселелерін шешуге бағытталған пәнаралық тәсіл» деп қарастырады [10]. Автордың пайымдауынша, STEM білімі пәнаралық ойлау; зерттеуге негізделген оқыту; өмір сүру, жасау арқылы үйрену; проблемаға бағытталған оқыту; сыни және балама ойлау; өмірге негізделген оқыту және т.б. дағдыларды дамытуға бағытталған.

B.Yıldırım мен Y.Altun сияқты зерттеушілер өз зерттеулерінде STEM білім беру және инженерлік тәжірибелерінің жаратылыстану ғылымдарының зертханалық курсына әсерін зерттеп, нәтижесінде STEM білімі мен инженерлік қосымшалар білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсартуда тиімді екендігін анықтады. Авторлар STEM білімінің негізгі артықшылықтарын ұсынды:

- проблемаларды шешу дағдыларын дамыту;
- жеке адамдар өздерінің негізгі білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, инженерлік шығармашылық әлеуетін дамыту;
- логикалық ойлауының дамуына ықпал етеді;
- сенімділікті қалыптастырады;
- бұл технологияның табиғатын түсіндіруге және түсінуге мүмкіндік береді [11].

Жалпы, біздің байқағанымыз оқу процесін STEM білім беру жағдайында оқыту, бастауыш сынып оқушыларының метапәндік білігін қалыптастыру мәселесі отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде орын алған. Білім беру жүйесінің өзгеруіне сай бұл зерттеулер де жүйеленіп, өзгеріп келеді. Ендеше, бастауыш сынып оқушыларының STEM білім беру жағдайында

Қазіргі уақытта психолог мамандар адамға ең алдымен өзін дамытуға «self-realization» кеңес береді. Өзін дамыту, өзін жетілдіру арқылы өзі өзгергенде ғана жанындағы адамдарға жағымды ықпал етіп, өзгеге өнеге болатынын айта келе, қоғам мен әлеуметтің даму қарқынын тікелей жеке тұлғалық дамумен байланыстырады. Дегенмен, осы мазмұнды зерттеу сонау XX ғасырдың алғашқы ширегінде ғалым Жүсіпбек жазған «Психологиядан» бастау алатынын біреу білсе, біреу білмес. «Ескі психология мамандары психологияның негізі өзін бақылау деп санаған» деп жазады Жүсіпбек Аймауытов. Тәжірибелік психологиядағы соңғы зерттеулер өзін-өзі бақылау (интроспекция) арқылы адамға өзін-өзі тануға, талдауға және өзінің мінез-құлқы, іс әрекеті мен белгілі бір жағдайларға байланысты эмоциялары, сезімдері туралы ойланып талдай келе, фокусын «өзін-өзі дамытуға» шоғырландыра отырып, өзін дамытуға жеңіл мотивацияланатындығын айтады.

Ж.Аймауытовтың «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбегінде қазақ халқының ұлттық тұрпатындағы байқампаздық қабілетін жеке бөліктерге жүйелеп, ғылыми бақылау әдісін ұлттық қазақи болмыс-бітімдегі сипаттармен байланыстырып түсіндіруге тырысты. Осы орайда, автор «бақылау әдісінің» бірнеше үлгісін ұсынады. Айталық, 1) сыртқы сезім мүшелерінің жай-күйі; 2) түйсік өткірлігі; 3) үстем көңілі; 4) жады; 5) қиялы; 6) ілтипаты; 7) ойлауы; 8) сөйлеуі; 9) дінге деген көзқарасы; 10) құлық сезімдері; 11) әдемілік сезімдері; 12)

өз басындағы сезімдер; 13) өзгелермен қатынастағы сезімі; 14) қайрат (ерік); 15) күндегі ісі; 16) өзге адамдармен қарым-қатынастағы қылығы; 17) тұқым шежіресі.

Ғалым Ж.Аймауытов: «Әркімге өзінің басынан кешірген хал-жайын күнделікке (дневник) жазып отырудың да өзін бақылауда маңызы күшті. Күнделікте адам өз түрін айнаға түсіріп, өзіне-өзі есеп береді. Кейде өткенде жазған сөздерін көріп, жазушы, өзіне-өзі таң қалады. Өткендегі «мен» мен қазіргі «меннің» зор айырмасын тапқанда, «меннің» терең сырлы, ұғымсыз екендігі айқындалады. Жан мен тән дүниесіндегі әрбір құбылыста бір себеп болмақ» дейді.

Сондай-ақ ғалым-педагог «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбегінде адамның «өзіне сай өнер таңдау» маңыздылығына тоқтала келе: «Адамның өзінің қабілетіне сай келетін өнердің түрін таңдау» маңыздылығын атап өтті: «Адам белгілі бір өнерге, іс-әрекетке бейімделген туылғаннан бастап туады. Басқаша айтқанда, әр адамның бір нәрсеге, шеберлікке, шеберлікке, ақылға, біреуге мал бағуға, біреуге, біреуге жазушы, біреуге дәрігер, біреуге деген қажеттілігі бар.сауда. Кім өз жолымен жүрсе және қызмет етпесе, ол өзінің басына да, қоғамына да үлкен пайда әкеледі... қайғы - қасірет бірдей: сирек кез келген адам шудан өз жолын табады. Өзінің басты мақсатын мәңгілікке ұмытып, әлеуметтік қызметке толығымен берілген адам болу мүмкін емес! Мұндай адам аз-аз. Біреу зайырлы өмірге көп еңбек жұмсайды. Біреу баяулады және өзінің басты мақсатын көбірек сағынды. Мұндағы айырмашылық бір... Сіз қайтып келгенде, сіз бірден жеке тұлғадан да, қоғамнан да пайда көресіз бе? Әлеуметтік тілек пен жеке тілек қай уақытта қиылысады? Әр адам өзінің табиғаты, ақылдылығы үшін өз орнында қызмет етеді».

Қазіргі қоғамда орта жас дағдарысына келген тұста мамандығын түбегейлі өзгертіп, өмірінің бел ортасынан асқанда өзін қай саладан іздерін білмей қаңтарылып тұрған адамдардың стресске ұшырап, тіпті депрессияға шалдығып жүрген жайларының жиі куәсі болып жүрміз. Бұдан ғалым Жүсіпбектің мамандық таңдау жайлы құнды ойлары өзіміз өмір сүріп отырған қоғам мәселелерімен де тікелей үндесіп отырғандығын байқаймыз.

Ж.Аймауытовтың «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты зерттеу еңбегін жазудағы мақсаты – Қазан төңкерісінен кейінгі жаңа заман жағдайында жастарға мамандықты дұрыс таңдай білуге бағыт-бағдар беру. Бұл еңбекте зерттеуші сол кезеңде-ақ тәжірибелік психологияның ең танымал әдісі – сауалнама, анкета әдістері арқылы адамның болмыс-бітімі мен қалайтын ісін, таңдайтын кәсібін, келешегін анықтауға болатынын дәлелдеген [3].

Осыған байланысты біз жыл сайын университет қабырғасына жаңадан келген студенттердің таңдаған мамандыққа деген икемділігін, қызығушылығы мен қабілеттілігін анықтау мақсатында кәсіби бағдар жұмысы мен профессиограммада ғалымның осы бақылау әдістері кеңінен қолданылуда.

Адамның мамандықты дұрыс таңдауы әлеуметке мол септігін тигізетінін айта келіп, автор: «Өмір бойы өз жолына түсе алмаған адам бір пұшайман сорлы жан-дағы. Өз жолында қызмет ету – ырыстың басы» – дейді. Бұл қазіргі таңда

тек әлеуметтану мен психология аясынан да кеңге таралып қоғамдық, қала берді жаһандық мәселе болып отырған «кәсіптік бағдар», «дұрыс кәсіби бағдарлану» тақырыптарының мәнін ашады. Осы тақырыптың өзектілігіне байланысты 2023-2024 оқу жылына арналған университетіміздің «Педагогика және психология» оқу жоспарына:

- «Кәсіби бағдар берудің заманауи жүйесі: теория»;

- «Кәсіби бағдар бойынша кеңес беру: практика»;

- «Кәсіби бағдар: жас ерекшеліктер» сынды пәндері енгізілді. Аталмыш пәндердің силлабусы мен оқу бағдарламасын құруда ғалым Ж.Аймауытовтың еңбектері мен зерттеулері қолданылуда.

Сонымен, қорытындылай келе ұлттық психологияны дәріптеу мен дамыту ісінде оның іргетасын берік етіп қалап кеткен ғалым Ж.Аймауытовтың еңбектері мен идеяларын заманауи талаптарға сай жаңғырта отырып іске асыру – сергек саналы жас ұрпақ үшін рухани ұлы мұрат іспеттес.

Әдебиеттер

1. Аймауытұлы Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995
2. Жарықбаев Қ.Б. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. – Алматы: Білім, 2000. - 76 б.
3. Ж.Аймауытов. Жан жүйесі мен өнер таңдау. //Мектептегі психология. 2008 ж.

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАР МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘӨЖ

АЛАШ АРДАҚТЫСЫ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ АФОРИЗМДЕРІ

Сағымбай Жұмағұл

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

Қазақ руханиятының кемелденуіне өлшеусіз үлес қосқан Жүсіпбек нақылдары – ұлттық ұстынға айналған қастерлі құндылық. Өр мінезімен халқының құрметіне бөленген асыл сөз алыбы журналистика, көркем аударма, әдеби сында өзіндік өрнегін қалдырды. Ұлт топырағында тыңнан тамыр жайған педагогика, психология ғылымының негізін қалаушылар көшбасынан табылды.

Бастапқыда Баянауыл, Кереку мектептерінде, кейіннен Семей оқытушылар семинариясында білім алған Аймауытұлы аласапыран дәуірде қоғам ісіне кірісіп, қайраткерлік тұлғасымен көрінді. Ұлт зиялыларымен етене араласып, әлеумет жұмысына жегілді. Мемлекеттік басқару және ұлт автономиясы бойынша шешімдер қабылданған Семей облыстық қазақ сиезіне қатысады. Алаш үні

«Сарыарқа» -(1918-1919) газетінде мақалалары -жарияланады. М.Әуезовпен «Абай» (1918) журналын шығарады. Қазақ АКСР Халық ағарту -комиссариатында, Семей губерниялық оқу бөлімінде, Ташкенттегі Қазақ институтында, «Қазақ тілі» және «Ақ жол» газеттерінде, Шымкент педагогикалық техникумында, Қарқаралы мектебінде еңбек етті.

Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртқан Алаш элитасының сарабдал саяси қадамдарын қолдаған Жүсіпбек «Енді қазақ елеулі ел болам десе, -санаулы сыбаға алам десе, алатын кезі келді. Алғанда -немен алады? Әрине, белдесіп, теңдесіп отырып айтысса алады. Белдесуге күш керек, теңдесуге жол керектігін» ұрпақтар сабақтастығының өрелі де өміршең биігінен ұғындырды. Алаш автономиясына қол жеткізудегі жанкешті тайталасты «Әлде болса, «Ханның қара сыбағасы» деп алдымызға әкеліп беретін автономия жоқ, бұ заманда сыбаға ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен алынады» (Қазіргі саяси хал), «Бұ күнде тіршілік күресінде майданға түспеген, мәдениетке талпынбаған жұрт болмайды» (Қазір екі нәрсе керек) деген кесімді ойымен үстеді. «Артынан елі ермеген басшы – басшы бола алмайды. Басшының артынан ермеген ел – ел бола алмайтынын» айтқанда, «Қараңғыда қан жылап қаңғырған күнде басыңды алаш жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз» Әлихан Бөкейхан бастаған үркердей шоғырға тірек болудағы әлеумет міндетін айқындады. Отаршылдықтан арылған арда жұртының саяси хұқына қатысты «Адам баласы өзінің тұрмысын түзеуге ерікті» (Мемлекет құрылысы) екенін нығырлап, «Алаш Орданың қазіргі мақсаты – қазақты жұрт қылып, автономия алу» (Қазіргі саяси хал) (Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме), мақалалар, хаттар. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. 6 том. 334-б.) болып отырғанын ақ алмастай ойымен шегеледі. Алаштың тұңғыш құрбаны атанған мұраттасы Қазы Нұрмұхаметұлының ерлігіне рух асқақтығын дарытты: «Өкінбе! Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің».

«Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай» кемеңгерлігіне бойлап, Қаражан Үкібайұлы сынды ұлт меценаттарының қаржылай демеуімен «Абай» журналын жарыққа шығарған Аймауытұлы «Қазақта қашаннан білгіштің соңынан ергіштік береке барын» (Журнал туралы) дұрыс көрсетті. «Бұл заманда жан сақтауға, бас қорғауға, тұрмысты түзетуге қалып отырған құрал – өнер, ғылым, қысқаша айтқанда – мәдениет» құдіретінен асқан күш жоғына иландырды. «Оқымай мәдениет жоқ: мәдениетсіз ел, қандай кәп болсын, күшті болсын, ұлтшыл болсын, ұлттығын сақтап, табанды ел болып тұра алмайды» (Қазір екі нәрсе керек) деген ұлағаты маңызын жойғаны жоқ.

«Ерінбей еңбек етуге таудай үміт, табанды қайрат, шамдай мұрат (идея), жалынды жүрек, терең білім керек» (Асыл қазына жиналса екен) дегенде «Тіршілік дегеніміз – дүнияға келу, ішіп, жеу, өлу ғана емес, ойлай білу» (Әдебиет) екенін түрлі тақырыптағы ой-толғамдарына үзілмес желі етіп отырды.

Жүсіпбек – қазақ классикалық әдебиетінің белді өкілі. Сондықтан «Әдебиет – ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі – көркем өнердің

басты тақырыбы» (Ж.Аймауытовтың А.Байтасовқа хаты) болып қалатынын эстетикалық үйлесімде түйсінгендіктен, «Абайдан соңғы ақындар», «Абайдың өмірі һәм қызметі», «Мағжанның ақындығы», «Әдебиет мәселесі» (Талқыға), «Көркем әдебиетті саралау», «Әдебиет мұралары», т.б. мақалаларымен қазақтың асыл сөзін, әдебиет алыптарын пролеткульшілдік -саяси қаралаулардан қорғауды суреткерлік парызы -санады. Интеллектуалдық өрісі мен өресі бөлек проблемалық әрі полемикалық мақалаларында өнер поэтикасын теориялық саралауға, қаламгерлер шығармашылығының психологиясын бажайлауға объективтілікпен келді. Ұлттық, адамзаттық құндылықтарды қылбұрауға ала бастаған әміршіл-әкімшіл жүйеге қарсылығын «Әдебиет бақалшының қоржыны емес, қотанда жатқан қықым-сиқымды балалар алдап сатып тыға беретін» (Абайдан соңғы ақындар), «Өзі өмірді анық, жете біліп, өзгелерге жөн сілтеп, қараңғыны жарық, бұлдырды ашық көрсете алмаған ақын – ақын емес» (Мағжанның ақындығы), «Өлең еместі өлең деп, жұрттың алдына тартуымыз ұят. Бұл туралы өлеңшілер ойлану керек» (Көркем әдебиетті саралау), «Әдебиетке баға берген ел ақынға етік тіккізбес болар» («Жоққа» ескерту), «Жазушылық, ақындық сүйекке бітетін өнер: қанша машықтаса да, кім болса сол жазушы бола алмайды, кемелдікке жете алмайды» (Жан жүйесі мен өнер таңдау) іспеттес нақылдарымен жеткізді.

«Ақынның жүрегі не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейтінін» (Абайдың өмірі һәм қызметі) түйгенде, «Мағжан – табиғат қойнында туып, табиғат анасының бауырында өскен нағыз табиғат ұлы» (Мағжанның ақындығы туралы) бағытындағы эстетикалық талдауларын классикалық филология қағидастарымен дәйектеп отырды. «Тіршіліктің ауыр соққысына иленіп күйсіз, құл болып жүрген өнер өркендемек емес. Жақсы нәрсе шығару үшін қамсыз тұрмыс, көтеріңкі көңіл керек. Күйсіз жүйрік жүгірмейді» (Қазаққа пайдалы жас талап), «Әдебиет – өнер. Өнер азды-көпті еркіндік тілейді» (Әдебиет мәселесі Талқыға) деп шығармашыл тұлға азаттығын, сөз бостандығын қызғыш құстай қорғады.

«Жүрекке, ихтихатқа, иманға қолқа салу кімге де болса зорлық, әсіресе ақынға зорлық» (Ардақты Мағжан!), «Ақын – елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жайынан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемекші» (Ашық хат Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына атсалысыңыздар), «Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын, оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде» (Мәшһүр аға!), «Әдебиетті сынауға жалаң саясатқа сауатты болу жетпес, әдебиетші де, ғалым иесі де болу керек» (Әдебиет мәселесі Талқыға) деген ақ жүрек ердің әдеби сын әдіснамасы, өнер стихиясы, сырлы сөздің әсемдік әлемі, рухани кеңістіктің ұлттық өзегі, кеңес идеологиясының қасандығы хақындағы нақылдары өрелі тақырыптарға батыл бойлауымен өміршең.

«Адамның жанына азық беретін, жабыққан көңілдің пердесін көтеріп, ой сәулесін жіберетін, адамды тербететін, оятатын (музыка) күй саймандардың үні, тамылжыған тәтті әндер болады» (Музыканың пайдасы), «Жалпы мәдениет,

әдебиет мәселесі – әрбір ұлттың тарихының төрінен орын алатын қиын мәселе» (Ән-күй жайында), «Көңілдің көлеңкесі ән-күйге түседі. Әдебиеттің айта алмағанын ән-күй айтып береді. Күй халықтың жүрегі ғой, жүрек қалай қақса, әуез де солай толқымақ, бармақ та солай билемек. Ән-күй қазақ тарихына бір қымбат дерек, ән-күй (музыка) ұлттықтың бір нысанасы» (Күйлерді жинау керек) (Қараңыз: «АҚ ЖОЛ». Көптомдық. 21 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, Үсен Жанбайұлы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т. 21. – 2020. 339-б) сипатында ой сабақтаған энциклопедиялық білім иесінің музыка, театр, өнер хақындағы «Театр кітаптарын қалай көбейтеміз?», «Театр кітабы туралы» (Театр кітапсыз түрленбейді, көгермейді), «Музыканың пайдасы», «Ән-күй жайында», «Күйлерді жинау керек», т.б. толғаныстарындағы нақылдары өнертанудың тылсым иірімін екшеудегі жаңашыл қадам болуымен сипатталады.

«Адамшылықты, өнерді сүйген таза жүректе біреуді олай, біреуді бұлай ұстайтын тар мінез болмайды. Адам табысы адам баласына ортақ. Қазақстан Затаевичтерді адал ұлындай көру керек» деп білген әнші, композитор Жүсіпбек өнерпаздығына ұлы даланың музыкалық мұрасын жаңғыртушы А.Затаевичтің сүйсінуі тегін болмаса керек.

«Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды» (Асыл қазына жиналса екен) іспеттес нақылымен ұлттық құндылықтарды ардақтауға, елдік қасиеттерді қастерлеуге үнемі ой салып отырған Аймауытұлы «Ұлтты сүю» мәселесіне жанкешті толқынның жаңаша өредегі танымымен үнілді. Ұлтыңды сүю өткеніңе орынсыз тамсану, бұрынғыңды жөнсіз дәріптеу, қандасыңды мән-мағынасыз мадақтау емес екенін ұғындырды. Өркениет аламанында озғандар тағылымы, оқығандар міндеті, жұртқа қызмет ету қағидаттары байыпталған толғамындағы нақылдары ұлттық ойлау жүйесіне сыни көзқарас дарытты. Аламан ғасырдағы қандасының ойлы, арлы, жігерлі, харакетшіл болуын діттеген арман-аңсары көрініс тауып жатты.

«Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін қызмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр».

«Оқығандар өзін-өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан жиренбей, жақын жүріп, сырласып, мұң-мұқтажымен таныс болып, өзі ұлтын сүйуге, халыққа өзін сүйгізуге жаһат қылуы керек».

«Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғамыз, олай болса, мойынымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр».

Санаткер «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (1926), «Комплекспен оқыту жолдары» (1929) іргелі еңбектерімен қазақ ғылымында педагогика, психология ілімдерінің негізін қалап, тың ізденістер мен жаңа бағыттарға жол ашты. «Бізді ерекше таңғалдыратыны – адам психологиясын зерттеуде математиканы, оның вариациялық статистика

дейтін саласын қалайша пайдалануға болатындығы жайлы мәселе. Қазақ топырағында мұны Аймауытовтан басқа ешкім күні бүгінге дейін көтермеген. Біздегі ғылыми психологиялық терминдердің алғаш жүйеге түсуі де Аймауытов есімімен байланысты» (Қ.Жарықбаев). «Психология» оқулығында 320 шамасында термин қолданылған (Ш.Құрманбайұлы).

«Тәрбие», «Әдет заңы», «Бұл әдеттен арылу керек», «Жастар кім?», т.б. мақалаларындағы нақыл сөздері ұлттық болмыстан суарылған шешендік қуатымен әсерлі де әуезді. «Адам баласына дене тәрбиелеудің үстіне жанын (рухын), ақылын, сезімдерін, жігерін-мінезін тәрбие қылу керек. Денесі мен жаны бірдей тәрбиеленбеген кісі сыңар жақтау бола беретінін» (Тәрбие) зерделеуімен жантану ілімінің терең қатпарларын үңгиді.

«Тәрбиеге туған жұрттың тіл, мінезі, тұрмысы да әсер қылмақ. Қысымшылық көрген, жасқаншақ болған, жалыншақ, жабыңқы елдің баласы да сондай болмақ. Ашық көңілді, сауықшыл ер-жұрттың баласы да сауықшыл ер болмақ. Діндар елдің баласы діндар келеді» (Тәрбие).

«Жылауық, байбалам, жалыншақ, сұраншақ, жағыншақ, жарамсақ елдің жаны құл болады» (Бұл әдеттен арылу керек), т.б. нақылдары ұлттық тәлім-тәрбие ерекшеліктерін бағамдаудағы келелі мәселелерді көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің дамуына еңбек сіңірген ұстаз, әдіскер, лингвист ғалымның ана тілі, емле, әдістеме, терминология хақындағы «Қазақ тілін іске асыру қамы», «Емлені өзгертуге жоба», «Жазу таңбамызды азайту туралы жоба», «Жазу мәселесі туралы соңғы сөз», «Ана тілін қалай оқыту керек?», «Пән сөздері қалай табылады?», «Тіл туралы», «Қазақша қат таныту әдістері», «Қат таныту әдістері», «Үлгі мектептері керек», «Мектеп қандай болу керек?», «Емлені оңайлату жобасы», «ҰУ, ЫУ, ІУ, ҰУ (Емле жайында айтыс ретінде)», «Емле, әріп жайынан (айтыс ретінде)», «Дәйекші жөнінен» (жаңа әліппешілер сиезінің қарсаңында), «Жаңа әліпби емлесіне түсінік», «Әдебиет тілі мен емле (ойласу ретінде)», «Ана тілінің оқыту әдісі (Қат таныту алдындағы жұмыс)», «Жаңа әліпті тез үйрету жолы (барлығы 6 сағатта)» (Қараңыз: ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2013.) ғылыми мақалаларының айшықты өрнектері ұлттық бояуы қанық нақылдарға табан тіреп отырады.

«Қазақ жоғалса, тілі де жоғалады: жасаса, өркендесе, тілі де өркендейді» (Жазу мәселесі туралы соңғы сөз).

«Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдемесең, уысына түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңылау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол – дене). Балаға сөйлеңіз (тындасын!), жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез меңгеріп, тоқып алады. Сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек» (Ана тілін қалай оқыту керек?).

«Білім – бір судағы меруерт, шеңгелдемесең, уысыңа міз ілінбейді. Білім – бір алтын балық, қармақты тұс-тұсынан қами салсаң, жылп береді. Білім – бір

қызыл түлкі, қағушыны қаптатып, үстінен құс салып, астынан ит жүгіртіп, толайламасаң, ұстатпайды. Білім ұстайтын сол құралдар бізде бар ма? Бар. Көз – бүркіт, құлақ – қағушы, тіл – тазы, қол – қармақ, ой – шеңгел. Сөйлеңіз – бала тындасын (қақсасын), жазыңыз – көрсін (шолысын), сөйлетіңіз – тазы боп қусын, жаздырыңыз – қармақтансын, сұраңыз – ойлансын, оқысын, сабақ сайын есте болатын ереже, әдіс осы» (Ана тілінің оқыту әдісі).

«Тіл» деген нәрсе біліммен бірге өсетін, өрбитін жанды нәрсе. Тілдің өсіп, өркендеуі де табиғи жол болу керек. Жанды нәрсе өз ағынымен, өз еркімен, қысылмай, зорлық көрмей, өсіп жетілмек. Мәдениетіміз күшейсе, тіліміз өзінен-өзі күшейеді» (Пән сөздері қалай табылады?).

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ұлт қайраткерлерінің саяси және рухани мектебінде шыңдалған Жүсіпбек 1920 жылдардағы аштық алапатында азаматтық парызын өтеуде иісі қазақ баласына өрнек шашты. Семей губерниялық Аштарға көмек комиссиясының уәкілі қоғамдық қызметін атқарған қайраткер «Ашыққан ел һәм Семей азаматтары» (Ақ жол. 1922. 25 апрель), «Атқа мін азамат!» (Ақ жол. 1922. 15 июнь), «Торғай аштарына апарылған жәрдем туралы» (Ақ жол. 1923. 27 май) мақалаларымен дүйім жұртты қасіретке тап болған қандастарына қорған болуға үндеді.

«Қазіргі мемлекет жұмысының ең зоры, ең тығызы – аштарға жәрдем беру. Россияда отыз миллион-дай халық ашаршылыққа ұшырап отыр. Біздің Қазақстанда үш жарым миллион ел аштық ажалының құшағында» («АҚ ЖОЛ». Көптомдық. 7 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т. 7. – 2020. 306-б) екенін нақты деректермен бекітіп, осынау қиын-қыстау күндердегі әлеумет жауапкершілігін жеріне жеткізе айтты.

«Қазақтың үлеспеген еншісі бар. Қазақтың бірінен-бірі жейтін қонағасы, алатын қолқасы бар. Аштарға жәрдем беретін малым кісіге беретін қонағасым, қимас досыма беретін қолқам деп ойласын. Бұл қолқа берілетін жолды бірінші туысқандық бауырлығы, қарындастығы үшін беруге, екінші ұлтты сақтау үшін, қазақ атын жоғалтпас үшін беруге, үшінші әлеуметшіл, адамшыл, азаматтық борышымызды атқару үшін беруге міндеттісіздер» (Жүсіпбек. Атқа мін азамат! // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 7 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 308-бет).

«Қырылып жатқан елді ажалдан құтқару көп көмек керек қылды. Ашаршылықпен алысудың қасында өзге жұмыстың бәрі ойыншық көрінді... Семейдің губерниялық аштар комиссиясы Қазақстанның орталық комитетімен телеграмма арқылы тілдесіп, осы жобамен іс қылуға рұқсат алды. Май айынан бастап Семей азаматтары түгел атқа мінді. Сатбаев, Ермеков, Сәрсенов, Шынарбаев, Ғаббасов, Кочиков, Дулатов, Әлімбеков, -Аймауытов, Бөгенбаев, Қарабаев, тағы толып жатқан жүзден артық кісілер жәрдем жинауға кірісті» (Аймауытұлы Ж. Торғай аштарына апарылған жәрдем туралы // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 11 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан

транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, Үсен Жанбайұлы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 262-бет).

«Көз жасымызды көргендерге амандық берсін, тәңірі жарылқасын!». Семейден Торғайға екі рет мал келді, алдыңғы ретте 4249 қара, соңғы ретте 3836 қара, барлығы 8085 қара; мұның 2711-і жылқы, 5189 сиыр, 185 түйе.

...Бұрында талай жұттар болған, бірақ мұндай жәрдем еткенді көз көріп, құлақ естіген жоқ. Бұл жәрдем шын ағайындық, адамгершілікпен етілген жәрдем, мұны алушылар түсініп, күн -сайын мың-мың алғыс айтып отыр» (Семей елін тәңірі жарылқасын! // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 9 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 191-бет).

«Партия», «Қазақтың өзгеше мінездері», «Ұлтты сүю», «Қазақ партиясын жою туралы бір-екі ауыз сөз», т.б. мақалаларымен әлеумет санасы, қоғам тынысындағы кейбір кем-кетіктерге сын көзімен қараған тектінің «Сотты сұрыптау» мақаласында «Жауыздықтың мұрты қисайған жоқ. Енді бұған не дауа?» («АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 6 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т.6. 103-бет) деп күйінуі тегін емес еді. «Еңбекші қазақ» газетінде Аймауытұлына жала жабылды. Орынсыз ғайбаттауға жауап жазған қайраткер (Жүсіпбек. Жауап // Қазақ тілі. 1923. №42) атақты «Торғай ісі» бойынша қуғын-сүргінге түсті.

«...Жеке адамдарға, қызметкерлерге мал бергенде комиссияның ұйғарған адамдарына ғана бердім. Малдың дұрыс бөлінуіне, мұқтаждарға, аштарға берілуіне көңіл бөлдім. Бірақ елмен таныс болмағандығымнан кеткен қаталар болмаса, мал бөлу жөнінде орынсыз қиянат істеген жоқпын» (Жүсіпбек Аймауытұлының жауабы // Социалистік Қазақстан. – 1990. – 20 қараша. Материалды газетке әзірлеген Дихан Қамзабекұлы) деген арлы азаматқа қатысты қанды қол биліктің имансыз үкімі шықты (Қараңыз: Қаленова Т. Жүсіпбек Аймауытовтың қуғындалу -тарихы немесе «Торғай ісі» сот процесі // e-history.kz › news › show).

Сол бір тұманды жылдардағы бейуақ күндердің куәгері әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаев Жүсіпбектің азаматтық тұлғасын тебіреніспен еске алды: «Сот үш күнге созылды. Үшінші күні Жүсіпбек соңғы сөзін сөйледі. Оны түгел жазып алған екен, мәнерлеп оқып шықты. Залда отырған көпшілік өте риза болды. Соңғы сөзін Жүсіпбек түгелдей қазақ халқының әдет заңы негізіне құрған еді. Асылы -былай болды: «Қазақ ежелден қарыз беріп, қарыз алады; құн беріп, құн алады; қалың мал береді, қалың мал алады. Сонда ол бірінен-бірі ешуақытта қолхат алмайды; ешбір протокол жасамайды; Бәрін ауызша, сөзбен жүргізеді. Бұл әбден әдет болып кеткен.

Аштарға жәрдем беріп үлестіргенімде менің -бойымда да, ойымда да осы заң күшті болды. Мен атам қазақтың осы заңын ұстандым. Аштарға не берсем де, ешқайсысынан қолхат алмадым. Хат білмейтін, аштан көзі қарайып, өлейін деп отырған адамнан қолхат сұрауды қолайсыз көрдім» дегенді айтты» (Қараңыз:

Кенжебаев Б. Телегей теңіз (Жүсіпбек Аймауытов жөнінде есімдегілер) Алғы сөзін жазып, әзір-леген Құлбек Ергөбеков // Лениншіл жас. – 1989. – 6 январь).

Түйіп айтқанда, ұлт перзентінің қайраткерлік болмысы, шығармашылық тұлғасындағы қайталанбас қасиеттерін жаңа ғасыр биігінен тану үрдісі толастамақ емес. Ұлтына алғаусыз қызмет еткен Жүсіпбек нақыл сөздері Алаш өркениетінің -рухани қайта түлеуіндегі мәңгілік сарқылмас қазынасы болып ғасырлардан ғасырларға ұласа бермек.

**Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР148770415 «Алаш кезеңі әдебиеті: интегративті фольклортану контексті және жаңа ғылыми парадигма» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

ӘӨЖ

Ж. АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ «ЖАҢАБАЙДЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ТРАГЕДИЯ» ӘҢГІМЕСІНДЕ ҰЛТ ТАҒДЫРЫНЫҢ СУРЕТТЕЛУІ

Қайырбек Кеменгер

филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

E-mail: KKemenger@mail.ru.

Түйін

Алаш кезеңі әдебиеті – мазмұны мен идеясы, көркемдік сипаты елдік мұрат, ұлттық мүдде аясында қалыптасқан азаматтық тарихымыздағы бай рухани қазынаның бірі. Аталған әдеби мұраны жинау, жүйелеу, зерттеу үрдісі еліміз тәуелсіздік алған уақытта біршама қалыптасты. Алаш әдебиетіндегі фольклорлық дәстүр белгісі көрнекті қаламгер Ж.Аймауытұлының «Жаңабайдың жанындағы трагедия» әңгімесінде. Аталған шығарманың белгілі тарихи кезеңде жазылу себебі айқындалады. Соның ішінде социофольклортану аясында шығарманың мазмұны мен идеясы ашылып, әңгіменің көркемдік шешіміне, идеясына әсер еткен фольклорлық мотивтер, мысалдар, кейіпкерлер көрсетіледі.

Резюме

Литература Алашского периода – одна из богатейших духовных сокровищ нашей гражданской истории, содержание, идея, художественный характер которой сложились в рамках национального наследия и государственных интересов. Процесс сбора, систематизации, изучения данного литературного наследия достаточно хорошо сформировался в период обретения нашей страной независимости. Проявление фольклорной традиции в алашской литературе анализируется на основе рассказа выдающегося писателя Ж. Аймаутова «Трагедия в душе Жанабая». Определяется причина написания данного

произведения в определенный исторический период. В рамках социофольклористики раскрываются содержание и идея произведения, демонстрируются фольклорные мотивы, примеры, персонажи, оказавшие влияние на художественное решение, идею рассказа.

Фольклортанушы ғалымдар фольклоризмді кең мағынада түсінуді қуаттайды. Қаламгердің нақты фольклорлық материалмен тікелей ықпалдасуын ғана емес, сондай-ақ фольклордың синкретті сипатын есепке ала отырып, көркем шығармадағы халықтық мәдениет, таным құбылысының түгел жиынтық әсерін зерттеуге ұмтылады. «Фольклор мен әдебиеттің арақатынасын сыртқы «тоғысудан» ғана емес, олардың «өзгертілген» түрдегі байланысының заңдылықтарын ашуға тырысу керек» [1, 14 б.], - деген пікір бар.

Интегративті фольклортану контексіндегі Алаш кезеңі әдебиетін жаңа ғылыми парадигмалар тұрғысынан зерттеу – бүгінгі әдебиеттануда соны ізденіс саналады. Алаш кезеңі әдебиетінің жанрлық ерекшелігін эстофольклортану, әлеуметтік фольклортану, мифофольклортану, этнофольклортану [2] аспектісінде қарастыру арқылы біз көркем шығармалардың сол сипатта, мазмұнда, тақырып пен идеяда жазылуының кілтін айқындауға ұмтыламыз. Сондай-ақ фольклордың интегративтілік категориясы аясында алаш ренессанстық әдебиетін тұтас мазмұнының түсінуге әрекет жасаймыз. Бұл бағыттағы қазіргі ғылыми ізденістер қазақ сөз өнерінің ұлттану, елтану, аймақтану тұрғысындағы көркемдік-эстетикалық қуатын, фольклорлық мұраның ұлтты ұйыстырудағы идеологиялық арқауы мен рухани кемелденудегі тұғырын ұтымды пайдалануының әлеуметтік астарын тереңірек ұғындырады.

Мысалы этнофольклортану аспектісінде әдеби-фольклорлық байланыс Алаш кезеңі әдебиетінен айқын көрінеді. Кең мағынада фольклорлық-этнографиялық контекст арқылы мәтінді мәтіннен тыс фольклорлық-этнографиялық шындықпен байланыстыратын барлық нәрсені түсінуге болады. Екінші жағынан, аталған шығармада әдеби контекст ретінде трансформацияланған нақты бір фольклорлық және этнографиялық материалды айта аламыз. Ғалым У.Б.Далгат пікірі осы соңғы анықтаманы қуаттайды [3, 14 б.]. Мысалы Ж.Аймауытұлының «Қара бақсы» әңгімесінде Көшербай бақсы ауруға шалдыққан кейіпкерді емдейді. Кейіпкер сөзі халық өміріндегі «дерт көшіру» үлгісіндегі өлеңмен беріледі [4, 102 б.]. Сол арқылы алаш қаламгерінің шығармасына арқау болған наным-сенім ғұрпы фольклорына тән бақсы сарыны арқылы әдеби мәтіндегі фольклорлық-этнографиялық контексті байқаймыз.

Идеялық-эстетикалық бірлік аясындағы әдеби-фольклорлық интеграцияның негізі эстофольклортанудағы фольклоризм үдерісінен көрінеді. Фольклоризмнің ғылыми концепциясын анықтайтын әлемдік деңгейдегі тұжырымдар (М.К.Азадовский, Д.Н.Медриш, У.Б.Далгат, Д.С.Лихачёв, Н.И.Савушкина, Г.Г.Гамзатов, т.б.) бар.

Алаш қаламгерлері оқырманға айтар ойын фольклор арқылы тұспалдап жеткізуге тырысты. Фольклор сюжетін өз мақсатына пайдаланып, тарихи кезең шындығын халқына ишарамен, тұспалмен, жұмбақпен беруге ұмтылды. Мысалы М.Жұмабайұлы шығармаларында фольклордың әсері жарқын көрініс тапты. «Батыр Баян», «Оқжетпестің қиясында», «Ертегі», «Өтірік ертеке»,

«Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт», «Жүсіп хан» поэмаларында, «Жер жүзін топан басса екен», «Ақсақ Темір сөзі», «Тәңірі», «Бөбектің тілегі», «Пайғамбар», «Жұмбақ», «Бесік жыры», «Ескендірдің екі мүйізі», «Мені де өлім әлдиле», «Берниязға», «Түркістан» өлеңдерінде фольклор сюжеті мен жанрлық белгісі айқын көрінеді. «Өтірік ертеке» поэмасын автор Арлаудың «Мысық, тышқан» атты он төрт суреті бойынша жаздым деген ескерту жасайды [5, 152 б.]. Ол шығарма да фольклорлық форма негізінде жазылған.

Фольклор шығармаларының үлгісін Алаш кезеңінде жанрлық, тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық жағынан жаңа сапалық биікке көтерілген қазақ жазба әдебиетінде молынан байқай аламыз.

Мысалы алаш әдебиетінің көрнекті өкілі Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларында фольклорлық дәстүр мен сабақтастық айқын көрінеді. Жазушының «Жаңабайдың жанындағы трагедия» атты әңгімесінде кейіпкерлер есімін беруде, мазмұнында, стильдік қолданыста фольклор ықпалын айқын көре аламыз [4, 70-81 бб.]. Фольклорлық шығарма кейіпкерлерінің есімі арқылы халық оның мінезін, болмысын, кісілік келбетін, адамгершілік қасиетін, қоғамдағы әлеуметтік орнын, тұрмыс жағдайын, туыстық қатынасын меңзеген. Мысалы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Қарабай есімі кейіпкерге тегін берілмегені анық. Қарабай сертінде тұрмай аманатқа қиянат жасап, Сарыбай құдасы мерт болған соң, жетім қалған Қозыға қызымды бермеймін дейді. Ниеті қара, зұлымдыққа жақын Қарабайдың есімін халық ұрпақтан ұрпаққа жағымсыз бейнеде сақтап келді [6].

Ж.Аймауытұлы әңгімесіндегі бас кейіпкер есімі Жаңабай. Автор шығарма кейіпкеріне бұл есімді тегін берген жоқ деп айта аламыз. Әңгіме жазылған 1924 жылы қазақ даласында жаңа билік орнап жатты. Большевик билігі күшейе бастап, халықты таптық ұстаныммен, пролетариат диктатурасымен басқару жолға қойылды. В.Ленин өмірден озып, орнына қатал тәртіп ұстанған, әсіресе ұлттық саясат мәселесінде қатігездік танытқан И.Сталин дәуірі басталып жатты. Қазақ жері Алашорда тұсында жоспарланғандай біртұтас аймаққа, автономиялы елге айналмады. Түркістан өңірі пышақпен тілінгендей жеке ұлттық республикаларға бөлшектенді. Сан ғасыр қазақ құрамындағы ру-тайпалар тарихымен, Қазақ хандығымен тағдырлас Ташкент, Омбы, Орынбор, Астрахан сынды қалалар, мәдениет ошақтары, шекаралас өңірдегі жергілікті халқы қазақ саналатын аймақтар Қазақ автономиясынан тысқары қалды. Осындай саяси-әлеуметтік өзгерістер, қоғамда орын алған жаңалықтар алаш қаламгеріне есімді сол күйінде қоюына әсер етті. Жаңа қоғам, жаңа заман орнап жатқандығын байқататын шығарма кейіпкерінің есімін Ж.Аймауытұлы Жаңабай деп қойғанында жаңа заманның келіп жатқанын меңзеді. Ол заман қандай сыбаға тартатынын оқырман өзі болжай алады деп ойлады. Кейіпкер есімін Жаңабай деп атағанда жазушы фольклорлық дәстүрді ұстанғанын байқаймыз.

Әңгімеге арқау болатын оқиғаға автор өзі куә болған. 1921-1922 жылдары қазақ даласын жайлаған аштықты көзімен көрген, қырылып жатқан халыққа жәрдемдесу үшін басын құрбан етуден тайынбаған Ж.Аймауытұлы елдің шығыс аймағынан жиналған малды Торғай атырабына, батыс өңірге жеткізуге бел

байлады. Осы жанкешті қызметке алаш ардақтысы М. Дулатұлы бірге барғаны тарихи шындық [7]. Кейін жиырмасыншы жылдардың соңында қуғын-сүргін басталған кезде Ж.Аймауытұлы мен М.Дулатұлының жасаған сауапты ісі өздеріне айып болып тағылды. Алаш арыстары ішінде алғашқылар қатарында оққа ұшырауына да осы аштыққа ұшыраған халыққа жасаған жәрдемі себеп болды.

«Жаңабайдың жанындағы трагедия» шығармасы композициялық құрылымы жағынан қазақ әдебиетінде сол кезге дейін орныққан қалыпты әңгімелерден дараланады. Әңгіме басында кейіпкер шығармашылыққа жақын, жазғандарын баспасөзге ұсынып жүрген, алайда оларының көбі жарық көрмейтіні жайында айтады. Оқиға желісі 1922 жылы аштық жайлаған Жымпиды уезінде өрбиді. Қазақ даласының батыс өңіріндегі қайғылы қасіретті суреттеген Ж.Аймауытұлы бұл шығармасымен аштық тақырыбында алғашқылардың бірі болып әңгіме жазды. Кейін аштық қасіретін суреттейтін туындыларға тыйым салынғаны белгілі. Осының өзі алаш әдебиетінің даралық бір сипатын айқындайды. Ұлттық тақырыпты көтеруді мұрат санаған алаш қаламгерлері аштық сынды қасіретті тақырыпты көркем әдебиетте көтеруді ар санады.

Әңгімеде есімі аталмайтын кейіпкер Жымпиды жерінде бірге оқыған Қамит есімді жолдасының қайтыс болған үйіне көңіл айтып келеді. Көкірек ауруынан бақилық болған жолдасының есімі тегіннен Қамит деп аталмады деп санаймыз. Тегі араб тілінен енген хамит сөзінің түпкі мағынасы қадірлі, құрметті деген астар білдіреді. Бұл есіммен аталған адам иманды, Алланың түзу жолынан таймаған тақуа, байыпты, сабырлы жан болды деген мағына білдіріледі. Ж.Аймауытұлы өлең, мақала жазған Қамиттің тілегі дұрыс, жүрегі таза жан болғандығын осындай терең астарлы есіммен жеткізгісі келгендей. Жазушының кейіпкеріне бұл есімді таңдауынан да біз фольклорлық дәстүр сабақтастығын айқын аңғарамыз.

Қамиттан қалған қолжазбаларға, соның арасында өлең, әңгімелер жазылған жуан дәптерге қарық болған есімі беймәлім кейіпкер олжалы шығармаларды өз атынан жариялауға, сөйтіп елге танымал болуға, жазушы атунауға бел буады. Ол ісін оғаш көрмей, дәптердегі Қамиттің туындыларын жариялай бастайды. Бұл орайда Ж.Аймауытұлы шығарма кейіпкеріне есім бермеуінде де мән бар деп білеміз. Егерде кімде-кім біреудің атын пайдаланып, еңбегін жесе, адал жолмен танымал болмаса, жазушылық – ар ісі екенін сезінбесе, ұрлықпен, арамдықпен өмір сүрсе, оның есімі ел есінде сақталмайды деген үкім айтқысы келгендей. Жаңа орнап жатқан большевиктік заманда ондай дарынсыз алаяқ жазармандардың барын көрген, кейін көбейюіне алаңдаған көрнекті қаламгер Ж.Аймауытұлы әңгімесіндегі басты кейіпкердің есімін мүлде атамайды. «Қарапайым жұрт маған қол қоюлы, маған сол қанағат. Алдана берсін! Маған не керек?! Уралайын мейлі, жырлайын мейлі – жазушы атансам болғаны» [4, 71 б.], - деген ойда қалады кейіпкер.

Шығармада адам ішіндегі екінші адам мәселесі қозғалады. Қазақ әдебиетіне кейіпкер әлемінің екіге жарылу мотиві Ж.Аймауытұлы

шығармаларынан басталады. «Жаңабайдың жанындағы трагедие» әңгімесінен бұрын «Жас қазақ» журналының 1924 жылғы 5-6 сандарында басылған «Елес» шығармасында кейіпкер әлемінің екіге жарылудың жарқын үлгісі суреттеледі [4, 66-70 бб.]. Психологиялық астары терең әңгіменің жалғасындай жазылып, тағы да сол «Жас қайрат» журналының енді 7, 8, 9, 10 сандарында жарық көрген «Жаңабайдың жанындағы трагедиеде» автор оқырманға ой тастайды. «Оңаша отырған кезде, Қамит марқұмды ойлағанда маңдайыңнан суық тер шып-шып шығады. «Сен, жауыз, атаққа әуейленіп, жолдас атымды ұмыттың ба? Кімге қиянат етіп жүрсің?» деп көрде жатқан Қамит жағамнан сілкіп, қылғындырғандай болады» [4, 72 б.], - деп арамдықпен атаққа ұмтылған бұрынғы жоласын арсыз, сайқал, арамза, жүзіқара деп жазғырады. Мұндай қатал үкім айтқан кейіпкердің ішіндегі екінші адамы болады. Философиялық әрі психологиялық мағынасы терең әңгімеде ақыры ар жазасы жеңіп шығады. Қанша уақыт біреудің еңбегін пайдаланып, шығармаларын өзінің атымен жариялап келген Қамиттің ескі жолдасы елден кешірім сұрауға бекінеді. Осы орайда, кейіпкер ішіндегі екі адам тартысқан кезде арға жүтінгені сен адамбысың, Алдар көсемісің деп сұрақ қояды.

Жазба әдебиетте Алдар көсе фольклорлық кейіпкерінің есімі тегін айтылмайды. Алдар көсе – қазақ және көптеген түркі халықтарының фольклорында елді алдаумен, арбаумен күн көрген, тапқырлығымен, қулығымен айласын асырған жинақталған бейне. Халық фольклорында берік орныққан кейіпкерді атау арқылы Ж.Аймауытұлы фольклор материалына ырықсыз жүтінгенін байқаймыз. Сондай-ақ әңгімеде фольклорлық кейіпкер Қожанасыр да аталады: «Мынаны оқыған соң жүрегім тұрайын деді. Қожанасыр айтқандайын, «бір күні біреу теріні суырып алып, жүзімді айдай қылар ма екен» деп артым қып-қып етті» [4, 72 б.]. Егер фольклор мұрасында Алдар көсе айласымен, қулығымен күн көретін образ ретінде жинақталса, Қожанасыр аңғалдығымен, аңқаулығымен есте қалған бейне екендігі белгілі. Жазушы аталған фольклорлық кейіпкерлердің болмысын, мінезін тамаша біле отырып, оларды шығарма мазмұнын ашуға мысал ретінде сәтті пайдаланған дей аламыз.

Аштық тақырыбын көркем әдебиетте алғашқылардың бірі болып көтерген алаш қаламгері Ж.Аймауытұлы шығармасында кейіпкердің екіге жарылуының себебі анық. Өзінің айтқысы келген жүрек сөзін біреу арқылы жеткізуді мақсұт қылғандай. Сондықтан да аштық тақырыбын ашқан әңгімені мен емес, Қамит жазды деп ақталады. Идеологиялық қысым басталған уақытта көркем әдебиетте суреттелуге тиісті тақырыптар, сонымен бірге жабық, айтуға тыйым салынған оқиғалар, кейіпкерлер, халық тарихындағы трагедиялы кезеңдер нақтыланып жатқан кезеңде жазылған әңгіме авторын Ж.Аймауытұлының жұмбақтап беруінің себебін түсунуге болады. Автор кейіпкер ауызына мынадай сөз садлады: «Кісілік, ағайындық барлықта екен. Елден мал кетіп еді, пейіл де кетті, кісілік те жоғалды. Аштық әбүйірге, ажарға қаратпайды екен» [4, 73 б.]. Осы пікірден елдің малынан айырылғаны, оның аяғы ағайындықтың, кісіліктің жойылуына алып келгені, жұрттың берекесі қашқаны аңғарылады.

Әңгімеде Жаңабайдың қатыны мен баласын арбаға мінгізіп, ең керек деген затын ғана алып, таң ата ауылдан шығып бара жатқанда аруақтар жатқан моламен ұзақ қоштасатыны бар. Туып-өскен ауылын қимаған көңіл босағанда кейіпкер моладағы әр бейітке жеке тоқталып, онда жатқан адамдардың асыл қасиетін айтып шығады. Жаңабайдың бұлайша туған жерімен, ауыл іргесіндегі моламен қоштасуы фольклорлық шығармалардан келе жатқан дәстүр екенін білеміз. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» жырларында қоштасудың көркем үлгілерін еске салады.

Арада біраз күн өткенде Жаңабайдың отбасы шаршап, шалдығып төрт-бес қорасы бар бір шағын ауылға жетеді. Ол ауылда тірі жан көрінбейді. Айналада тыныштық орнаған. Өлген адамның жемтігін жеген құзғындар ғана байқалады. Ауыл шетіндегі бір қорадан түгін көрінгендей болады. Жаңабай сол жерде адам болар ма екен деп ойлайды. Барған үйде Жаңабай бір әйелді кездестіреді. «Кіріп келсе, қазандық аузында албастыдай жалбырап бір жан отыр... Мұндай да әлемет болады екен? Айуан-ай! Өз баласын өзі жеді-ау!.. Адам ба? Албасты ма? Адам... кәдімгі екі аяқты айуан адам» [4, 77 б.]. Туған баласын өлтіріп, қазанға қайнатып жатқан әйелді Ж.Аймауытұлы албастыға теңейді. Албасты – көне заманнан келе жатқан түркі халықтар фольклорының көбінде кездесетін мифологиялық кейіпкер. Шығармадағы көркем шындықты, кейіпкер бойындағы үрей мен қорқынышты дәл жеткізу үшін автор фольклорлық образды сәтті қолданғанын көреміз.

Қазақ әдебиетінің даралық сипаты айқын кезеңі – Алаш әдебиетінде фольклорлық материалдың ықпалы күшті болды. Қазақ халқының бай фольклор мұрасын ауызша жеткізген санасы сергек, жады мықты жыршылар, көне көз қариялар, орақ тілді шешендер алаш кезеңінде қоғамда көп болды. Солардың ықпалымен қазақ қауымы ауызекі сөйлеу барысында фольклор мұрасын, ондағы мақал-мәтелдерді, тұрмыс-салт жырларын, аңыз әңгімелерді, ертегілерді, жырлар мен эпсаналарды сөздік қолданыста молынан пайдаланды. Қазақ тілі жат тіл ықпалымен шұбарлана қоймаған кезеңде фольклордың мұрасы күнделікті ауызекі сөйлеу тілін де, Абайдан кейінгі кезеңде жаңа мазмұнда қалыптасып жатқан жазба әдебиетті де байытты.

Алаш әдебиетінің қалыптасып дамуына ұлттық фольклордың әсері терең болды. Сарқылмас бай қазына іспетті фольклор елді оятқан, ағартушылық, елшілдік идея ұстанған алаш әдебиетіне тақырыптық, жанрлық, көркемдік-эстетикалық сипаты жағынан азық саналды. Фольклор мұрасына қанық алаш қаламгерлері бай рухани қазынаны мақсаты мен мүддесіне қарай жаңа мазмұндағы көркем шығармаларын жазуда сәтті пайдаланды. Алаш рухында шығарма қалдырған ақын, жазушылар фольклор сюжетімен туынды жазып, ондағы кейіпкерлерді, мотивті елдік мүдде, ұлттық мұрат аясында жаңаша түрлендірген.

¹ Ғылыми мақала 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша АР14870415 «Алаш кезеңі әдебиеті: интегративті фольклортану контексті және жаңа ғылыми парадигма» жобасын іске асыру аясында дайындалды.

Әдебиеттер

1. Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: «Арда», 2011. – 480 б.
2. Интегративная фольклористика: учеб.-метод. пособие / Р. М. Ковалёва, О. В. Приемко. – Минск: БГУ, 2017. – 239 с; Ковалева, Р. М. Актуальные вопросы фольклористики как интегративной дисциплины: учеб.-метод. пособие. – Минск: БГУ, 2020. – 151 с.
3. Далгат У.Б. Литература и фольклор. – М.: Наука, 1981. – 303 с.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-т. Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
5. Жұмабаев Мағжан. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 208 б.
6. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т. 54: Ғашықтық жырлар. – 456 бет.
7. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 6-том: - Құжаттар, хаттар және естеліктер / Құраст. Е.Сатыбалдиев, В.Галиев, Т.Жұртбаев, М.Әпсәметов. – 2-бас. – Алматы: Мектеп, 2020. 472 б.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ САЙТАНОЛОГИЯ (ДЕМОНОЛОГИЯ)

Қанашева Айзада Бақытбекқызы

Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Университеті КеАҚ магистранты
Көкшетау, Қазақстан

Резюме

Мысли о мифе и мистике в литературе в целом, о мифологии, возникшей из их соотношения, рассматривались отечественными и зарубежными учеными. Из мифолого-демонологических персонажей казахского фольклора наиболее распространены албасы; в славянских народах – русалки и женщина-паук – джерегумо, широко распространенная в японском фольклоре. «Каковы особенности и общие черты между этими тремя демонами?», «Что заставило их появиться в фольклоре?» ответ на эти вопросы – заключение статьи.

Summary

Thoughts about myth and mysticism in literature as a whole, about the mythology that arose from their relationship, were considered by domestic and foreign scientists. Of the mythological and demonological characters of Kazakh folklore, the most common are the Albases; in Slavic peoples - mermaids and spider-woman - dzheregumo, widely spread in Japanese folklore. «What are the features and common features between these three demons?», «What made them appear in folklore?» the answer to these questions is the conclusion of the article.

Миф пен мистика қиялдың шексіз мүмкіндігін көрсетіп, әлемдік мәдениеттің байлығын зерттейді. Аталған жанрлар мыңдаған жылдар бойы адам танымынан туған терең нанымдар мен дүниетанымдардың көрінісі.

«Миф» терминіне «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде» келесі анықтама көрсетілген: «Миф дегеніміз – дін, тарих, мәдениет элементтері үйлесімділік тапқан құдайлар, рухтар, батырлар және олардың ерліктері туралы ежелгі халық аңыздары» [1, 345-бет]. Сонымен қатар, соңғы уақыттарда терминнің «фантастикалық, ойдан шығарылған оқиға, аңыз, әңгіме» деген ауыспалы

мағынасы да қалыптасқан. Мифология адамзаттың діни және мәдени сәйкестендіруінің ең көне түрі ретінде алғашқы тайпалық қоғамдардың пайда болуынан бастау алады. Мифтер табиғатты, әлемнің пайда болуын, адамзаттың пайда болуын және өмірдің басқа да негізгі аспектілерін түсіндіру үшін жасалып, адамгершілік құндылықтарды және мінез-құлық нормаларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін қызмет етті.

Ал «**мистика**» термині аталған сөздікте жер бетіндегі құбылыстар мен үдерістер тұрғысынан түсіндіруге болмайтын, жұмбақ, түсініксіз, ақылға қонбайтын нәрсе ретінде сипатталады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» аталған анықтамамен қатар, терминнің «табиғаттан тыс күштерге сену» деген анықтамасы қатар қолданып, психологияға қатысы тура баяндалады[2, 519-бет]. Мистика, керісінше, метафизикалық әлемнің құпияларын түсіну арқылы жүзеге асады. Оның тамыры рухани тәжірибелер мен жеке ағарту тәжірибесінің тереңдігінде жатыр. Мистика жоғары күштермен байланысуға және барлық нәрсенің мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған екі терминнің тоғысуынан «**Мифология**» ұғымы пайда болды. Мифология – бұл мистика мен өнердің синтезі, ол негізінен тарихтың басындағы ең маңызды оқиғаларды түсіндіруге арналған тұтас рухани шығармаларда жүзеге асады.

Қай халықтың ауыз әдебиетін алсақ та, фольклорында міндетті түрде **мифологиялық образдар** көптеп кездеседі. С.Итеғұлова авторлығымен 2016 жылы жарық көрген «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» жинағында қазақ фольклорындағы мифологиялық кейіпкерлер төмендегідей жүйеленеді:

1.	Тотемдік кейіпкерлер:	Көк бөрі, Көк өгіз;
2.	Шамандық кейіпкерлер:	Самұрық, Бәйтерек, Бақсы.
3.	Демонологиялық кейіпкерлер:	Албасты, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Мыстан кемпір, Пері, Жын, Шайтан, Дию;
4.	Хтоникалық кейіпкерлер:	дәулер (Дәу, Қара дәу, Жалғыз көзді дәу, Шойынқұлақ, Үш дәу (Үлкен, ортаншы, кіші), Аю дәу), алыптар (Алаңғасар мен Арсалаң, Толағай, Ерсары, Ұлтанқұл), ергежейлілер (Ергежейлі, Жартықұлақ, Бойы бір қарыс сақалы қырық қарыс);
5.	Ілкі қаһармандар:	сиқырлы көмекшілер (Таусоғар, Көлтауысар, Саққұлақ, Желаяқ, Епті), пірлер (Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Сексек ата, Шопан ата);
6.	Трансформацияланған мифтік кейіпкерлер:	Қаңбақ шал, Тазша бала[3].

Демонология (ежелгі грек тілінен δαίμων «құдай», «рух», «данышпан» + λόγος «сөз», «пайымдау», «ғылым») - жындар туралы әртүрлі мифтердің жалпы атауы. Бұл термин оккультизмде де, ғылыми-тарихи жұмыстарда да қазіргі ғылыми бағыттарға ұқсас қолданылады. Албасты, мыстан, жезтырнақ, жалмауыз кемпір және тағы көптеген ұқсас атаулармен кездесетін мифология кейіпкерлерін қазақ

халқының аңыздары мен ертегілерінен көптеп кездестіреміз. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты аталған образдар аз зерттеліп, ғылыми тұрғыдан жіктелмеген. Оған себеп – бұл ерекше кейіпкерлерлер қаһармандық эпостың немесе жануарлар жайлы қызықты ертегілердің көлеңкесінде қалғандығынан болар.

Демонологиялық кейіпкерлердің ішінде қазақ топырағында кең тарағаны – **албасты**. Тек қазақ даласында емес, сонымен қатар:

➤ Қазан, Қырым татарлары, башқұрт, өзбек, ұйғыр, алтай халықтарында «албасты», «алвасти»;

➤ Түркмендерде «ал», «албассы»;

➤ Қырғыздарда «албарсты»;

➤ Қарақалпақ, ноғайларда «албаслы»;

➤ Азербайжандарда «хал», «халанасы»;

➤ Құмықтарда «албаслы қатын»;

➤ Балқарлар мен қарашайларда «алмасты»;

➤ Түріктерде «ал», «ал-ана», «ал-қары», «ал-кузы»;

➤ Тувалықтарда «албыс» деген атаулармен кездеседі.

«Албасты» лексемасының көп халықтар тілінде кездесуі, ол туралы түсінік пен хикаялардың ұқсас болуы – бұл образдың көнелігін дәлелдейді. Албастының айқын әрекеті – жас босанған әйелді өлтіру. Аталған қызмет басқа ешбір зиян жын-шайтандарда жоқ.

Албастылардың гендерлік сипатына қатысты көзқарас да әртүрлі. Қазақ топырағындағы бұл туралы ойды алғаш Ш.Уәлиханов білдірген. Көпшілікке албасты әйел адам кейпінде елестеп, ойында сақталған. Алайда ноғай халқында Кіркөйлек есімімен еркек бейнесінде де кездеседі.

Албастының этимологиясына қатысты халықта көпшілікке тараған аңыздар бар. Аңыз бойынша, бір кездері халық арасында көрінгенмен ұрысатын, ешбір адамға жақсылық жасамаған әйел бір күні бала көтеріп, дәл баласын дүниеге әкелер уақытында о дүниелік болады. Жерленген әйел көрде жатып, не адам емес, не хайуан емес баласын туады. Өзі ана мейірімін көрмегендіктен, екіқабат немесе босанғалы жатқан әйелдерді тұншықтыратындықтан «ал басты» аталып кеткен[4].

Қазақтар албастыларды үш түрге бөлді:

1. Қара албасты – ең зиянды әрі қауіпті түрі, тірі жанның қара албастымен кездесуі көп жағдайда өліммен аяқталады;

2. Сары албасты – айлакер, алайда қара албастыға қарағанда ұсақ-түйек азғындық жасайды, яғни, әлсіз болып келеді;

3. Сасық албасты – тағамдарды, сүт пен еттерді бүлдіреді.

Славян халықтарының фольклоры мифологиялық кейіпкерлерге толы, мысалы: Кикимора, Баба-Яга, Ярило, Домовой, Леший, Бабай т.б. Көпшілікке танылған кейіпкерлердің бірі – су перілері(русалки). Л.Н. Виноградова авторлығымен жарық көрген «Славянские древности» академиялық сөздігінің нұсқасына сәйкес, су перісі — бұл жазда дәнді алқапта, орманда, судың жанында

ұзын шашты әйел түрінде пайда болатын, адамды өлімге немесе суға батыруға қабілетті зиянды рух[5, 495-бет].

А.Н.Афанасьев орыс су перілерін басқа халықтардың су жындарымен салыстырады, су перілерінің шығу тегі туралы ақпарат береді, олардың үйшіктерін, алапестерін, билерін сипаттайды, ежелгі орыс әдебиетінің су перілерінің аптасы туралы көптеген дәлелдерін келтіреді[216]. XIX ғасырдың екінші жартысында жасалған су перілері туралы әңгімелердің көптеген жазбалары іс жүзінде түбегейлі жаңа материал бермеді, тек Афанасьев өзінің немесе жинаушыларының әңгімелерінде келтірген мәліметтерді орнықтырды деп айтуға болады.

Су перілері, наным бойынша, келесі әрекеттерге барады: адамдарға зиян келтіру, қорқыту, қуу, суға батыру, өлтіру, қытықтау, олар еркектерді азғырып, әйелдерді жек көреді, малды бүлдіріп, балаларды ұрлайды.

Ғалым Д.К. Зеленин су перілеріне қарсы тұмарлар жайлы ақпараттарды жинады: олар кресттен, сызылған шеңберден қорқады, олардан сарымсақ, темір құралдар және ауызша сөз-тұмарлар арқылы құтылуға болады. Көптеген аймақтарда су перілеріне қарсы ең жақсы құрал – жусан өсімдігі деп есептелді.

Су перісімен кездесуді сипаттау кезінде белгісіз авторлар бірдей ортақ әрекеттерді сипаттайды – бұл су перісінің күлуі немесе жылауы, оның бұтақтардағы тербелісі және оның шашын тарайтынын айту. Әдетте, су перілері водяной немесе леший сияқты адамдармен келісімшарттық қатынастарға кірмейді, олар әрқашан адамға дұшпандық етеді. Бұл зұлым күші және аталған зұлым рухтар қауіпті. Сұлулығымен және сүйкімділігімен су перілері адамды оңай баурап алады, сиқырлайды, содан кейін өлтіреді. Ешбір жын-перілерде сұлулық пен айлакерліктің мұндай қайғылы үйлесімі жоқ.

Жапон әдебиеті әрқашан қалалық фольклордың алуан түрлілігімен ерекшеленген. Олардың әңгімелері қорқынышты және адамды ойға батырады. Қазіргі кездің өзінде Жапония киноөндірісі демонологиямен тығыз байланысты көптеген кинофильмдер шығаруда.

Жапондық канжиде Jōgūmo ретінде жазылатын 新新新 кейіпкері бар. Бұл сөзбе-сөз «міндетті ханым» дегенді білдіреді, сонымен қатар, дисфимизмдік аудармасы бар. Бұл құбыжықтың басқа атаулары – Rakushinpu (络新妇), «тоқылған қалыңдық» дегенді білдіреді, ал Мадара-гумо (斑蜘蛛) – дағы бар өрмекші деп аударылған.

Джерегумо жапон фольклорынан пайда болған йокай тіршілік иесі түрлерінің бірі болып табылады. Әңгімелердің мазмұнына сәйкес, джерегумо өрмекші өзінің сыртқы түрін өзгертіп, еліктіретін әйелге айналуы мүмкін.

Джерегумо перісінде құбыжықтың аяқ-қолдары бар, оның есімі көптеген жапон халық ертегілерінде кездеседі, бұл жапон Альпісін мекендейтін халықтармен шайқас оқиғаларының мифтік қайталануы болуы мүмкін. Ежелгі Жапонияда бұл жерлер «өрмекші мекені» деп аталды, ал бұл жерлердегі адамдардың физикалық ерекшеліктері кейінірек әсіреленіп сипатталады. Эдо дәуірінде әдемі әйел ер адамды тыныш жерде азғырып, бива – ұлттық жапондық музыкалық аспабында(еуропалық лютняға ұқсас) ойнай бастайды. Жапондықтар биваның

екі түрін қолданды — гакубива және гогенбива. Ер адам музыканың дыбысына таңданған кезде, Джерегумо оны өрмекшінің жібек жіптеріне байлап, жеп қояды.

Жапон фольклорының бір ерекшелігі – жын-сайтандар тек тірі жан иесі болып табылатын адам немесе жануар ғана емес, заттық әрі табиғат құбылысының кейпіне де өзгеру қасиетінде. Жоғарыда сөз болған өрмекші-әйел Jōgen сарқырамасы ретінде де көрінуі мүмкін.

Аңыз бойынша, Иду қаласында Шизуокада ер адам сарқыраманың түбінде демалып жатқан кезде, оның аяғы көптеген өрмекші жіптерімен байланады. Ол жіптерді кесіп, жерден шығарған дінгекке байлайды. Осы оқиғадан кейін ауыл тұрғындары өрмекшілерден қорқып, сарқырамаға баруды тоқтатады. Алайда, бір күні қаладан келген орманшы оқиғаны білмей, аталған аймақта ағаш кесуді бастады. Ол кездейсоқ балтаны суға тастаған кезде, оны табу үшін суға сүңгіп кетті. Әдемі әйел пайда болып, өзі жайында ешқашан ешкімге айтпауын айтып, балтаны қайтарып берді. Содан кейін ер адам мас болып, ешқашан оянбау үшін терең ұйқыға кетті.

Халық ауыз әдебиетінің ерекшелігіне сәйкес, бұл оқиғаның көптеген өзге нұсқалары бар. Олардың бірінде монах сарқыраманың жанында будда сутраларын оқыған мезетте, әдеттегідей өрмекші-әйелмен кездесіп, оған ғашық болып, соңында қайтыс болады.

Сайтандар – әртүрлі діни және фольклорлық дәстүрлерде зұлымдықпен немесе теріс энергиямен байланысты деп саналатын табиғаттан тыс тіршілік иелеріне қатысты қолданылатын термин. Ғасырлар бойы зұлым рухтар қызығушылық пен қорқыныштың нысаны болды, олардың қазіргі ортада шын мәнінде болуы мен тіршілік-табиғатына қатысты әртүрлі көзқарастар бар.

Қорытындылай келе, үш түрлі халықтың халық ауыз әдебиетінде орнын тапқан, көпшілікке мәлім кейіпкерлерін сипаттадық. Аталғандардың арасында ұқсастықтар да, ерекшеліктер де бар. Ортақ қасиеттері:

- ✓ Үшеуі де зұлым күш иелері болған;
- ✓ Үшеуімен де кездесу көбінесе адамның жеңілуімен аяқталады;
- ✓ Үшеуінің де пайда болуы адам бойындағы жаман, теріс, зұлым сезімдермен байланысты.

Соңғы сөйлемге назар аударатын болсақ, жалпы мистика мен мифологиядағы кейіпкерлердің пайда болуы; олар жайлы аңыз-ертегілердің, әпсаналардың т.б. көпшілікке жайылып-таралуы; бағзы замандар мен қазіргі кезде ондай әңгімелер қаншалықты актуалды болуы және қазіргі кезде қандай кейіпке трансформациялануы; мәтін нұсқаларының өзгертілуі – адам ойына, адам психологиясына, адамның түрлі теріс эмоциялары мен, түптеп келгенде, адамның(халықтың) танымына байланысты туған бейнелер. Аталған жанр кейіпкерлері мыңдаған жылдар бойы адам танымынан туған терең нанымдар мен дүниетанымдардың көрінісі.

Әдебиеттер

1. Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. **Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі** / Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

2. Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. **Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық.** 11-том. / Алматы, 2011. - 752 б.
3. <https://e-history.kz/kz/projects/show/32215>
4. <https://adebiportal.kz/kz/characters/view/173>
5. Под общ. ред. Н.И.Толстого **Славянские древности: Этнолингвистический словарь в 5-ти томах** – М.:Международные отношения, 2009. – 656 с.

ӘӨЖ

АЛАШ ҰРАНДЫ ӘДЕБИЕТИМІЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОЯНУ МЕН ҰЛЫ МҰРАТТАР

Нариман Нұрпейісов

Филология ғылымдарының кандидаты,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы.
Шымкент қаласы. Қазақстан.

Резюме

Исторический факт то что литература Алаша занимает особое место в истории казахской литературы. Отдельное место занимает эта литература, зародившаяся в начале XX века и прожившая недолго. В данной исследовательской статье всесторонне изучена и глубоко раскрыта идея национального пробуждения и великих идеалов в литературе Алаша. Данная статья вводит творческое наследие поэтов Алаша в научный оборот.

Summary

The historical fact is that Alash's literature occupies a special place in the history of Kazakh literature. A special place is occupied by this literature, which originated at the beginning of the 20th century and did not live long. This research article comprehensively studies and deeply reveals the idea of national awakening and great ideals in Alash literature. This article introduces the creative heritage of Alash poets into scientific circulation.

Туған еліміздің төл тарихы күні кешегі жылдары ғана келмеске кеткен қатігез жүйемен ғұмыр кешкен кеңестік қоғамда өте-мөте қатты бұрмаланды, халықты адастырды, соның ішіндегі бүгінгі азат ұрпақ қатты құрметтейтін «Алаш» партиясы, қозғалысы, олар құрған Алашорда үкіметі жайында да тым теріс, жалаң айыптауларға толы теріс түсінік қалыптастырды. Қаншама ұрпаққа білім берген сан алуан оқулықтар мен зерттеулерде, ғылыми мәні зор деп саналатын монографиялық еңбектердегі қилы-қилы қиянаттар бірінен-бір асып түсіп жатты, тіпті шынайы тұрғыдағы ақиқат айтылатын энциклопедиялық анықтамалықтарда да әділетсіз пікір, шындыққа сай келе бермейтін дәйексіз

дәлелдер келтіріліп отырды. Осы бағытта айтылған келесі бір пікірге мұқият назар аударып көрейікші: «Алаш» – буржуазияшыл-ұлтшыл партия. Қазақ аулындағы феодал-байлардың, кертартпа дін басыларының және буржуазияшыл-ұлтшыл интеллигенцияның оңшыл тобының мүддесін білдірді». [1.56.] Бұндай айтылған ешбір шындыққа сәйкес келмейтін әділетсіз байлам, ақиқаттан алыс анықтамалар алаш қозғалысы мен олар құрған үкіметіне де дәл осы тұрғыдан берілді, халықты жаңылыстырды. Ең өкініштісі сол мемлекеттік деңгейдегі анықтамалықтар дәл осылай деп түсінік берді, одан әрі дәл осындай тым жабайы түсінікпен бірнеше ұрпақ тәрбие алды, осы түсінікке шексіз сенді. Ақиқаттың алдаспаны болып ғұмыр кешкен академик, филология ғылымдарының докторы Рымғали Нұрғалидың өзі ерекше атап көрсеткендей: «Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы, Алашорда өкіметі туралы тарихи шындық бұрмаланып, қып-қызыл өтірік айтылып келді. Ең бастысы Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының қас дұшпаны болып көрсетіліп, олардың шығармаларына тиым салынды». [2.423.] Алаш ардақтылары жайында айтылған осындай қиянаттар алпыс жылдан астам үстемдік етті.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы күткен азаттыққа жетті, тәуелсіздікке қол жеткізген еліміздегі тарихи ақиқаттар қалпына келе бастады, «ақтаңдақтардың» шынайы ақиқаты кеш те болса ашылды, соның ішінде халық зарыға күткен «Алаш» тарихына қатысты екені баршамызды шексіз қуантады. Алаш партиясының құрылғанына да 105 жылдан астам уақыт болды. Алаш қозғалысына, үкіметіне қатысты тарихи деректер, таным-түсініктер, ол қозғалыстың тарихи мәні жайында тарихшылар көп жазып, зерттеп, халық жадына жақын зерттеулер дүниеге келді. Бүгінгі біздің айтуға ниет еткен басты мәселелеріміз алаш ұранды әдебиеттегі күрескерлік рух, азаттық идея жайында. XX ғасырдың бас кезінде, яғни, дәлірек айтқанда 1905 жылдары-ақ іргетасы берік қаланып, ғасыр басында орын алған аласапыран жылдары, аумалы-төкпелі төңкеріс кезінде туған елінің жанашыры болып табылған алаштықарды тарихтан алар орны ерекше. Осы кезеңде өздерінің күрескерлік рухымен тарих аренасына шыққан алаштықтарды отаршылдық өктемдігі, қатыгез пиғылы патшалық Ресей империясынан да асып түскен большевиктер билігі 1920 жылдарының өзінде жазықсыздан-жазықсыз қуғындап, тұншықтырып тастау үшін ештеңеден аянбады. Тағдыры сынға түскен арда арда тұлғалардың дені ұлт мүддесін бәрінен биік қойды, сол жолда жанқиярлық іс-әрекеттерімен күрес жүргізді. Бастарын қатерге тікті, өздері жаңа биліктің қуғын-сүргіннен көз ашпай жүрсе де әдебиет әлемінде, жауынгер публицистика жанрында, енді ғана дамып келе жатқан ғылым саласында мәңгі өлмес мұра қалдырды. Ол мұралар әлі де құнды, туған халқына алғаусыз қызмет етіп келеді.

Өткен ғасырдың бас кезі дауылды, дүрбелеңге толы, ең қорқыныштысы бейкүнә қазақ халқының жазықсыз қаны төгілген, яғни қантөгіске толы жылдар болып басталғанын ешқашан да ұмыта алмаймыз. Ержүрек халқымыз ұлт-азаттық көтеріліске шықты, кең байтақ даламыздың түкпір-түкпірінде болған алуан түрлі қозғалыстар мен қиямет қайың төңкерістер, орын алған азамат соғысы, бәрінің соңында келіп аштықтың орын алуы сияқты аса ауыр зұлматты

күндер бейбіт жатқан қазақ елін тарих аренасында бар ететін, немесе түп-түқиянымен құртып жоқ ететін аса ауыр жағдайларға алып келді. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов атап көрсеткендей қалың көрпе жамылып, «өлім ұйқысы» құшағында жатқан халқының құлағының түбіне келіп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Маса» болып ызындады, жай ғана ызындап қоймады, тіпті «қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша» қайтпай әрекет етті, туған елін ояту үшін ештеңеден аянбады. Ұлы Аханның жанына жақын серігі Міржақып Дулатұлы болса «Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты», «Қазағым енді жату жарамас-ты!» деп барша қазақ баласына атой салды, ұран тастады. Бойына біткен бүкіл күш-қуатын қазақ елінің азаттыққа жету жолына арнаған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт азаттық қозғалыстың шын мәнінде негізін салушы көсемі, қазақтың тұңғыш құрылған саяси мәні зор «Алаш» партиясын ұйымдастырушы болған және сол Алашорда үкіметінің алғашқы төрағасы болып сайланған Әлихан Бөкейхановтың ел тарихындағы, егемендікке жету жолындағы жанкешті еңбектерін енді ғана біліп, танып, тағылым алып жатырмыз. Кеш те болса біліп жатқанымызға шүкіршілік айтамыз.

XX ғасыр басындағы жасындай жарқылдап тарих аренасына шыққан алашорда үкіметінің ғана емес, барлық қазақ халқының бостандыққа жеттік деген үміті ақталмады, «теңдік», «бостандық» орнаттық жалған саясат алдамшы екенін кеш ұқтық. Қатігез қара күшпен, бейбіт әрі момын халықтың қанын төгіп келген кеңес үкіметі бейкүнә халқымызға сендерді жоғарыда айтқанымыздай «бостандыққа» жеткіздік деп сендірді, шын мәнінде алдады. Осы кезеңде халқымыз үшін өте қымбатқа түскен қасиетті ұғым «бостандық» тақырыбында өлең жазбаған ақын жоқтың қасы шығар деп ойлаймыз. Алаш ұранды әдебиеттің аса ірі өкілі, бұл күндері туған елі «қазақ поэзиясының падишасы» деп пір тұтатын Мағжан Жұмабаев сынды ақиық ақын да осы тақырыпқа барды, барып қана қоймай «Бостандық» атты мүлдем өзгеше өлең жазды, жыр түйініне назар аударайықшы:

Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар,
Тілегің болды – қуан, күл.
Бостандық – ізгі періште,
Кетпекке ұшып ғарышқа,

Ақ қанатын қомдап тұр, - деп бар даусымен қайғыра күңіренді. Азамат соғысы жүріп жатқан, бейбіт халықтың жазықсыздан жазықсы қаны төгіліп жатқан, нақтырақ айтқанда 1918 жылы жазылған қайғылы өлеңде өзге замандас ақындардағыдай «бұл бостандық бізге көктен келген жоқ» (С.Мұқанов) деп асқақ ұрандататын қуаныш сарыны жоқ, қайта керісінше «шірік жүрек сасықтар, арамдыққа асықтар, жетілді, жетті мұратқа» деп асқан көрегенділікпен болып жатқан тарихи шындықтың шынайы тұрғыда бет-пердесін ашты, ойда-жоқта қолымызға түскен, дәлірек айтқанда қаншама жанның қанын төгіп келген « қымбат бостандықтың» мәнін түсіндірді. Алғашқылардың бірі болып ақиқаттың алдаспаны болып жарқылдады.

Осы аралықта Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың пікіріне назар аударсақ, мемлекет басшысы былай дейді: «Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Олар елінің азаттығы мен өркендеуі жолында қызмет етті. Халықтың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты». Бұдан түйетініміз мемлекет басшысы баршамызды кешегі аяулы алаш ардақтыларын құрметтеп, еске алып, тағзым етіп отыруды, мемлекетшілдік идеясын естен шығармауға шақырады. Демек, алаш ұранды әдебиетіміздегі ұлттық ояну мен ұлы мұраттар бүгінгі күні де тым қастерлі екенін ұдайы жадыда ұстауымыз қажет.

XX ғасырдың басында келді деген бостандық біздің елімізге тым қымбатқа түсті, азаттық үшін күрес жүргізген қаншама ардақтыларымыз, атақты Кенесары-Наурызбай бабаларымыздан бастап, күні кешегі желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбековке дейінгі мерт болған ержүрек батырларымыз аз емес. Тәуелсіздік туын желбіретіп кетуге сол кездің мүмкіншілігі болмады, сол себепті Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов бастаған көсемдер автономия алуға әрекет етті, сол жолда жеңіске жетті, бірақ олардың азаттық туралы айтқан сөздерін, жасаған әрекеттерін большевиктер кешіре алмады, бірін ерте, бірін кеш құрбандыққа шалды.

Алаш ұранды әдебиетке өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның бірі Міржақып Дулатұлы. Ол қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері «Алаш» партиясын құрып, Алашорда үкіметін орнатқан кезде алаш туын көтерген Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтардың қатарында болды. Ақынның «Алашқа», «Жаңа тілек», «Алаш» партиясына қосылмаған ақынға», «Тұңғыш құрбан» т.б. өлеңдеріндегі күрескерлік рух, «Алыстан алаш десе аттанамын, қазақты қазақ десе мақтанамын» дейтін асқақ сезім атойлап тұр. Міржақыптың «Алашқа» атты өлеңі «реквием» (қазалы жыр) аталғанымен, бұл өлеңді ақынның өткенді аңсау сарыны деп түсінбеу керек. Ол өткен кездегі ақ киізге көтеріп сайланған хандарды, әділ би, ардақ тұтып, ел қорғаны болған батырлары көп болған дәуірлердің келмеске кеткенін түсінді, сол себепті қазақ көшін алға бастайтын көсемдерді іздеді, армандады.

«Оян, қазақтың» авторы Міржақып Дулатұлымен үндес ақынның бірі өр рухты Сұлтанмахмұт Торайғыров та бұл тақырыпқа тереңдеп барды, «Алаш ұраны», - атты тамаша жыр жазғанын енді ғана біліп жатырмыз. Жыр шумақтарына назар аударайық:

Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Жасайды алаш, өлмейміз!
Жасасын алаш, жасасын!

1917 жылдың өзінде «Алаш» партиясының әнұранын жазған ақынды қатты жазғырушы едік, шын мәнінде ақын Сұлтанмахмұт тек қана әнұран жазып қоймай, араға жыл салып, 1918 жылы сол кездегі алаш қайраткерлерінің алғы легінде тұрған көптеген азаматтарды өз кейіпкері етіп «Таныстыру» атты поэма

жазған екен. «Қара қазақ» пен «Оқығанның» арасындағы сұхбат үлгісінде құрылған сюжет қызықты әрі мазмұнды. Аумалы-төкпелі заманда көп құбылыстың ақ-қарасын ажырата алмаған «қара қазақ» сұрақ қояды, «оқыған» жауап береді. «Қилы заманда» халық кімнің соңынан ерерін білмей дағдарып қалғаны рас, осы кезде ақын шама-шарқынша жол көрсетті. Алдыңғы кезекте ол Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұсынов, Міржақып Дулатовты таныстырып, атақты тұлғалардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлық еңбектеріне зор баға береді.

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,

Талассыз жеке дара тұр ғой өзі,- деп басталатын «Таныстыруда» сонымен қатар Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Ш.Құдайбердіұлы, Нәзипа, Нұрғали Құлжановтар, (ерлі-зайыптылар) т.б. біршама қайраткерлердің аты аталады.

Ақын ең алдымен ұлы ақын Абайды бәрінен де биік қояды, сондай-ақ ақынның шәкірті Шәкәрімге де бөлекше қарайды, оның ойшылдығы мен кеменгерлігін былайша суреттейді:

Бұл қазақтың мақсұты – биік алыс,
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.
Қазақ деп жекелеме, адамзат де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.

Бұл аталған поэманың идеялық мазмұны терең, «ақын жеке адамдарды бағалағанда, олардың адамдық, қоғамдық еңбектерін еліне сіңірген қызметімен өлшейді, ел басшылығына дәмелі адамдарға салмақ артады. Сұлтанмахмұт елді ойлы, білімді басшылардың маңына бірігуге үндеді». [3.13.] Бір өкініштісі осы поэма да алаш қайраткерлерімен бірге ұзақ уақыт бойы қапаста, жарияланбай, халыққа жетпей жатты, тек тәуелсіздікпен бірге ғана елге оралды. Ақынның бұл шығармасы бүгінгі күні де маңызы зор, ел үкімет басындағы қайраткерлерді таңдау, іріктеу, оларға сенім, үміт арту жолдары әлі де күн тәртібінен түскен жоқ. Қайраткерлерді тануда қателікке душар болып жатамыз, Сұлтанмахмұтша таңдау жетіспей жатады.

Алаш ұранды әдебиеттегі өзіндік орны бар тұлға Жүсіпбек Аймауытов та алаш «Ұранын» жазған, бұл жыр да сол кезеңде халық арасына кең таралып, әнмен айтылып, ұлттық рухтың оянуына өлшеусіз үлес қосты. «Қазағым, қамықпа, қамалма! Ел болар қамыңды амалда!», - деп басталатын бұл ұран да биік рухпен, ерекше бір патетикалық көңіл күймен аяқталады:

Ұраным, қорғаным, сен Алаш!
Жолыңа құрбандық мал мен бас!
Өнер тап, өрге шап, қару ат,
Аллалап алға бас, ал Алаш!!! [4.211.]

Ойымыздың өресін түйіндеп келгенде аңғарғанымыз ұлтын сүйіп, алашым деп атойлап шыққан осы жандардың бірі «ұран», бірі «таныстыру» жазып жатты, ол жырлардың қай-қайсысын алсаңыз да күрескерлік рух пен өрлік, келешекке деген сенім мен серт мен мұндалап тұр.

Алашордалықтар арман еткен тәуелсіздікке ХХ ғасырдың соңында ғана қол жеткіздік. Тәуелсіздік жолындағы күреске ғұмырларын арнаған алаш қайраткерлерінің басынан қауып-қатер бір күн де кеткен емес, оған тарих куә. Алаш ардақтыларының жандарын пайда еткен күресі арқылы қолымыз жеткен азаттықты да қандай қауіп-қатерден болса да қорғауға ендігі күні біз дайын болуымыз керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақ ССР: 4 томдық қысқаша энциклопедия. 1-том. А., Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы. 1984. -592 б.
2. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. А., «Санат», 1992. -432 б.
3. Қирабаев С. Ақын тағдыры. // Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. А., «Ғылым», 1993. -280 б.
4. Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. А., «Ғылым, 1997. -240 б.

ӘОЖ 372.46

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ АУДАРМАНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айнабекова Т.А. ф.ғ.к., доцент, Абдукаримова А.А. аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье говорится о том, что в процессе обучения иностранному языку с помощью перевода можно совершенствовать не только навыки иностранного языка, но и навыки родного языка. Интересно отметить, как сравнение родного и иностранного языков посредством перевода может помочь улучшить успеваемость учащихся в изучении иностранного языка. Конечно, на первом этапе учащиеся должны достичь уровня владения языком, который позволит им добиться успешного перевода, но перевод также может быть очень эффективным инструментом для достижения этой цели.

Здесь предлагается несколько дидактических стратегий обучения, требующих развития перевода как самостоятельной деятельности, которые учащиеся могут использовать в процессе языкового и межкультурного общения.

Summary

The article says that in the process of learning a foreign language with the help of translation, you can improve not only the skills of a foreign language, but also the skills of your native language. It is interesting to note how comparing native and foreign languages through translation can help improve students' performance in learning a foreign language. Of course, in the first stage, students must achieve a level of language proficiency that will allow them to achieve successful translation, but translation can also be a very effective tool for achieving this goal. It offers several didactic teaching strategies that require the development of translation as an independent activity, which students can use in the process of linguistic and intercultural communication.

Аударматану дербес пән ретінде пайда болғаннан бері ақпараттық технологияның жетістіктері мен жаһандану құбылысының нәтижесінде үнемі дамып отырады.

Бұл тұрғыда оқытушының негізгі мақсаты – студенттердің маңыздылығы барған сайын танылып келе жатқан күрделі коммуникативті процестің белсенді қатысушысы ретіндегі өз жауапкершілігін сезінуін арттыру үшін оларға білім беру және олардың «кәсіби тұлғасын» дамытуға мүмкіндік беру.

Зерттеу жұмысы, бір жағынан, студенттердің шетел тілін, сондай-ақ ана тілін аударма көмегімен жетілдірудің түрлі жолдарын зерттеуге арналса, екінші жағынан, неміс тілін екінші шетел тілі ретінде оқытуда аударманы дербес әрекет ретінде, дамытуды қажет ететін және студенттердің тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде қолдана алатын дағды ретінде оқытуға бағытталған бірқатар педагогикалық стратегияларды пайдаланылды.

Аударма арқылы ана тілін және шетел тілдерін салыстыру студенттердің шетел тілін үйренудегі үлгерімін жақсартуға қалай көмектесетінін атап өту қызықты. Әрине, бірінші кезеңде студенттер сәтті аудармаға қол жеткізуге мүмкіндік беретін тілдік білім деңгейіне жетуі керек, бірақ аударма да бұл мақсатқа қол жеткізу үшін өте тиімді құрал бола алады.

Аударма ежелден бері мәтінді түпнұсқа тілден аударма тілге көшіру ретінде қарастырылды, бұл жағдайда екі мәтіннің үстірт мағынасы мүмкіндігінше ұқсас болуы керек және бастапқы мәтіннің құрылымдары аударма мәтінінің құрылымына кедергі келтірмейтін дәрежеде сақталуы керек. Дегенмен, бұл аударма идеясы ескірген және аударма тілінің синтаксисіне мән беріп, аударма өнерін жете бағаламай, аудармашыға төменгі мәртебе береді.

Қазіргі өмірдің талаптары мен шарттары, сондай-ақ жаһанданудың салдары оқыту үдерісіне біршама күрделі міндеттер қояды, өйткені студенттер өз кәсібінде де, күнделікті өмірінде де қолдана алатын жаңа дағдыларды игеруі керек. Қазіргі қоғамдағы маңызды өзара әрекеттесулердің бірі жаңа технологиялармен жұмыс жасау болып табылады. Заман талабына сай жаңа дағдыларды қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытуды жетілдіріп, оны заманауи ақпараттық технологияларды қолданатындай етіп жоспарлап, нәтижесінде сапалы кәсіби жетістіктерге қол жеткізуі керек.

Жаңа технологиялар студенттердің академиялық деңгейін көтеруге ғана емес, сонымен қатар олардың аударма жадысын, мәліметтер қорын және ғаламторды ақпарат көзі ретінде пайдалануға байланысты дағдыларды меңгеруіне ықпал ете алады. Сонымен қатар, жаңа технологиялар дербес білім алу немесе өз бетінше аударма қызметін жүзеге асыру сияқты негізгі дағдыларды меңгерудің идеалды педагогикалық механизмі бола алады.

Аударма процесінің әртүрлі кезеңдері

Мәтіндерді аудару бірнеше кезеңнен тұрады: студенттерді тиісті деңгейге бейімдеу арқылы аударылатын мәтіннің тілімен таныстыру. Келесі кезең-шоғырландыру мақсатында параллель мәтіндерді қолдану (түпнұсқа тіл және аударма тілі). Бұл кезең нақты аудармамен, содан кейін мақсатты мәтінді өңдеу кезеңімен жалғасады.

Өз бетінше аударма жұмыстары студенттердің шетел және ана тілдерін қолдану туралы хабардарлығын арттырып, екі тілді де меңгеруіне оң ықпал етеді. Мұндай аударма іс-әрекетінде мұғалім студенттермен серіктес болып,

ұсыныстар жасайды, бірақ бір мәтінді аудару үшін бірнеше нұсқаларды қабылдай отырып, студенттердің ұсыныстарына оң көзқарас танытады.

Аударма теориясында түпнұсқа мәтіннің бір баламасын немесе бірнеше аударма баламасын анықтау туралы ғана емес, онда түпнұсқа тілі мәтініне сәйкес келетін аударма тіліндегі мәтіндер жиынтығы туралы айтылады.

Тілдер арасындағы синонимдердің болмауы бізді таң қалдырмауы керек, өйткені бір тілдегі сөздер арасында абсолютті синоним жоқ. Аудармадағы «дәлме-дәлсіздік» әсерінен аудармашыға автордың ойын толық жеткізбеді деп айып тағылып жатады. Мәтінді аударуда аудармашы сөзбе-сөз аударма немесе еркін аударма арасында таңдау жасай алады. Бірінші нұсқаны таңдаған кезде аудармашы «дұрыс» аударманың «ұсқынсыздығына», ал екіншісін таңдағанда «әдемі» аударманың дәл еместігіне жауапты болады.

Аудармашыға қажетті құзыреттер

Болашақ аудармашы немесе аудармашы ретінде студенттер аудармашының алдында тұрған міндеттердің бірі - синтаксистік сөйлем құрылымдарының арасында сәйкестік болмағандықтан, олардың әмбебап, жасырын мағынасына жету үшін ашық сөйлем құрылымдары бар бастапқы мәтіннің синтаксисін талдау екенін білуі керек. Аудармашының синтаксистік, семантикалық және прагматикалық білімі болуы керек, аталған білімнің жетіспеушілігі оның құзыреттілігіне әсер етуі мүмкін.

Бірақ аудармашы балама іздемейді, сол шындықты аударма мәдениетінің көмегімен білдіреді. Ол бастапқы мәтінді түсіндіріп, бастапқы мәтіннің жалпы әсерін құрайтын барлық элементтерді мұқият талдап, оларды мүмкіндігінше дәл қайталауы керек. Аудармашыға екі тілді және бимәдениеттілік қажет және аударма процесінде талап етілетін нәрсе мен қол жеткізілген нәрсенің, құзыреттілік пен өнім арасындағы айырмашылықты түсіндіруде шешуші рөл атқарады.

Жоғарыда айтылғандай, аудармашы өзі сөйлесетін тілдердің екі түрлі мәдениетін білуі керек, ол бір-бірінен тәуелсіз дамитын екі субъектінің тәжірибесіне ие болуы керек. Ол бір мәдениетті салыстырып қана қоймай, оны басқа мәдениетке айналдыру құзыретіне ие болуы керек. Екі мәдениет бір-біріне әсер етеді және олардың пішіні мен өлшемін үнемі өзгертіп отырады. Аудармашының олардың арасында болуы, олардың арасындағы алшақтықтың ортасында емес, біртұтас мәдениетке азды-көпті байлаулы болғандықтан оның біліктілігін көрсетеді.

Аудармашы мәдениетаралық қарым-қатынастың екі жағдайы арасындағы делдал; бір бастапқы мәтіннің әртүрлі аудармалары көбінесе аудармашының шешімдеріне байланысты. Демек, аудармашының синтаксистік, семантикалық және мәдени білімі болуы керек, ол екі тілді және бимәдениеттілікті қажет етеді.

Аудармашының құзыреттілігі әр мәдениеттің ерекшеліктерін, сондай-ақ тоғысатын екі мәдениеттің нақты элементтерінің өзара әрекетін ескере отырып, екі мәдени жүйені талдау, салыстыру және түрлендіру қабілетінде жатыр.

Аударма дағдыларын тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін үлкен әлеуеті бар тәуелсіз дағды ретінде дамыту қажет.

Аударма құзіреттілігін меңгеру аудармашыларға басқа тілдегі мәтінді жеткізуге мүмкіндік беретін білімді, дағдыларды, әдістер мен стратегияларды меңгеруді білдіреді, осылайша мақсатты оқырманға бастапқы мәтін бастапқы тілдегі оқырманға қандай әсер қалдырса, сол әсер қалдырады .

Аударма процесінде пайдалы көмекші құралдар

Педагогикалық мақсатта қолданылғандарды қоспағанда, мәтіннің сапасына, грамматикалық және орфографиялық қателердің болмауына назар аудару және тапсырмаларға сәйкес дұрыс типтегі және күрделілік деңгейіндегі мәтінді пайдалану өте маңызды.

Дегенмен, мұғалімдер ретінде параллель мәтіндер, негізгі ақпарат, библиографиялар және арнайы веб-сайттар сияқты ресурстар, сондай-ақ глоссарийлер сияқты қосымша материалдарды дайындаймыз. Қажетті материалдарды, ресурстарды және құралдарды қамтамасыз етумен қатар, біз студенттермен бірге қол жеткізгіміз келетін мақсаттарға жету үшін дұрыс жаттығуларды құрастырамыз.

Аударма қызметін бастамас бұрын, студенттердің аударманы орындау үшін тілдік және мәдени құзыреттілікке ие болуын қамтамасыз етуіміз керек. Аударма іс-әрекеті үшін студенттерге ұсынылатын мәтіндер олардың шетел тілін меңгеру деңгейіне сай болуы керек.

Демек, аударма өз алдына мақсат емес, қарым-қатынас құралына айналады. Барлық коммуникациялық қызметте, соның ішінде аудармада, студенттер өздерінің барлық білімдерін пайдаланады және коммуникациялық стратегияларын өздерінің қарым-қатынас дағдылары үшін арнайы дамытады.

Қорытындылар

Студенттер бұл дағдыны өздерінің жалпы мәдениетін, икемділігін, қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін пайдалана алады, бұл оларға тиімді жұмысқа орналасу үшін жол ашады.

Аударма курсы барысында мұғалім қолданылған әдістер мен материалдар студенттердің тілдік және мәдени әртүрлілікке деген құрметін дамытуға, олардың оған деген қызығушылығын, білімі мен түсінігін ынталандыруға, өз тілін қорғауға және насихаттауға жақсы мүмкіндік беретінін қамтамасыз етуі керек.

Әдебиеттер

1. A. Neubert. "Competence in Language, in Languages and in Translation" in C. Schäffner, C. and B. Adab (eds.), *Developing Translation Competence*, Amsterdam. Philadelphia: John Benjamins. – 2000. – pp. 3-18.
2. A. Newmark. *A Textbook of Translation*. London: Prentice Hall. – 1988. – p. 75.
3. Nida E. A. and Taber C. R. (1982) *The Theory and Practice of Translation*, Leiden: E.J. Brill
4. C. Schäffner. "Developing professional translation competence without a notion of translation" in K. Malmkjaer (ed.), *Translation in Undergraduate Degree Programmes*, Amsterdam/ Philadelphia: John Benjamins. – 2014. - pp. 113-126.

МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАЛАР КӨМЕГІМЕН НЕМІС ТІЛІН ЕКІНШІ ШЕТЕЛ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ

Абдукаримова А.А. аға оқытушы, Айнабекова Т.А. ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается использования мобильных приложений в качестве вспомогательного инструмента в процессе изучения иностранного языка. В настоящее время современные технологии все больше становятся частью нашей повседневной жизни. Это особенно очевидно на примере смартфонов. Хотя смартфоны являются неотъемлемой частью нашей жизни, большинство людей не в полной мере используют их возможности. Цель статьи — кратко представить 5 бесплатных приложений для изучения немецкого языка как иностранного через смартфон и получить информацию о том, в какой области немецкий язык (грамматика, общая культура, расширение словарного запаса и т. д.) такие приложения должны охватывать, чтобы учащиеся его воспринимали и активно использовали.

Summary


The article discusses the use of mobile applications as an auxiliary tool in the process of learning a foreign language. Nowadays, modern technology is increasingly becoming a part of our everyday life. This is especially evident in the example of smartphones. Although smartphones are an integral part of our lives, most people do not fully benefit from their features. The aim of the article is to briefly present 5 free applications for learning German as a foreign language via smartphone, and gain the information about what area of the German language (grammar, general culture, vocabulary expansion, etc.), such applications should cover, so that students would accept and actively use it.

Қазіргі таңда технология өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды. Бұған мысал ретінде таңертең бізді оятатын және күндіз телефон соғу, ғаламторды шарлау үшін қолданылатын смартфонды келтіруге болады. Смартфон біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналғанымен, пайдаланушылардың көпшілігі барлық мүмкін болатын функциялардың бір бөлігін ғана пайдаланады. Бұл мақаланың мақсаты неміс тілін шетел тілі ретінде оқытуға арналған тіл үйрену қолданбаларын талдау болып табылады. Әдістемелік және дидактикалық зерттеулер шетел тілін мобильді қолданбалар көмегімен үйренуді сәтті жүзеге асыруға болатындығын және олар білім алушыға кез келген уақытта кез келген жерде оқуға мүмкіндік беретінін алға тартады.

Түрлі көрнекі, аудиовизуалды ақпарат құралдары мектеп пен білім беру жүйесінің бүкіл үдерісін қарқынды өзгертіп келеді. Мұндай мобильді технологияларды шетел тілі сабақтарында пайдалану шетел тілінің кез келген дағдыларын: сөйлеу, тыңдап-түсіну, оқу, сондай-ақ грамматиканы жылдам меңгеру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мобильді оқыту негізінен мұғалімдер үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы тіл үйренушілер үшін де білімді жаңартуға және тереңдетуге қолайлы, осылайша олар ғаламтордағы қосымша ақпарат көздеріне де қол жеткізе алады. Мобильді қолданбалар уақытты үнемдей отырып, қысқа мерзім ішінде шетел тілін меңгеріп шығуға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер немесе білім алушылар мысалы, бейнелер, аудиофайлдар, кескіндер, онлайн кітаптар мен жаттығулар, т.б. пайдалана алады. Осы элементтердің барлығы оқуды белсенді және қызықты етеді. Мобильді оқыту сонымен қатар әдістемелік дағдылар, жеке дағдылар, әлеуметтік дағдылар, іс-әрекет дағдылары, техникалық дағдылар, грамматикалық және лексикалық дағдылар сияқты мұғалім мен оқушының әртүрлі дағдыларының жиынтығын құру рөліне ие.

Осы мақалада қолданбаларды толығырақ талдап, төменде көрсетілгендей қолданбаларды сәйкес санатқа бөлу маңызды:



Мақалада келесі 5 қолданба талданады:

1. Lern Deutsch (Goethe-Institut e.V.)
2. German Complete Grammar (Apps2all)
3. Deutsch Grammatik (Edutek Studio)
4. Verben mit Präpositionen Deutsch (LAPPS)
5. Learn German (Deutsche Welle)

Гете Институтының *Lern Deutsch* неміс тілін үйрену қолданбасы қолжетімді. «Неміс тілін үйрен – Сөздер қаласы» „Lern Deutsch - Stadt der Wörter“ – А1 деңгейіндегі неміс тілін шетел тілі ретінде оқытуға арналаған онлайн ойыны болып табылады. Ойын түрінде түзілген тіл үйрену жаттығулары неміс тілінің қарапайым құрылымдарымен таныстырады. Мысалы, қолданба неміс тілінің грамматикасында үш род бар екенін және оларды зат есімдермен бірге есте сақтау керектігін үйретеді. Аталған қолданбаны пайдаланушылар Германияның ірі қалаларының көрікті жерлеріне жалпы шолу жасай алады және қарапайым сөйлемдер құруды үйренеді, қолданба ойын көмегімен неміс сөздерін кімнің көбірек білетінін және оларды дұрыс жаза алатынын тексеруге мүмкіндік ұсынады.

Неміс тілінің грамматикасы бірнеше қосымшасы бар *German Complete Grammar* (Apps2all) қолданбасында толық қамтылған. Неміс тілін оқытудың барлық деңгейлеріне арналған 10 000 жаттығулар бар. Бұл қолданба А1 деңгейінен бастап С1 дейінгі грамматикалық тақырыптарды қамтиды. Бұл неміс тілінде сөйлейтін оқушылар үшін қолайлы. Оқушы көсемшеге, артикльге, сын есімге, етістікке, зат есімге (жеке немесе көпше), етістіктің ырықсыз райына, неміс тіліндегі шақтарға, zu-мен инфинитивтке және т.б. грамматикалық тақырыптарға арналған жаттығулардың арасынан таңдау жасай алады. Сонымен бірге қолданба А1 деңгейінен бастап С1 деңгейіне дейінгі грамматикалық тақырыптарды қамтитын тест сұрақтарын/жаттығуларды ұсынады.

Үшінші қолданба Неміс тілі грамматикасы деп аталады және оны *Deutsch Grammatik* Edutek Studio ұсынады. Тіл үйренуші өзінің тілдік деңгейіне А1-ден

C1-ге қарай жаттығуларды таңдайды. A1 деңгейінде мұғалім «Жаңадан бастаушыларға арналған 15 сөз» атты бірінші 15 неміс сөзін енгізеді. Бірінші айтылған сөз – “ja”, енгізілген екінші неміс сөзі – “жоқ” т.б. Сөздер экранның төменгі жағында субтитрлер ретінде көрсетіледі және ағылшын тіліндегі аудармасы да бір уақытта көрсетіледі, яғни ағылшын тілімен салыстыра отырып екінші шетел тілін (неміс) үйренеді. Ол неміс тілінде зат есімдермен қатар үйренуге болатын үш род (der-die-das) бар екенін түсіндіреді. Онда сондай-ақ жоғары тіл деңгейлері үшін бейімделген грамматика сабақтары да бар.

Төртінші қолданба *Verben mit Präpositionen Deutsch* ең алдымен неміс тілін жаңғыртқысы келетін тіл үйренушілерге немесе A2 ден жоғары тіл деңгейіндегі қолдағушыларға арналған. Қолданбаның көмегімен грамматикалық тақырыптарды пысықтауға арналған грамматикалық жаттығуларды орындауға болады: неміс тіліндегі предлогтары бар етістіктерге мысалдар және т.б. Бұл қолданба B1 деңгейіндегі шет тілін үйренушілерге өте тиімді.

Бесінші қолданба *Learn German* неміс тілін үйрену және деңгей бойынша тест орындау деп аталады. Ол A1 ден B1 деңгейлеріне бағытталған. Бұл A1, A2 және B1 деңгейлері үшін неміс тілі деңгейін анықтайтын сынақтан өткен жалғыз қолданба. Әрбір деңгейлік тест 30 сұрақтан тұрады. Сәтті аяқталса, қолданба студенттің таңдаған тіл деңгейін растайды немесе студентті басқа да жаттығуларды орындауға ынталандырады. Тапсырмалар тыңдап түсіну, сонымен қатар мәтінді түсіну сұрақтарынан тұрады. Сондай-ақ қолданба студенттерге неміс тілінің ең маңызды грамматикалық ережелеріне шолуды ұсынады, мысалы: В. етістіктерге дұрыс жалғаудың жалғануы, шақтарға, зат есімдерге және жыныстарға, септіктерге, есімдіктерге, көсемшелерге және т.б. шолу. Дегенмен, қолданбаның негізгі құрамдас бөлігі - қолданушылар өз білімдерін A1 ден B1 деңгейіне дейін кеңейте алатын курстар. Курстарда неміс субтитрлері бар оқу бейнелері көрсетілетін, осылайша тіл үйренуші өз бетінше оқи алады. Одан кейін оқу видеосының мазмұны бойынша тексеруге арналған жаттығулар орындалады. Сабақты сәтті аяқтағаннан кейін тіл үйренуші келесі сабаққа ауыса алады.

Tabelle 1: Vergleich von sprachlichen Kategorien innerhalb der ausgewählten Apps

App	Wortschatz	Hörverstehen	Schreiben	Grammatik	Sprechen
Lern Deutsch (Goethe Institut)	✓	✓	✓	✓	✓
German Complete Grammar (Apps2all)	✗	✗	✗	✓	✗
Deutsch Grammatik	✗	✗	✗	✓	✗
Verben mit Präpositionen Deutsch (LAPPS)	✗	✗	✗	✓	✗
Learn German (Deutsche Welle)	✓	✓	✓	✓	✗

Бес қолданбаны салыстыру кейбір ұқсастықтарды, сонымен қатар олардың дидактикалық мақсаттарындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Талданған бес қолданбаның барлығы шетел тілі ретінде неміс тілін оңай, әрі қолжетімді етіп үйретуге бағытталған. Қолданбадағы тапсырмалар Хельбиг пен Бушаның немесе Дрейер мен Шмитттің практикалық грамматикасын біршама еске түсіреді. Сондықтан бұл қолданбалар тек неміс грамматикасына бағытталған және пайдаланушыларға таңдалған немесе енгізілген жауаптың дұрыстығы туралы дереу кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Неміс тілінің толық грамматикасы қосымшасы осында ерекшеленеді. Ол А1-ден С1-ге дейінгі әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды ұсынады. Сонымен қатар, қолданба зат есімдерді ажыратудан, предлогтар бойынша жаттығулардан, функционалдық етістік құрылымдарынан, инфинитивтің бар немесе онсыз, шақтардың дұрыс қалыптасуына дейін неміс грамматикасының кең ауқымын қамтиды.

EduTek Studio ұсынған «Неміс тілі грамматикасы» деп аталатын үшінші қолданба да үйренушіге грамматикалық білімді А1-ден В2-ге дейінгі деңгейлерде оқу бейнелері түрінде үйретеді. Өкінішке орай, қолданба ешқандай жаттығуларды ұсынбайды, сондықтан пайдаланушы алған теориялық білімін өз бетінше тексере алмайды. Сондықтан қолданба интерактивті емес, кері байланыс ұсынбайды және оны тек басқа грамматикалық қолданбалармен бірге тиімді пайдалануға болады.

«Гёте баспасының неміс тілін үйрен» және «Deutsche Welle радиосының неміс тілін үйрен» қолданбалары басқа тәсілді қолданады. Бұл екі қолданба студентке сөздік, тыңдап түсіну, жазу, грамматика және сөйлеу дағдыларын (тек Неміс тілін үйрену қолданбасымен) бірдей дәрежеде үйретуге тырысады.

Қорытындылай келе, жаңа технологиялар тіл үйренушілер үшін тамаша мүмкіндік береді. Қолданушылар мобильді қосымшалардың кез келегенін ашып, берілген ережелерді қарастырып, өзінің деңгейін анықтау үшін тест тапсырмаларын орындай алады. Қолданбалар бір-бірінен тапсырмалардың және ережелердің күрделілігіне қарай ерекшеленеді. Қолданбарда ережелер, грамматикалық жаттығулар мен сөздіктер беріледі. Осылайша, тіл үйренуші өз сөздік қорын толықтырып, шет тілінде сөйлеп үйренеді.

Әдебиеттер

1. O.Bayerlein, D.Feick. Mehr als nur *Apps. Mobiles Lernen* im DaF-Unterricht.-2020.-S.85
2. N.Döring, M.R. Mohensi. *Mobiles Lernen*. Berlin, Heidelberg: Springer.-2018
3. S.Heinz, *Mobile Learning und Fremdsprachenunterricht*. Bad Heilbrunn: Verlag Julius Klinkhardt. - 2018

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ CANCEL МӘДЕНИЕТІНІҢ ІЗІ

Нажиева Мафтуна

6B01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 4-курс студенті

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ,

Көкшетау, Қазақстан

nazhievamaftuna@mail.ru

Ғылыми жетекші: Бөкен Г.С., PhD., қауымд.профессор

Резюме

В статье дается обзор концепции культуры Cancel. В целях выявления следов культуры Cancel в литературоведении за основу берутся произведения Т. Абдика и У. Хамдама. В частности, рассматриваются художественные произведения двух писателей, посвященные теме «Отец». Также проанализирована проблема развития литературных связей в казахской и узбекской литературе.

Summary

The article provides an overview of the concept of the Cancel culture. In order to identify traces of the Cancel culture in literary studies, the works of T. Abdik and U. Hamdam are taken as a basis. In particular, the works of art by two writers devoted to the theme "Father" are considered. The problem of the development of literary relations in Kazakh and Uzbek literature is also analyzed.

Сан ғасырлық мәдени қарым-қатынастары орнаған әр түрлі халықтар арасындағы әдеби байланыстарды зерттеу – бүгінгі таңдағы әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Әрбір әдебиет ұлттық тарихи болмысымен ерекшеленіп, әлемдік әдебиеттануға өзіндік үлесін қосады. Сондықтан да дүниежүзілік әдебиеттануды осы бір үдерістің диалектикалық бірлігінің нәтижесі ретінде тануға болады. Белгілі жайт, ешбір ұлттық әдебиет жалпы көркемдік үдерістен жеке дара дамымайды. Сондықтан да осынау әдеби байланысты зерделеу мақсатында қазақ және өзбек әдебиетіндегі үндестікті көркем шығармаларындағы cancel мәдениетінің ізі негізінде қарастыруға да болады.

2021 жылдың желтоқсанында танымал америкалық комик Джо Роган Spotify-дағы кезекті подкастында коронавирусқа қарсы вакцина жөнінде сыни пікір айтты. Аудитория оның бұл көзқарасын оң қабылдамай, авторды жалған ақпарат таратты деп айыптады. Осы шу кесірінен Spotify қолданушыларының 19 пайызы сервиске жазылымнан бас тартты. Компанияның акциялары қаңтар соңына қарай 8 пайызға құлап, брендтің нарықтық құны 2 млрд долларға кеміді. Cancel culture, яғни бас тарту мәдениеті іс жүзінде осылайша көрініс тапты [1,4].

Жалпы Cancel culture дегеніміз не? Бұл мәдениет шынымен жуырда ғана пайда болған үлкен жаңалық па? – деген сұрақтар аясында жүздеген пікірлер молынан ұшырасады.

Қазақ қоғамында cancel culture – “теріс айналу”, “бас тарту” мәдениеті деп аударылып жүр. Бүгінгі қоғам қателік жасағандарды тек заңмен ғана жазалап қоймай сонымен қатар, өздері теріс деп тапқан дүниелерге көзқарастарын да ашық білдіріп жүр. Оған қоса, қателік жасаушыларды тек бүгінгі емес, өткен

қателіктері үшін де жазғырып, олардың өздерінен бас тартып қана қоймай, жасаған еңбектері мен жұмыстарынан да теріс айналуда. Яғни, әлеумет қателік жасағанды қаралап, оның бүкіл қызметінен бас тартады. Бұл түсінік алғаш рет әлеуметтік желіде қолданыла бастады. Уақыт өте келе желі қолданушылары түрлі микротоптарға бірігіп, айыпталып отырған адамды ортадан аластатуды талап етуді әдетке айналдырды. Ал кінәлі деп табылған тұлғалар, бірден келісімшарттар мен қолдаудан айырылып, наразылық толқынымен жалғыз өзі бетпе-бет келуге мәжбүр болады.

Қуғын-сүргіннің бұл түрін Ежелгі Грециядағы остракизммен салыстыруға болады. Мемлекет үшін қауіпті азаматтарды әлеуметтік шеттетудің үрдісі осылай аталып келді. Жасырын дауыс беруде остраконкадағы жазу арқылы кімнің елден қуылатынын шешті.

Бір қызығы, бұл құбылыс ата-бабаларымыздың көшпелі өмір салтында көрініс тапқан. Бұл мәдениеттің етек алуын Батыс елдермен Орта Азия елдерінің арасында айтарлықтай ерекшелік жоқ. Олар бір-біріне өте жақын. Бір айырмашылығы түркілердің қоғамында болған жағдаятты тез ұмытады немесе уақыт өте келе кешіреді. Бұл мәселе төңірегінде алғашқылардың бірі болып пікір айтқан этнолог, мәдениеттанушы Серік Ерғали болды.

Сөзімнің дәлелі ретінде, Өзбекстанның халық жазушысы, аудармашы Улуғбек Хамдамның «Ота» («Әке») романы [2,67], Төлен Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесі, «Әке» повесті және Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы бас тарту мәдениеті қалайша көрініс тапқанын айтатын боламыз. Әрине ғасыр басында әлеуметтік желілер бүгінгідей қатты дамымады. Дегенмен, бас тарту мәдениетінің ізі қаламгерлердің шығармаларында да өз бояуын қалдыра білді.

Алдымен Төлен Әбдік шығармаларына тоқталсақ. Төлен Әбдік Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауерияты. Оның қаламынан туған әңгіме, романда тақырыптық жағанан ғана емес, психологиялық тұрғыдан да қазақ прозасына жаңалықтар алып келді. «Әке», «Қонақтар», «Көкжиек», «Ақиқат», «Күзгі жапырақтар» сияқты арозалық кітаптардың авторы. Адам жанын терең қопарып, зерттеп жазатын жазушы. Төлен Әбдіктің көп туындыларында жалғыздық философиясының сарыны басым. Айталық, «Оң қол» әңгімесінде өз дертімен қоғамнан ысырылып, жалғыз қалған Алма бейнесі, «Парасат майданында» жалғыз адамның екіге бөлінуі. «Қонақтар» әңгімесінде де қартайғанда ұлымен немерелеріне зар болып, өз ойлары, өз армандарымен жалғыз қалған әке бейнесі. «Әке» [3,87] повестінде де жалғыздықтың символикасын пайдаланады.

«Әке» повесі әкемен баланың тағдырын ғана емес, екі ұрпақ өмір сүрген кезеңнің суреттейді. Шағын ғана повесте, бір ұлттың басына түскен қаншама қасірет баяндалады. Повестің басы, әкесіне асығап, ұшақта келе жатқан басты кейіпкер Сайлаудың атынан баяндала бастайды. Әрі қарай Сайлау қарт әкесінің басынан кешкен оқиғаларына тоқтала бастайды. Арасында қазақтың салтына тән, қызды шежіреге кіргізбейтіні тілге тиек етіле кетеді. Тарихтағы қаралы парақтар, қоян жылдағы жұттан кейін, патша құлап, үкіметтің жаңарғаны туралы ақ пен қызылдың шығғаны туралы баяндай келіп, казактардың елді тонап,

зорлық-зомбылық көргені туралы оқиғалар бірінші жақтан баяндалады. Атты казактардың елді шабуы Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романын еске салады. «Мамырбайдың – Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі» деп басталған романдағы офицерлердің елді шауып, әйелдерді қара бет еткені, «Әке» повестіндегі казактардың іс-әрекетімен жақын келсе, Ақбілекті орыс офицері алып қашып, өз отауына әкеліп арын таптағаны, одан кейін қыздың елге оралғандағы ауыр тағдыр, ел-жұрттың, жанындай жақсы көрген өз әкесінің қыздан бас тартқаны, жалғыз қызын құтқарамын деп қаза тапқан ана бейнесі, Улуғбек Хамдамның «Әке» романындағы сюжеттерге өте жақын, кейіпкерлердің өмірі тағдырлас. Ақбілектен атастырлығын жігіті Бекболатта бас тартады, өйткені қыз қара мұрт офицерінен жүкті еді. Басты кейіпкердің жұрттың сөзіне қарамай, баланы босануы, жоғарыда біз қозғап отырған **cancel мәдениетіне** қарсы шыға алған. Ал шығармадағы қыздың әкесі мен ауыл адамдарының жазықсыз мықтылардың құрбаны болған қорғансыз қыздан бас тартуы осы мәдениеттің сол замандағы көрінісі. Ақбілектің қиындықтарға қарамастан қалаға барып оқу оқығаны, өзбек романындағы Полаттың қызы Севинчтің бетінің қатты күйіп, қоғамдағы адамдардың қарсылығына қарамастан, бес жасынан әулеі мектепте сауат ашып, артынша Ташкенттегі медицина университетіне барып, оқуын жалғастырған қайсарлығына жақын. Екі романдағы әйелдердің тағдыры бір-біріне ұқсас. Қыздары үшін жандар құрбан еткен ана образы. Тағдың жастай жауыздардың жауыздығының кесірінен, тағдырдың құрбаны болған нзік жандылардың образы. Осының барлығына әлсіз, нәзікжандылардың өзін кінәлап, олардан бас тартқан, қабылдағысы келмеген қатігез қоғам бейнесі. Барлығы да ұқсас. Дүние алма кезек демекші, романдағы бұрын тәкаппарланып, ешкімді менсінбеген Естөре кедейленіп, басына іс түсіп, Айтыбайға қарам болады. Жер аспанға, аспан жерке айналатын кездер болады. Бұл өзбек романындағы жағымсыз кейіпкер Эрбай образына өте жақын келеді. У.Хамдамның романындағы жауыздықдың бастаушысы осы кейіпкер, ғұмырының соңында бар айбын мойнына алып, басты кейіпкер Полаттан кешірім сұраған болатын. Төлен Әбдіктің «Әке» повесін ХХ ғасырдағы қазақ тарихының қысқаша жазбасы деп есептесек, Улуғбек Хамдамның «Әке» романында оқырман қауым ХХ ғасырдағы өзбек халқының өмір, тыныс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, наным-сенімдерімен толыққанды таныс бола алады. Екі шығармадағы тағы бір ортақ көпір, туындыларда Ұлы Отан соғысы туралы сюжеттердің болуы. Соғыс кезіндегі келеңсіздіктер мен оның салдары туралы ортақ суреттер бар. Сонымен қатар, үлкен буын мен жас бунның арасындағы ара жіктің ажырауынын сипаттайтын бейнелер жазылады. Шындығында екі туындыдағы әкелердің арманы орындалып, ұрпақтарын жалғастыратын тұяқтарының болуы, шығармадағы қуанышты жайттардың бірі.

Екі шығармада өзінің тарихи шындығымен, кейіпкерлердің прототиптерінің өмірде болуымен ерекшеленеді. Екі туындыда да, қазақ және өзбек ұлтына тән, ежелден келе жатқан салт-дәстүрлер: келін түсіру, бесік той, өлімді жөнелту, балаға есім қою сияқты жоралғыларда бүге шүгесіне дейін суреттеліп, екі ұлттың өзіне тән ұлттық бояуларымен оқырманды таныстырады.

Жазушы Төлен Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесі бүгінгі күнде де өз өзектілігін бүгінгі күнде де жоғалтқан жоқ. Шығармада бар жүк Ерғабыл шалдың ішкі жан таласы, іс-әрекеттері, өзгелермен қарым қатынасы арқылы баяндалады. Әке арманы жоғарыдағы шығармалар сияқты баласы Сапарбекті тосып отыратын, оны жақсы көретін әке образына құралған. Әңгімеде ұлттық болмыстан айрылып, жер жаһанды кезіп, табысты өмір сүріп жүрген жалғыз баласының өмірі әке үшін мақтаныш емес. Омырауы ашық киініп, орысша сөйлейтін, қазақ келіндеріне тін биязылықтан таса қалған келіні Томаға да, қазақша сөз түсінбейтін немересіне де шалдың көңілі толмайды. Ерғабыл шал үшін қара шаңырақтың түтінін өшірмей, ата-ана алдындағы борышын өтеген бала ғана мақтаныш. Ауыл адамдарына әңгіме айтып көсіле сөйлеген баласының сөзін зеки тиып, дастархан басында домбыра тартқызуы, кетерінде баласын тастап кетуге қимаған ұлына «Алып кет өзіңмен бірге, оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар!» деп түнере сөз айтуында да шалдың баласына деген наразылығы сезіліп отыр. Ерғабыл шал ұлттық болмысты сақтап қалушы тұлға. Тура Улуғбек Хамдамның «Әке» романындағы иманы мен ата салтын бекем ұстап қалуды көкसेген, тіпті соның жолында өз қызының жанын қиған Полат қарттың бейнесін ұқсатуға болады. Сонымен қатар, Сапабек әкесі үшін парыз, қарыз деген ұғымдарды түсінбейтін бүгінгі күнмен ғана өмір сүретін бала. Жоғарыдағы кейіпкерлер ұрпақ үшін жан таласса, «Қонақтар» әңгімесінде үмітті ақтамаған ұрпақ тағдыры суреттеледі.

Екі туындыда да көтерілген тақырып өте ауыр. Өзбек романында қарт әесі мен шешесіне ұрпақ силағысы келген, нәзікжанды Севинчтің әкесінен жасырып балалы болғаны айып болса, «Қонақтар» әңгімесінде заман ағымынан артта қалғысы келмейтін білім мен іздесінсе талпынған Сапабек образдары суреттеледі. Екі туынды да ұқсас бір жайт бар. Екі перзенттің де ортақ мәселесі, әкелеріне өз қалауларын, армандарын ашық-айқын айтып жеткізе алмауында. Сөйлесулерден қашуында немесе сескенуінде. Мүмкін бұған заман ағымы кінәлі де шығар. Өйткені, ол замандарда адам психологиясын зерттеу болған доқ. Әркім махаббатты қалай түсінсе, солай жеткізіп отырды.

Мүмкін, ұрпақ тәрбиесіне келгенде **cancel мәдениеті** бізге ауадай қажет те шығар. Өйткені әр бір адам өз қалаулары мен армандарын айтып үйрене алуы керек. Осы мәселені ХХІ ғасырмен ұштастырсақ, қазір әлеуметтік желіде автобуста жастармен қарттардың теке тіресі, бір-бірімен бет жыртысып, боғауыз сөз бен қарғыс айтып жатқан видеолары жиі тарап жүр. Бұның басты себебі неде? Кінәнің бәрі дұрыс тәрбие бере алмай жүрген үлкендерде ме?

Ендеше, жоғарыдағы сұраққа жауап беріп көрейік. Ата-бабаларымыз ұрпақтарын «Үлкенді сыйла, кішіге ізет көрсет» деп тәрбие берген. Бірақ, заман ағымы зымырап, ХХІ ғасыр адамдары өздерінің мүдделерін қорғай білуді, жеке шекарасын сақтай білуі және өзгенің де жеке шекарасына өтпеуді үйренуі керек. Ол үшін біздің қоғамда **cancel** мәдениетінің дұрыс нұсқасын қалыптастырып, оны жақсы жағынан өрбіту керек. Бұл мәдениет онсыз да біздің қоғамда бұрыннан бар. Тек оны дұрыс зерттеп, ұғынып, өзгелерге үйрету, бүгінгінің иығына жүктелген міндет болып отыр.

Әдебиеттер:

1. <https://altyalash.kz/> <https://altyalash.kz/2023/02/16/b-lingennen-b-ldirgi-alma/>
2. Хамдам У.Ота. – Ташкент: Ешлар матбуоти, 2023. – 206 б.
3. Әбдік Т.Әке. Повесть. <https://kitap.kz/book/tolen-abdikov-tozaq-ake>

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Галиева Майра Осеновна педагог-шебер

№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты

Түйін

Мақала қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сәйкес туындаған жаңа әдіс-тәсілдерді көпшілікке ұсынады. Ұсынылған әдістер жалпыадамзаттық құндылықтарға бағыттайтындығымен және оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратындығымен тиімді екендігі дәлелденген.

Summary

The article presents to the public the new methods developed in accordance with the educational goals of the Kazakh language curriculum. It has been proven that the proposed methods are effective in that they focus on universal values and form the functional literacy of students.

Жаңартылған білім мазмұнының тиімді екендігін дәлелдеу – ұстаздардың қолында. Менің мақала жазудағы мақсатым да-оқу мақсаттарына сәйкес туындаған жаңа әдіс-тәсілдерімді көпшілікке ұсыну. Ұсынылған әдістердің жалпыадамзаттық құндылықтарға бағыттайтындығымен тиімді екенін дәлелдеу.

Білім беру түгелімен қопарыла өзгерген жоқ. Жаңартылған мазмұн. Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарлама – оқушының тиімді қарым-қатынас қабілетін арттыруға, құндылыққа баулуда және коммуникативті дағдылардың қалыптасуына, ХХІ ғасыр дағдыларына (сыни ойлау қабілеті, өзара әрекеттесу мен қарым-қатынасқа қабілеттілікке және жұмысқа деген шығармашылық көзқарас) тұлға қалыптастыруға бағытталып отырған бағдарлама. Және осылай мақсатқа бағыттай отырып оқыту арқылы біз алдына мақсат қоя алатын, сол мақсатқа қарай дұрыс қарым-қатынас жасай білуге дағдыланған, басқаның көзқарасын, пікірін құрметтеуге бейім, алған білімін қолдана алуға дағдыланған, сыни ойлауы қалыптасқан, зерделеп, зерттеп, талдай отырып оқитын және ғылыми зерттеу дағдылары қалыптасқан шәкірт тәрбиелейміз. Қоғам оқушының да, мұғалімнің де функционалды сауатты болуын талап етеді. Заманға сәйкес, Блум таксономиясының танымдық деңгейлері стандартты білім ретінде қабылданып отыр. Ал дәстүрлі оқытуда талдау, жинақтау, бағалау

деңгейлері шығармашылық деңгей ретінде қарастырылатын. Яғни, талап жоғары. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы қойылған базалық құндылықтар: 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы арқылы игеріледі,-деп көрсетілген. Оқыту барысында жұмыстың нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне байланысты болады. Оқытуда мынадай екі түрлі қызмет жүзеге асады бірінші мәселе - мұғалімнің оқытуы, екінші - оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі - әңгіме әдісі, кітаппен жүргізетін жұмыс түрі - кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі - оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады,»-деген қазақ педагогикасында ерен еңбегі бар Қ.Бітібаеваның ойы менің ойыммен дөп келді, өз іс-тәжірибемдегі ойластырып, атау беріп жүрген әдістерімнің дұрыс екеніне сенімді болып сіздерге ұсынып отырмын. Жаңартылған білім беру мазмұнында білім стандартында берілген оқу мақсаттарына жету үшін мақсатқа сәйкес әдіс таңдап, тапсырмаларды соған лайықтап ұйымдастыру және сол тапсырмаларды орындауда дискрипторды жүйелеп беру тәжірибемде өз тиімділігін көрсетіп жүр.Дарындылықты жетілдіретін әдістерді аударып-төңкеріп зерттеп жүріп, өзім де сабақта нәтижеге бағытталған әдістерді ойластыра бастадым.

Қазақ тілі пәнінен «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында сабақ жоспарладым. «7.1.2.1.Әлеуметтік-қоғамдық жаңалықтан автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау» және «7.3.2.1.Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме жазу» оқу мақсаттарына жету барысында мынандай әдістер қолдандым. Сабақ кезеңдеріне сәйкес, сабақтың басы(ұйымдастыру кезеңі)«Таңғы тілек» әдісімен басталды.Бұл әдістің шарты:

- 1.Оқушы достарына тілек арнайды
- 2.Тілекті білдіруде тілдік құралдар қатыстырылады

Яғни, оқушы жауап берерде қазақ тілі пәнінен алдыңғы білім мен (өтілген«Коммуникативті жағдаятқа сай тілдік құралдарды қолдану» оқу мақсатына сәйкес іс-әрекет жасалып) әдебиет сабақтарында меңгерген теңеу,метафора сынды тілдік құралдарды қолданатындай жауап айтқызуға бағытталады. Мысалы,бір оқушы «Таңғы тілек» әдісімен достарына:Сынып арландары, ауырмайтын жол іздесеңдер, әрқашан бірге жүреміз!-деген тілек айтты. Мұнда қазақ тілінде өткен «Коммуникативті жағдаятқа сай тілдік құралдарды қолдану» оқу мақсатына сәйкес іс-әрекет жасалып, әдебиет сабағында өткен «Көксеректің» көшбасшылығы меңзеп айтылды.Ал,алдыңғы сабақты пысықтау кезеңінде баланың грамматикалық сауаттылығын әр сабақта пысықтап отыру мақсатында «Қима» әдісімен сабақ сұралды. «Қима» әдісінің шарты:

- 1.Үй тапсырмасы бойынша берілген сұрақтар беріледі
- 2.5 минутта жауап беріп үлгеру тапсырылады
- 3.Мұғалім дұрыс жауаптарын ұсынады

3. Оқушылар академиялық адалдықты сақтап, бірін-бірі тексереді.

«Қима» әдісіндегі тапсырма мынадай мазмұнда дескрипторымен бірге болады:

1. Демеулік шылаулардың ерекшелігін көрсетіңіз.

2. Омоним болатын шылауларды жазып, мысалмен дәлелдеңіз.

3. Дұрыс жауабымен сәйкестендіріңіздер.

а) -ақ, -ау, -ай

сұраулық демеулік шылаулар

ә) түгіл, тұрмақ, тұрсын

күшейткіш демеулік шылаулар

б) қой, ғой, -ді, -ті

шектеулік демеулік шылаулар

в) ғана, қана, тек

күшейткіш демеулік шылаулар

г) ма, ме, ба, бе, па, пе

болымсыздық демеулік

шылаулар

ғ) да, де, та, те

нақтылық демеулік демеуліктер

Дескриптор:

1. Демеулік шылаулардың ерекшелігін біледі (ережесін) 1 ұпай

2. Омоним болатын шылауларды біледі және мысалмен дәлелдеп жазады 2 ұпай

3. Демеулік шылау түрлерін дұрыс жауабымен сәйкестендіреді 6 ұпай

4. Уақыт үнемдейді 1 ұпай

Дұрыс жауаптарына қарай отырып, оқушылар бірін-бірі ауызша талдап бағалайды. Бұл әдістің тиімділігі сол – өтілген материалдарды мұғалім уақытында, бүкіл сыныптан пысықтап отыруында. Мен бұл сабақта «Қима» әдісіне 7 минут бөлдім. Бес минутта тапсырманы орындаса, екі минутта үш оқушы жанындағы жұбын бағалады. Жұбының дұрыс жауабы мен қате жауабына дәлел ұсынуына қарай бағалаған оқушы да бағаланады. Сонда үй тапсырмасын осылай пысықтау арқылы оқушылар ӘТН-ге қатысты оқу мақсатымен жұмыс жасады, бірін-бірі бағалау кезінде өз білімдерін қолдана білді. Әрине, бұл уақыт 30 оқушыны тексеріп шығуға немесе 30 оқушының бір-бірін бағалап тұруына жетпейді. Үлгермеген оқушылардың жұмыстарын сол уақытта жинап алып, яғни оқушылар екінші тапсырманы орындап жатқанында жылдам тексеріп беруге болады. Бұл әдіс оқушылардың өз беттерінше грамматика саласындағы ережелерге, сауаттылығын үнемі арттырып жүруіне және білімді қолдану дағдыларының жетілуіне себеп болады.

Ал жаңа сабақта оқу мақсаты «7.1.2.1. Әлеуметтік-қоғамдық жаңалықтан автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау» болғандықтан, интернет желісі арқылы берілген сілтеме бойынша «Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі» тақырыбында жаңалық тыңдайды. Ал тапсырманы «тыңдалған жаңалықтан автордың көзқарасы мен көтерілген проблемаға талдау жасаңыз» деп оқу мақсатына жетуді ескеріп әзірледім. Осы оқу мақсатына сәйкес, тапсырманы орынауға сәйкес әдісті «Проблема. Факті. Көзқарас.» әдісі деп белгіледім. Бұл әдістің оқушының тыңдалым дағдысын жетілдірудегі орны ерекше. Дәптерлерін үшке бөліп, Проблема \ Факті \ Көзқарас деп жазып қояды. Жаңалықты тыңдап отырып бірден проблеманы, фактіні, автор көзқарасын анықтап дәптерге түсіріп

отырады. Оқушы білу, түсіну, талдау деңгейлерінен 1-тапсырманы орындау арқылы өтеді.

Тапсырманы орындау түсінікті, жеңіл, жинақы, нақты болуы үшін дескриптор дайындау міндетті. 1-тапсырмаға дескрипторды былай дайындадым:

1. Жаңалықты мұқият тыңдайды (1 ұпай)
2. Мәтіннің мазмұнын түсінеді (1 ұпай)
3. «Проблема. Факті. Көзқарас.» әдісін қолданып, бірден түртіп отырады (2 ұпай)
4. Автор көтерген мәселені анықтайды (1 ұпай)
5. Көтерілген мәселеге қатысты фактіні анықтайды. (1 ұпай)
6. Автор көзқарасын анықтайды (1 ұпай)
7. Көтерілген проблемаға қысқаша өз талдауын жасайды. (2 ұпай)
8. Дәптерге сауатты жазады (1 ұпай)

	Проблема	факті	көзқарас
1.	Дұрыс тамақтанбау	Адамдар асқазан ауыруына шалдығуда	Тамақтану пирамидасына сәйкес тамақтану керек. Кәсіби мамандардан кеңес алып отыру керек.
2.			

7.3.2.1. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме жазу деген оқу мақсатына мынадай тапсырма дайындалды: «Әліз бала» тақырыбында жанры мен стильдік ерекшеліктерін сақтап, шағын әңгіме жазыңыздар. Бұл тапсырманы «ЖСКК» (Жанр, Стиль, Композиция, Көркемдеу) әдісімен орындайды. Тапсырманы қалай орындайтыны, әдіс қалай орындалатыны дескрипторда көрсетіледі.

Дескриптор:

1. Берілген тақырыпқа түсінеді 1 ұпай
2. Әңгіме жанрының ерекшелігін біледі 1 ұпай
3. Әңгіменің композициялық құрылымын сақтайды 2 ұпай
4. Көркемдегіш құралдарды орынды қолданады 2 ұпай
5. Шағын әңгіме жазады (14 сөйлем) 2 ұпай
6. Сауатты жазады 2 ұпай

Бұл әдіспен жұмыс жасауда қалыптастырылатын дағдылар: функционалдық сауаттылығы артады (алдыңғы білімді қолданады), жазылым іс-әрекеті дағдысы дамиды, дарындылық қасиеті ашылады. Сабақ соңында «Пікіріңіз құнды!» әдісімен сабақтың құндылығын немесе ұсыныс айтуы нәтиже беріп жүр. «Пікіріңіз құнды!» әдісімен кері байланыс жасау алгоритмі:

1. Сабақтағы 45 минуттағы іс-әрекетті саралайды, ой елегінен өткізеді.
2. Өз әрекетіне сыни көзбен қарайды
3. Әріптесінің іс-әрекетіне сыни көзбен қарайды
4. Мұғалімнің іс-әрекетіне сыни көзбен қарайды

5. «Апырмай-ә!» деп қалған артықшылықты жазады

6. «Өттең-ай!» деген ұсынысын жазады.

Үйге: «дұрыс тамақтануға қатысты 5 мақал жаттау» берілді. Ертесіне үй тапсырмасын пысықтау барысында мақалды жаттап айтып бере салмай, сабақты ұйымдастыру кезеңімен үй тапсырмасын кіріктіре отырып, жаттаған мақалдарын қолданып, «Таңғы тілек» айту, «Сабаққа сенімді мақсат қою» әдістерімен жалғасын тауып, үздіксіз дамып жатады. (Бұл әдістің ерекшелігі ұйымдастыру кезеңімен алдыңғы сабақты кіріктіріп жіберуге болады. Белгілі бір оқу мақсаттары да орындалады. Мысалы, Коммуникативті жағдаятқа сай тілдік құралдарды қолдану және «Көркем шығармалардан алынған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін қолдану»)

Әдебиеттер

1. Асхат Әлімов. «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану» Оқу құралы-Алматы-2015ж.

2. Б.К. Умирәлиева, З.А. Сапарбаева «Сабақ тиімділігін арттыратын 370 әдіс+ саралаудың 100 тәсілі.» Шымкент-2018.

3. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Алматы «Рауан»-1997.

Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ – АЛАШ АРДАҚТЫСЫ

Ж.АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ҚАЗАҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ РЕКВИЕМІ

Ж.О.Артықбаев

тарих ғылымдарының докторы, профессор
(Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ)

Ғылым үшін ең басты мәселенің бірі әр түсініктің, терминнің ұғымдық аясын анықтап алу. Идея дегеніміз не? Идея дегеніміз көп мағыналы сөз, бірақ ұлттық идея дегеніміз белгілі бір мемлекеттік теорияның, әлеуметтік құрылымның, қоршаған дүниеге көзқарастың, яғни дүниетанымның негізінде тұрған түсінік. Түсінік оңайлықпен қалыптаспайды және ол ешқашан жұрттың бәріне ортақ болмайды. Адам тым күрделі құбылыс, оның сыртқы киімі, жүріс-тұрысы, дастарханда ас қабылдауы бір-біріне ұқсас болуы мүмкін, ал оның ойы, ниеті, түсінігі ешқашан бір-біріне ұқсамайды. Белгілі бір ру-тайпалардың, этникалық топтардың, ұлыстардың ой, ниет, түсініктерін бір –біріне жақындатып, ұлт құру үшін интеллектуалдық ортаның ондаған- жүздеген жылдарға созылған күресі қажет. Бұл күресті қазақ интеллектуалдары ХІХ ғасыр -ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде бастан кешірді және оның нәтижесінде Алаш Орда қозғалысы, оның теориясы мен практикасы қалыптасып шықты.

Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы осы күрестің көркем нәтижесі, оның шығармашылығын көркем әдебиет туындылары, педагогикалық еңбектері, қоғамдық ойлары т.б. деп бөлу тек шартты түрде ғана. Бір ғасырдан аса уақытқа созылған күрестің нәтижесінде ХХ ғасыр басында түзілген Алаш интеллектуалдық қауымдастығында өзіндік экзистенция жоққа тән. Бұл қозғалыстың негізгі қайраткерлері өз өмірін тек ұлтқа қызмет етуге арнады және олардың шығармаларында ұлт мәселесі бірінші орында тұрады. Екіншіден, бұл қозғалыстың саяси жетекшілері мен идеологтары қазақтық, шығыстық, батыстық ілімдерді игеруімен ғана емес, олардың ойлау және зерттеу әдістерін әдемі ұштастыра білгендігімен ерекшеленеді.

Ж.Аймауытов шығармашылығында нашар дүние жоқ, бәрі де ұлт мүддесінен және заман талабынан туған еңбектер, бірақ біздің тақырыбымыз үшін жазушының «Ақбілек» романы мен «Күнікейдің жазығы» аталатын повесін салыстыра талдау маңызды. Сонымен бірге бұл екі шығарманың жазылуы уақыты бір–біріне жақын, «Ақбілек» 1927 жылы жазылса, «Күнікейдің жазығы» 1928-дің соңы 1929-шы жылдың басында жазылды.

«Күнікейдің жазығы» туралы Ж.Аймауытов тақырыбында жазып жүрген мамандардың арасында қазіргі күні екі түрлі көзқарас бар. Бірі Күнікейді

ақтайды. Олардың пікірінше: «кедей қызы Күнікей – өз теңдігін қорғаған, жалпы ескілікке, көшпелі, жадағай тұрмыс тудырған әдет-салтқа қарсы күрескен, сол қорлық итермелеп ұзатылған адамынан қашып, сүйген жігітінің құшағына ұмтылған қазақтың кекті қызының» бейнесі. Сыншылардың ұйғарымы бойынша, «Күнікейдің жазығы» повесінің тақырыбы – әйел тағдыры. «Жазушы қазақ әйелі теңдікке жетіп болған жоқ, оған деген көзқарас өзгермеген, елдің ескі тұрмысы, ұғымы әлі де қолбайлау болып, аяқты шырмап жатыр деген ойға тірейді» дегенді екі сыншының бірі жазады. Екіншісі – Күнікейді жазғыратын көзқарас. Ол атастырылған адамын мойындамай, некені бұзып өзгеге берілген, мораль тұрғысынан сын көтермейтін әйел. Күнікейдің әңгіменің соңында жалғыздан-жалғыз қараңғы үйде қамалып, аурудан күйзеліп, суықтан тоңып, аштықтан қатып жатуы да – Құдай тағаланың оған берген жазасы-мыс.

Шын мәнінде бұл көзқарастар өте үстірт деп есептейміз. Оның басты себебі сыншылар ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жарық жұлдызын өздерінің советтік өлшегіштеріне, таразыларына салған.

Енді мына мәселені қарайық. «Күнікейдің жазығы» 1928 жылдың соңында, 1929 жылдың басында «Жаңа әдебиет» журналында үлкен қиындықтармен, қауіппен жарық көрді. Жазушы өз шығармасын аяқталар-аяқтамаста басылымға беріп отырғаны ақиқат. Бұл редакцияның қоржынында жатып қалған шығарма деп айтуға болмайды. Жалпы шығарма аяқталмай қалған дүние, не жазушы шығарманы аяқтауға асығып, шолақ қайырған.

Мүмкін автордың дәстүрлі қазақ өмірін мысалға ала отырып үлкен панорама жасау жоспары болған шығар, бірақ саяси оқиғалар оған мүмкіндік бермегені анық. Сол себептен автор шығарманың негізгі кейіпкерін сол қалпы, тіпті аттарын да өзгертпей кіргізе салған. Оқиға Ордабай атты байдың ауылында өрістейді. Ордабай Жүсіпбектің өз ағайыны, Арғын ішінде Сүйіндік, одан Күлік болып келеді. Повесте «Ноқаң ауылы» деген бар: «Жонның қар суымен шығып, желкілдеп тұрған бидайық, шалғынын жеймін деп жанталасып күліктен алдымен Ноқаң ауылы көшеді». Жүсіпбектің «Ноқаң» деп отырғаны – Қуан баласы Ноғай деген ақсақал. Ауқатты, ақылды, тілді адам болса керек. Мәшһүр шежіресінде «Ноғай ескі законде ат арқасына мінген, бірнеше жыл болыс болған» (4,10 т, 14 б). Повесте Ордабай, Ноғай аттарымен қатар бірталай өмірде болған шынайы адамдар толып жатыр, бәрінің де аттары құжаттарда, статистикалық есептерде аталады (5, с.186-188).

«Күнікейдің жазығында» ойдан жасалған, насаб-намада, статистикалық мәліметтерде көрсетілмеген бір ғана қаһарман бар. Ол қазақ этнографиясының әр түрлі көріністерімен көмкерілген, «аққудай сұңқылдаған, күмістей сынғырлаған, бұлақтай сылдырлаған, бұлбұлдай құбылған, бұлқындай жұтынған, жүйкені босатқан, сүйекті шымырлата сорғалатқан, кестедей нақысты, ботадай сүйкімді, балдай тәтті, күндей сұлу» Күнікей образы.

Жүсіпбек Аймауытов ақ өлең экспрессиясы мен натурализмді, яғни күн, жел, бұлт, атан түйе, көк бұқа, қос қарлығашты, жалпы Баян мен Қызылтаудың баурайында қыстап, Шідертiнi жайлаған Сүйiндiк елiнiң ортасындағы ауылдың iшкi тiршiлiгiн негiзгi идеяның бұркемесi есебiнде пайдаланған.

Негiзгi идея автордың «Әй, Күнiкей-ай, сен бiр жанып тұрған отсың ғой» деген автордың эпитеттерi арасында жүр. Қазақ ауыз әдебиетiн бiлетiн адам Күнiкейдiң ар жағында Күн астындағы Күнiкей қыздың бейнесiн бiрден көредi. Жүсіпбектiң өзi де ара-тұра «Күнiкей түйенi тiркеп, тақиясын түзеп киiп, он жағына қарағанда Ордабай айналасының барлық шаңырағынан да үлкен, күлiмдеген қызыл жақұт Күн көктiң бiр өңiрiн сары алтынға малып, екi түйенiң арасынан абажадай болып адырдан суырылып келе жатыр екен...» немесе «Күнiкейдiң жанына майдай жағып, дүние өзiне бола жаралғандай, алтын күн өзiне бола туғандай көрiнiп келедi. Күннiң мұндай айбынды, сұлу екенiн Күнiкей бұрын көрсешi! Мына күн тап өзiнiң, өз үйiнiң күнi тәрiздi. Жып-жылы, жап-жарық!» деп бұл образды Күнмен байланыстырады (1, 360 б.).

Күнiкейде қазақтың еркiн, ержүрек, бұла рухы бар. Жүсіпбектiң Күнiкейi Мағжанның «Күннен туған баламын, Жарқыраймын, жанамын. Күнге ғана бағынам» дейтiн өлең жолдарын еске түсiредi. От болып жану, Күн болып қазаққа қызмет ету ХХ ғасырдың басындағы аласапыранда қазақ азаматтарының бәрiне де мiндет болды. Күнiкей тағдыры Алаш туын көтерiп, өз алдымызға ел боламыз деген, жүрегi қазақ деп соққан, сол үшiн өз өмiрлерiн құрбандыққа шалған қазақ азаматтарының тағдыры. Бұл жерде топас, дөкiр, нойыс Тұяқ тағдыр бiздiң маңдаймызға жазып қойған тоталитарлық жүйе дайындаған құлдық. Байман –қазақтың еркiншiлiк рухынан қалған бiр елес. Күнiкей – сол елеске ұмтылған қазақтың жаны.

-Мiне, «Күнiкейдiң жазығы» повесiнiң бiзге айтпақ сыры осы, оны түсiну үшiн ең бастысы бiз «Күн астындағы Күнiкейдi» тануымыз керек.

Жүсіпбекке бiз тек өрнектi, ырғақты прозаның негiзiн салушы ретiнде қарап, оның азаматтығын, ұлтшылдығын, әлеуметiшiлдiгiн ескермесек, жазушының жұмбағын да шеше алмаймыз. Осы тұрғыдан Жүсіпбектiң «Ақбiлек» романы да қайта саралауды, қайта бағалауды талап етедi.

«Ақбiлек» романының рухы «Күнiкейдiң жазығынан» бөлек. «Ақбiлекте» патшалық Ресейдiң отары болған, одан азамат соғысының қырғыны мен қорлығынан өткен қазақтың қайта жетiлiп, жоғын түгендеп, жаңа заманға бейiмделiп келе жатқан бейнесiн көреміз. Мамырбай отағасының сұлу қызы, ауыл-елдiң еркесi, елдiң көрнектi жiгiтi, байдың баласы Бекболаттың атастырған жары, одан «ақ қашып, қызыл қуғанда» қазақтың өз iшiндегi алауыздығынан орыстың қолына түсiп қор болған, оған сынбай оқуға ұмтылған, ақыр соңында бiлiктi бiр азаматтың жары болып, өз түтiнiн түтеткен, өзге қараңғы ауылдастарын өрге тартқан «Ақбiлегi» ХХ ғасыр басындағы шырғалаң оқиғаларға душар қазақ қызының тағдыры ғана емес, ол қазақ халқының көркем

бейнесі. Жүсіпбек бұл шығарманы 1927 жылы жаздың соңында жазды. Бұл туралы 1927 жылдың 15 қарашасында Жүсіпбектің Мәшһүрге жазған хатында егжей-тегжейлі баяндалады: «Екі жарым ай болды... бір роман жазып бітірдім. Өзіңіз көрген «Қартқожадан» үлкендігі екі есе үлкен болады. Бар ойым, ынтам, рухым сол романға кетіп, тап жынды кісідей болыппын, досты, жолдасты, құрметті, қымбат ағаны ұмытып кете жаздаппын» дейді жазушы. Бұл кезде Жүсіпбек Шымкентте педтехникумға басшылық жасады және шығармашылығының нағыз тасып-төгіліп тұрған кезі. Қазақ та НЭП заманында есін жинап, қорасына береке кіре бастаған, жастары жаппай оқуға ұмтылған. Мен бұл кезеңді басынан өткерген қазақтың талай ақылды қарияларымен әңгімелестім. 1930-шы жылдардың барлық сойқанын бастан өткерген, аштықта «Секбірайға» (Севкрай) барып жан сақтаған, халық жауы болып Қараөткелдің ішкі түрмесінде жатқан, Карлаг, Үркіт (Иркустк) лагерлерін түгендеген ата-анам да НЭП кезеңін мақтаушы еді. «Ақбілектегі» өршіл рух, халықтың болашағына деген сенім, жарқыраған әдемі теңеулер де осы әлеуметтік жағдайдың әсері. Қазақ азаматтарының болашақтан бір жақсылық күтетін уақыты осы. Үміт сәулесі бар еді. Қазақтың өз билігі өз қолынан кеткенімен, Ресейде оң өзгерістер болады деген қиял болды. Жүсіпбек Мағжанға 1923 жылы жазған хатында «Болғанды «болды» деуден болашақты болжау қиын. Әлде болашаққа сендіру, қараңғы тұманда жылтылдаған сәуле көрсету қиын ба? Қазақтың келешегіне неш бір сенім жоқ болса, жоғалатын елге сұлу сөз – әдебиет неге керек?» дейді (2, 58 б.). Сенімді жоғалтпа деп насихат айтады. «Біз сенен дертке дәрмен болғандай, рух бергендей, ауыр халден шара тауып шыққандай, келешекке, мәдениетке, игілікке сүйенгендей сөз іздейміз» дейді. Жүсіпбектің Мағжанға жазған хатында айтылатын «Сұр айдың артынан күншуақ болмай тұрған ба? Күннің көзін мәңгілік бұлт басып тұруы мүмкін бе?» дегенді де осы үміт айтқызып отыр. Бірақ 1928 жылы орыс ішкі революцияны бастады, қанқұйлы тоталитаризм орнады. Жүсіпбек заманның өзгергенін, енді жарық Күннің қазақ үшін көп уақыт қайта шықпайтынын түсінді.

Қазақ жерінде «Ұлы кәмпеске» басталған уақыт осы 1928 жыл. «Қойдай қу қамшымен, бай менен молданы» деп қазақ шаруашылық өмірінде дінгек қызметін атқарған байларды қауымнан қуу және елді жаппай кедейлендіру саясаты жүріп жатты. Байларды, жалпы ауқатты адамдарды, бұрынғы қазақ билігіне қатысы барларды, зиялы қауымды Совет үкіметі отбасы, балашағасымен батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қуды. Жер аударуға қарсылық кезінде өлгені бар, жолдағы қиыншылықтан қырылғаны бар, қолынан келер дәрмен жоқ құсадан өлгені бар қазақтың шаруақор әулеттері тарих сахнасынан шықты.

Дәл осы қанды қасап басталған уақытта Жүсіпбектің «әйел теңдігін» жазудан басқа маңызды тақырыбы болмады дегенге кім нанады? Жүсіпбектің

шыққан ортасын, жеткен биігін, ұлтшылдығын сезінбегендіктен, біз осындай орашалоқ қорытындыға келіп жүрміз.

Жүсіпбек жасынан тарихи білімді көп жинақтаған адам, ол тек тарихи білімді ғана емес, тарихи таным жолдарын да игерген. Оның өсіп-өнген ордасы М.-Ж.Көпейұлын (1931 жыл қайтыс болды) туғызған орта, оны қоршаған адамдар Мәшһүрдің замандастары, ағайындары, тілектестері. Оның сыртында Баянаулада Жүсіпбектің жас шағында Мұса Шорманұлынан қалған халық қамын ойлау дәстүрі бар. Сол жолда жүрген Сәдуақас Шорманұлы (1927 жылы қайтыс болды), Имантай Сәтбайұлы (1928 жылы қайтыс болды) сияқты алашқа үлгі берген тұлғалар бар. Жүсіпбек «Мағжан ақындығы туралы» баяндамасында: «әр адамның, әр ақынның өрісі бірінші – заманға, екінші – туып-өскен әлеуметіне, үшінші – нәсіліне (тұқымына) байлаулы. Ақын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз заманының мұңын жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әдді жоқ....Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді» дейді (1, 402 б.).

-Міне, жазушы құпиясының кілті. «Күнікей жазығының» себебін де осы тұжырымдамадан іздеу керек. «Күнікейдің жазығы» – әйел теңдігі туралы жазылған шығарма десек, ол тым жадағайлық болады, ол социалистік реализмнен басқа ештеңе көрмеген біздің алдымыздағы буынға кешірімді, бізге кешірімсіз?. «Күнікейдің жазығы» – тексіздік билеген заманда, большевиктердің диірменіне түскен, ел жақсысынан айрылған, кешегі ерке-тотай заманы бітіп топас жүйенің қорлығында қалған қазақ халқының тағдыры.

Патша үкіметінен құтылған, текті әулеттерінің көзін жойған, не сыртқа қуған, азамат соғысында қаны бұзылған орыстың мұжығы өзінің тарихындағы тағы бір қанды қырғынға кірісті. «Күн астындағы Күнікей» орнына жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, жермен-жексен қараңғы үйде жөтелі өңменіңнен өтіп, алма ерні кезеріп, сары төсек болып сарғайып «Күнікейдің жазығы» келді. Повестің кіріспесіндегі «шым қорада - жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ ?» делінетін шумақтар осының дәлелі сияқты.

«Күнікейдің жазығында» жағымды қаһарман жоқ. Шығарманың басынан аяғына дейін құлдар мен күндерді көп кездестіреміз. Неге құлдар мен күндер көп? Жүсіпбектің малшы қатынды суреттегені: «Қарыны кебежедей бір можа биеге малшы қатын мінем деп, үзеңгіге аяғы жетпей мықшындап жатыр еді.

– Ана жаман күнді атқа салып жіберші! - деп Қара бәйбіше Сәрсембайды жұмсады...» (1, 356 б.).

Байман бір жағынан текті ер азамат сияқты, ал шын мәнінде, «топтан, ойын-сауықтан, дүрмектен, қымыздан қолы босанбай, көбінесе «мырзалармен» ат үстінде жүрген жігіт». Жасы ересек, Күнікейдің шешесі Шекермен жасты

делінеді. Байман әлі ақылы кірмеген, есі толық емес даланың жабайы адамы. Құда тартуға қатысатындай қара күші бар, одан басқа өнері де жоқ. Құлқынның, қызықтың құлы.

Тұяқ шығарманың оқиға желісін жасау үшін кіргізілген Күнікейге кереғар образ. Жазушы повестің алғашқы беттерінде-ақ оны «... Ордабайдікіне қымызға барғанда, жүктің бұрышында: «пұп-пұп» деп былғарыға су бүркіп, құжырандап жатқан мойны ішіне кірген бір жаманды көруші еді...» деп таныстырады.

Күн астындағы Күнікей қыз Күнді Құдай көрген біздің ата-бабаларымыздың дүниетанымы туғызған қаһарман. Ол Бай ана (Ұмай ана, Май ана) бейнесінің бір түрі (ипостась) десек те, Жаратушының жер бетіндегі өкілі десек те сиымды.

Жүсіпбектің Күнікейді құл тектес пенделердің ортасына енгізуіне, оны нанымды қылу үшін қазақ дәстүрін бар нақышымен, сәнді бояуымен суреттеуіне не себеп? ХІХ соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының асылынан айрылып азғындығы көбейіп бара жатқанын көрсету үшін бе? Осылар емес пе екен жазықтылар? Бұл жерде орыс қоғамдық ой пікірінде үлкен серпіліс жасаған Герценнің «Кім жазықты?» дегені еске түседі.

Повесте бәрі бар, бірақ елдің дұрыс адал ниеті жоқ, не ақылды сөзді айтатын тұлғасы жоқ. Күшті әлсізді жеп жатыр, қулар ақыл айтып отыр, сорлының ақ адал малын дүлей арам өлтіреді, алдау- арбау шығарма қаһармандарының күн көрісінің тетігі сияқты, жан-жағынан жабылған құлдар мен күндер Күнікейді азғындыққа итермелеп жатыр. Жүсіпбектің де айтпағы осы ма?

Біздің ойымызша, автордың негізгі идеясы этнографиялық сюжеттердің тасасында жасырылған. Оны өзі де «жігіттер, құлағынды сала бер, көкейіңе ұнаса, мәнісіне қана бер» деп ишара қылады (1, 348 б.).

Парасатты әдебиеттің орыс большевиктеріне керегі жоқ еді. Оларға Томазо Кампанелланың «Күн қаласы» сияқты жарқын болашақты төндіре суреттеген утопистік еңбектер керек болды. Ресей сияқты крепостнойлық құлдықтан жаңа ғана шыққан, өндірістің дамуы артта қалған, Бірінші дүние жүзілік соғыс пен Азамат соғысынан тас-талқан болған ел үшін коммунизм қиял болатын және Жүсіпбек Аймауытов сияқты парасатты жазушы оның іске аспайтынын түсінді. Ресейдің орталық аймақтарында да М.Булгаков сияқты қалам иелерінің «Мастер и Маргарита», «Собачье сердце» шығармалары – социализм идеясының Швондер сияқтылардың қолына түскенін анық сезгеннен кейін туған дүниелер еді. Ең бірінші – басы кесілетін адами қасиеттер, екінші – еркіндік, үшінші – рух. Бұл жағынан Жүсіпбекті біз тек қана қазақ жазушылары ғана емес, орыс жазушыларының да алдын орады деп білеміз. «Күнікейдің жазығы» Эзоп тілімен орыстық социализмнің қазақты құлдыққа кіргізіп жатқанын

сипаттау. Пролетарлық әдебиет сыншыларының натурализмге қарсы шығуы да осы себептерге байланысты. Олардың ішінде де жаңа жүйеге бейімделген, немесе оны амал жоқ қабылдаған, бірақ әңгіменің астарын сезетін терең білімді адамдар болатын. Повестегі ауыл өмірі, құда күту, көш сияқты ауқымды суреттердің бәрі көз алдаушы құрал екенін олардың ішінде сезгендері болды. XX ғасырдың 20 жылдарының соңына қарай әдебиетте партиялық принцип орныға бастады. Бұрынғыны сол қалпында суреттеуге болмайды, оны тек қара бояумен беру керек, себебі натурализм «адамдарды жаңа үшін ескімен күрестен оқшау әкетіп, «буржуазиялық барға» қанағат етуге шақыру». Қазақ әдебиеті социалистік реализм жолында дәстүрді құрбан қылды, натурализмді пайдалана отырып ескіні жығу, тепкінің астына алу әдебиеттің тәртібіне, басты шартына айналды. Бұл жолды тұтынбағандарға қарсы репрессиялар басталды. XX ғасырдың 90 жылдарына дейін қазақ әдебиетінің негізгі ережесі осы және оны біз қазақ совет әдебиетінің негізін салған азаматтардан бастап бүгінгі күні ортамызда жүрген жазушылардың шығармаларынан көреміз. Өзіміз де осы әдебиетті мектеп жасында оқып өстік.

Жүсіпбек бір хатында «Әуелі қазақты оқу керек, Қазақты білемін дегенмен көбіміз біле бермейміз...Малы қандай болса, мінезі де сондай жұрт. Бұл мәселе түбірленбей тұрғанда бізде даудың шегі болмайды...» дейді.

Әдебиет:

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989.
2. Артықбаев Ж. Жүсіпбек жұмбағы// Алаш мұраты және Жүсіпбек Аймауытов мұрасы. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана, 2014, 204-208 бб.).
3. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы, 1989.
4. Көпейұлы М.-Ж. Қазақ шежіресі. Шығармалары. 10-шы том. Павлодар, 2007.
5. Материалы по киргизскому землепользованию. Павлодарский уезд. т.4. Воронеж,1903:

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ПЕН ДҮНИЕТАНЫМ КӨРКЕМДІГІ

Зейнулина А.Ф. ф.ғ.к., профессор
«Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар қ. Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается о мастерстве изображения национальных ценностей и мироощущений, использование национальных выражений, в творчестве Алашского деятеля Жусипбека Аймауытова. Анализируются особенности описания национального характера и духовной культуры в исторические периоды. В произведениях писателя отчетливо прослеживается, что национальное выражение, казахское познание, национальный колорит играют большую роль в обогащении творчества Жусипбека Аймауытова, в определении его отличия от других поэтов-писателей.

Summary

This article discusses the skill of depicting national values and attitudes, the use of national expressions in the work of the Alash figure Zhusipbek Aimauytov. The features of the description of national character and spiritual culture in historical periods are analyzed. In the writer's works it is clearly visible that national expression, Kazakh knowledge, national color play a big role in enriching the work of Zhusupbek Aimauytov, in determining his difference from other poets and writers.

Дүниетаным дегеніміз - жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың мақсат-мұраттар мен сенімдердің жүйесі екені белгілі. ... Дүниетаным қалыптасуына саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар көп әсер етеді, - деп көрсетіледі. [1,5]. Ал ұлттық дүниетаным – этнос пен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық ережелерге жеке тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас қалыптастырудағы негізгі өлшем. Ол - адамның дүниені ақиқатпен теориялық және тәжірибелік жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-тәжірибелік әдіс. Дүниетанымда тұтас адамзат,яғни бір ұлттың әлемінің үлгісі жатыр. Ұлттық дүниетанымның тілдік көркем бейнеленуіндегі ерекшеліктеріне тоқталсақ ғылыми ой-тұжырымдардың негізінде халық тілінің еншісі мәдениетпен толығатынын, ұлт мәдениеті сол этностың тілінде сақталып, болашаққа аманатталатыны сияқты астарлы ой-пікірлердің жиынтығы деп білуіміз керек.

Біріншіден, мәдениеттің екі түрі – материалдық және рухани мәдениеттері ізі халық тілінде сақталады. Екіншіден, мәдениет – ұлт мен табиғатты жалғастырушы күш, үшіншіден, мәдениет пен халықтық рух – тілдің ішкі формасына тән», - деп көрсетеді. [3,32]. Ал, мәдениеттің арғы-бергі тарихын сөйлетуші де, жеткізуші де тек ана тілдің күдіреті арқылы береді. Әр халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігі тілі арқылы бейнеленуімен, тіл арқылы басқа елге танылуынан тіл, әдебиет пен мәдениеттің арасында ажырамайтын байланыстың бар екендігінен көрінеді. Тіл мен әдебиет мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол

сол халықтың дүниетанымын көркем шығарма арқылы бейнелейді. Қазақ халқы басқа еуропа халықтары сияқты табиғатты өзгертуге немесе оған үстемдік етуді мақсат етіп қоймаған. Керісінше, табиғатқа бейімделіп, онымен гармониялық қатынас орнатуды мақсат тұтқан. Қазіргі заман тілімен айтқанда, көшпенді қазақтардың экологиялық санасы биік болған. Ең бастысы, қазақ дүниетанымының ерекшеліктерін айтқанда, ескерер мәселе, ол - қашанда олардың еркіндік пен бостандық сүйгіштігі. Қазақ ұлты қашанда теңдік пен әділеттілік мәселесіне қатты назар аударған. Осы ретте теңдікке негізделген әділеттіліктен әлеуметтік айырмашылықтар мен әлеуметтік топталу аз болған. Табиғатынан байлыққа жетуден гөрі ар-намысты жоғары ұстау халықтың қанына терең сіңген құндылық. Онымен тығыз байланысы бар нәрсе - бар затқа қанағат ету де қазаққа тән қасиет. Ұжымдық мүддені жеке мүддеден гөрі жоғары ұстау – ол да көшпенділік өмір салтынан шыққан құндылық. Көшпенділік ғұмырында қашанда әр қилы қиындықтарды, қауіп-қатерлерді бастан кешуге тура келді. Ол - ерлікті, батырлықты қасиет етуді талап етті. Осы мәдениеттен қазақ ұлтының пәлсапасы қалыптасты.

Ең бастысы, қазақ философиясында онтологиялық (болмыс) және гносеологиялық (дүниетаным) мәселелерден гөрі адам мәселесіне көбірек көңіл бөлінеді. Осы ретте адам мәселесі, қазіргі тілмен айтқанда, көбінесе экзистенциялық тұрғыдан қаралады және ол көшпенділік өмір салтын түсірсек түсінікті де болар. Отандық философияда абстрактылы-теоретикалық жүйелер жасау өте сирек кездесетін құбылыс - философиялық ізденіс адамның нақтылы өмірдегі жүріс-тұрысын сараптауға, яғни практикалық мәселелерге көбірек көңіл бөлінеді. Адам болмысының этикалық жақтарына: жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, ар-намыс, абырой т.с.с. категорияларға терең талдаулар жасалады. Қоғам өмірінің негізгі мәселесі ретінде әрқашанда әлеуметтік әділеттілікке көбірек назар аударылады.

XX ғасырдың басындағы қазақ ақын - жазушыларының шығармашылық мұрасы әдебиет пен ұлттық руханияттың дамуындағы өзіндік «алтын ғасыр» болып табылады. Бүгінгі таңда қара жамылған тарихтың «ақ дақтары» ашылып келе жатыр. «Кері қайтарылған» есімдерді зор мақтанышпен қабылдайтын хәлге келдік. Кері қайтарылғандардың арасында ұлттық-рухани бағыттағы ағартушылыққа зор үлес қоса білген Жүсіпбек Аймауытов есімін ерекше айтуымыз керек. Әдеби творчестволық қызметін әр түрлі қоғамдық, педагогикалық қызметпен тамаша үйлестіре білген Ж. Аймауытов он шақты жылдың творчестволық өмірінде қаладан-қалаға көшіп-қонып, әр түрлі жауапты әрі күрделі қызметтер атқара жүріп, ат жалы, атан қомында - қуғын-сүргінді бастан кешіре жүріп, әдебиеттің әр жанрында қалам тартып, өндірте жазып, ғылым саласында да зерделі зерттеулер жасаған қаламы қарымды, ойы ұшқыр жазушы болды.

Жүсіпбек Аймауытовтың дүниетанымы әралуан және күрделі болды. Ішкі жан дүниесінде гуманизм мен ағартушылық, пәлсапалық пен жоғары идеалға деген махаббат, аскетизм мен діни мораль, адамгершілік пен философиялық дүниетанымдар тоғысқан. Еңбектерінде адам құмарлығының құндылықтары

туралы ой-толғамы терең және скептицизмге толы. Ол қазақи дүниетанымның негізін сала отырып, ұлттық болмыс пен ұлттық код мәселесінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан зергер қаламгер.

Ұлттық болмыс – әлеуметтік психологияда, философияда, мәдениетте, этнологиядағы белгілі бір ұлттық қоғамның (этностың) тұрақты ерекшеліктерін, санасын, қызығушылықтарын, рухани құндылықтарын, ынтасын, әлеуметтік-психологиялық қорғаныс тетіктерін сипаттайтын күрделі түсінік. Әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық характер – тарихы категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесін бұл қасиет толық көрініп отырады.

Осы ретте сөз зергері Жүсіпбек Аймауытов қазақтың ұлттық мүддесін қорғаған жазушы болды. Жазушының «Күнекейдің жазығы», «Томарбай мен қатыны», «Жаңабайдың жанындағы трагедия», «Елес», «Боранды болжағыш әулие», «Қара бақсы» т.б. әңгімелерінен «Қартқожа», «Ақбілек» т.б. романдарына дейінгі прозалық құнды шығармаларында, оған қоса драмалық туындыларында қазақ әлемінің тынысын, болмысын керемет көркемдікпен бере білген қарымды қаламгер. Жазушы шығармашылығы - ел тұрмысын, заман тынысын дәл танып, шынайы суреттеп, көркем бейнелей алған құнды әлем. Жүсіпбек Аймауытовтың поэзиялық шығармаларының бастауы болатын «Не қып жатыр?» өлеңі «Айқап» журналында (1911, №2) жарық көреді. Жүсіпбек туындысында өзгере бастаған жұртының қалпын бейнелейді. Оқығандардың бірі ретінде Жүсіпбек осы өлеңі арқылы өзіндік үнін қосқандай еді.

Түрленіп мынау заман ағып жатыр.

Жай өтпей һәркімге сын тағып жатыр,

Жайынан замананың хабардар ма?

Осы біздің қазақтар неғып жатыр.

Шүкір, қазақ ұйқыдан тұрып жатыр,

Өз әлінше өрмегін құрып жатыр

Жіліктің майлы басын бері тартып,

Икемдеп өз алдына бұрып жатыр,–

деген өлең жолдармен бастаған Жүсіпбек қазақ жастарының білімге сусындап, өнер, ғылымға ұмтылып жатқанын, ұлт қамын ойлайтын талаптылар баспасөз, мұғалімдер медресе, мектептер ашып жатқанын, байлардың нашарларға қол ұшын беріп, «тас болат үй, магазин, зауыт ашып», қазақтан «инженер, агроном, адуақаттар, дәрігерлер де өнеге шашып» жатқанын, осылайша қазақтың ілгері басқанын сипаттай келе, «Нөсер соғыс әлемге жетіп жатыр, Ақ патша жұртқа пәрмен етіп жатыр...» деп бірінші дүниежүзілік соғыстың да халқына соққы болып тиіп жатқанынан хабардар етеді. Сөйтіп, соғыс та аяқталып, қазақтың да өз алдына ел болатынына сенген үмітімен өлеңін аяқтайды.

Қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойынымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр» деп оқығандарға үндеу тастайды. Жазушы қазақ оқығандарының алдында ауыр да зор міндет тұрғанын, халық алдындағы борышын абыроймен өтеу керектігін ескертіп, өздеріне тиесілі жауапкершілікті сезінуге шақырады. Түйіп айтқанда, ұлттық баспасөзде басылған өлеңдері мен саяси мақалаларындағы Жүсіпбек Аймауытовтың жоқтағаны бүкіл қазақ мұңы болды. Қазақ халқының басын қосуға күш салып, бірлікке шақырды. Жүсіпбек өзінің өткір қаламымен қазақ тұрмысының нелер түрлі-түрлі суреттерін түсірген, шебер драмашы.

«Қазақ тілін» құрастырып, қаз тұрғызса, содан кем еңбегін сіңірмеген. «Қазақ тілін» жетектеп жүргізіп, ел қатарына қосқан азаматтарымыздың бірі - Жүсіпбек...» деп жазады («Қазақ тілі» газеті, 1924 ж. 5 декабрь). 1921 жылы Баянауыл округінің Лекер қажы ауылында Ж.Аймауытовтың ұйымдастырылуымен мектеп ашылған екен. Ол мектеп 1921-1928 жылдар аралығында жұмыс жасаған. Енді ол мектептен ұшқан түлектер, 11 түлегі Орынбор институтында оқып, қазағымыздың әдебиетіміздің дамуына үлес қосқан. Жүсіпбек Аймауытовтың рулас туысы Киікбай Оқасовтың айтуынша, ол жай ғана мектеп емес, елді аштық жайлағанда панасыз қалған жетім-жесірге қорған болған үлкен кешен. Алаш азаматының қамқорымен ашылған «Мәдени кіндіктің» тәрбиеленушілері кейін Украинаға қоныс аударыпты. Қазақ балаларының одан кейінгі тағдыры туралы ақпарат жоқ. Жақсы жаңалығымыз, осы соңғы екі жылда осы «Мәдени кіндіктің» тарихын зерттеп, макетін жасап, Жүсекеңнің ағартушылық пен ізгілік істерін паш ету жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ең бастысы, Жүсіпбек Аймауытов сан-сала жазушылық қызметімен бірге қазақ ұлтына, қазақ қоғамына ұлттық білім мен тәрбие беру ісімен терең шұғылданды. Оның кеңестік шығыс халықтары арасынан алғаш психология ғылымы саласында көлемді кітаптар жазып, бастырып шығаруы тек жазушы-ғалым мақтаншы ғана емес, бүкіл халқымыз мақтанарлық зор құбылыс, үлкен ғылыми олжа деп қабылдауымыз керек.

Ғалымның 1926 жылы Қызылорда қаласынан басылып шыққан «Психология» кітабы мен Москвада сол жылы Күншығыс елдерінің баспаханасынан жарық көрген «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты ғылыми кітабы талай ұрпақтың ғылыми сауатын ашып, теориялық һәм практикалық зор міндет атқарды. Ол бүгінде заманауи педагогика мен психология ғылымынан бір кемдігі жоқ дүние. Ана тіліміздегі психология пәнінің терминдерін қалыптастыруда көшбасшылық, жетекшілік ролі, педагогика саласында да Жүсіпбек ерен білгірлік танытып, өз тәжірибесін ұтымды пайдаланып, «Тәрбиеге жетекші» (1924, Орынбор) оқулық кітабын, ғылыми мәнді мақалаларын жазды. Оның «Әдет заңы» («Сана» 1924, №2-3), «Ана тілін қалай оқыту керек» («Жаңа мектеп» жур. 1925, №2) т.б. мақалалары - күні бүгінге дейін ғылыми дәрежесі жоғары туындылар деп бағаланып отыр.

Өз дәуірінің зәру мәселелерінің бірі болып есептелген балалар әдебиетін жасауға да көп күш-жігер жұмсады. Архив деректеріне сүйенсек, 1927 жылы 5 март күні Қазақстан мемлекеттік баспасының кезекті мәжілісінде Ж. Аймауытовтың балаларға арнап жазған төрт бірдей суретті кітапшасы талқыланып, басылуға жолдама алыпты. Олар: «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз», «Жаман тымақ» ертегілері. Кітапшаларға берген жазбаша пікірінде Байтасұлы Абдолла: «Ертегі бір-біріне мазмұн жағынан байланысты болып, оқушылардың жасына, дүние тануына, сана-саңлауына сәйкес жазылған... Ертегілердің тілі әдемі. Сөздің бәрі үлкендікі емес, бірыңғай баланың сөзі» - деп өте жоғары баға берілген екен.

Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында лирикалық шегіну, пікір қозғау, көсілтіп баяндау, кемелдеп суреттеу, табиғат құдіретін, портретті толығырақ бейнелеу, ұтымды монологтарды беру шеберлігі кеңірек көрінеді. Жазушы өзіне елеулі еркіндік беріп, кеңістікті, уақытты, ортаны, өмір – құбылыс – жаңалықтарын аты аталған шығармаларында тиісінше қамтиды. Адам мінез-қаракетін даралап ашқызатын тартыс, мінез қақтығыстары нанымды, құнықты жайлар сан қырынан баяндалады.

Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларындағы кейіпкерлердің ішкі монологы портреті, пейзаж, ишара, дауыс ырғағы, көзқарас, қимыл-қозғалыс, т.б. сезім элементтері автордың идеясын жеткізуге қызмет етеді. Қазақ ауылы мен қаладағы тұрмыс-тіршілік кейіпкердің ой елегінен өтіп, өзіндік тәжірибесіне айналды. Жүсіпбек Аймауытұлы өз кейіпкерлерінің ішкі жан сарайындағы тіршілік сезімін олардың іс-әрекеті, сыртқы қимыл-қозғалысы арқылы, яғни динамикалық психологизммен беруге шебер.

Жүсіпбек Аймауытұлы жансыз табиғат құбылыстарына көркемдік мінездеме беріп, оған өзіне ғана тән үйлесімді, жарасымды бояу дарытып, ой-қиялға, жан сезімге әсер ете алған. Көркем пейзаж жасау деңгейі жазушының дүниетанымының кендігіне рухани мәдениетінің тереңдігіне құбылыстарды адамның ырқынан тыс объективтік дүниедегі адамның-кейіпкердің тағдыр-талайымен сабақтастырып, гармониялық тұтастық жасау шеберлігіне қатысты. Жазушы әрі осындай ұтқырлығымен ұлттық тілдің нәзік те мөлдір, терең сырларын, әр сөздің көркемдік қасиетін өрнектейді, әрі шығарманың ішкі мазмұнының байытып, көркемдік сырын тереңдетеді.

Әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. А., Жазушы. 1989, 559 б.
2. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. А., Ғылым, 1991. 207 б.
3. Гумбольдт В. фон Язык и философия культуры. - М.: Прогресс. 1985. - 448 с.
4. Қирабаев С.С. Ж.Аймауытұлы. А., Ана тілі, 1993. 220 б.
5. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. А., Жазушы, 1987. 232 б.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ӨМІРІНІҢ СЕМЕЙ КЕЗЕҢІ

Жанаева Шағангүл Алдамжарқызы,

ф.ғ.к.,

«М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК директоры

Алаш ардағы, қайраткер қаламгер, ақын аудармашы һәм ұстаз, ғалым Жүсіпбек Аймауытовтың білім алуы, қоғамдық қызметке араласуы, алғашқы шығармашылық кезеңі Семей қаласымен тікелей байланысты.

Семей – Алаш арыстарының ізі қалған, зиялыларымыз елдің болашағы үшін күрескен қастерлі өңір, ұлттық ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің тарихи орталығы.

«Ертіс үлкен өзен. Өре басы Қытайдан келеді. Екі қабағы ызғындай ел. Ызғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің, сауда-кәсіптің, от арба, от кеменің тоғысатын кіндігі, қара шаңырағы – Семей. Семей – бір губерния елдің миы. Ақыл-ойдың табысы Семейде. Семей – бір губерния елдің жүрегі. Семей бүлкілдесе, бір губерния ел бүлкілдейді. Ертістің оң қабағында – Семей, солында – Алаш қаласы...». [1] Бұл Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың Семей қаласының өткен ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени маңызын дөп басқан сипаттамасы.

Хан базары қайнаған осынау өлкеге Арқаның әр тарапынан арман қуған алаштың азаматтары жиналғаны, өнер-білім іздеп шарқ ұрғаны белгілі.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының аяғында Смағұл Садуақасов сол тұстағы қаламгерлерге бірнеше сұрақтар беріп (анкета түрінде) олардың өмірі, еңбектері туралы мағлұматтар жинауды мақсат етіпті. Мұхтар Әуезовтің архивінде сақталып қалған сол анкеталық сұрақтың біріне Ж. Аймауытов: «1914 жылы Семейдің учительский семинариясына барып түсіп, 1919 жылы мұны бітірдім»- деп жауап берген.

Қай-қай түлегі де бек қасиеттеп, зор мақтаныш тұтатын, биылғы жылы құрылғанына 120 жыл толып отырған Алаштың тұңғыш білім ордасының тарихы халқымыздың әр жылдары білім алып, қайсыбірі кейіннен осында оқытушылық қызмет атқарған аяулы перзенттері Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар, Әбікей Сәтбаев, Әлімхан Ермеков, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Биахмет Сәрсенов, Сейітбаттал Мұстафин, Халел Ғаббасов, Тайыр Жомартбаев, Ғалиақпар Төребаев, Мәннан Тұрғанбаев, Ахат Шәкәрімұлы, Шырақбек Қабылбаев, Шәкен Айманов, Әзілхан Нұршайықов, т.б. есімдері арқылы әр қазаққа ардақты бола түспекке керек.

Бүтіндей бір елдің қаншама буын ұрпағын тәрбиелеп шығарған киелі қара шаңырақтың ел тарихындағы алатын орны ерекше.

Биыл туғанына 135 жыл толып отырған қазақ әдебиетінің классигі, Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың жастық шағы – осы оқу орны тарихының жарқын беттерінен саналады.

Шәкірт Жүсіпбек Аймауытов әдеби-творчестволық еңбекпен шындап айналысуды осы семинария қабырғасында бастаған, болашақ суреткерлік биік тұғырдың алғашқы ізі, қадам жолы осында салынған.

Жас Жүсіпбектің елдің әлеуметтік өмірінің түйінді мәселерін шешуге өзінің күш-қуатымен де, қалам қайратымен де жалындап үлес қосатын шағы осы кез.

Өткен ғасырдың басындағы еліміздегі бірегей, үздік білім ұясы, өзіндік дәстүрі қалыптасқан салиқалы білім ошағы туралы белгілі жазушы Медеу Сәрсекке: «Мұғалімдер семинариясы Семейдің теріскей тұсында, қаланың даламен шектелетін қиыр шетінде орналасқан. Көшесі де сол себепті «Степная» аталған. Семинария үйі сол күннің өзінде қаладағы ең еңселі, іші-сырты ою-өрнектермен безендірілген, тіпті, қақпа, шатыр жиектеріне дейін неше түрлі нақыштармен көркемделген, екі қабатты тас ғимараттардың бірі еді. Тұу баста, 1902 жылы іргесі алғаш қалана бастағанда, ол діни семинарияның оқу корпусы болады деп жобаланған-ды. Бірақ, генерал-губернатор кеңсесі әлдеқандай себеппен оны сол қарсаңда ашылған (1903 ж.) мұғалімдер семинариясына береді»[2] деп баяндайды. Семинарияның білім берудегі деңгейі, ұстаздардың үлгі-өнегесі турасында оқу орнының қазақ педагогикалық техникумы тұсындағы түлегі, ғалым Әлкей Марғұлан: «Бұл семинария - қыр округіндегі оқу орындарының бір тәуірі болатын. Кейін, революцияға қатынасқан қазақ жастарының көбі осы семинариядан оқып шықты (Бұл пікір 1969 жылы Кеңес Одағы кезінде жарияланғандықтан, автордың «революцияға қатынасқан қазақ жастары» дегенін біз «Алаш партиясының жас қайраткерлері – жасалаштық семинаристер» деп қабылдаймыз. Ш. Ж.). Семинариядан қазақ жастарына білім беруді шын жүрегімен мақсат еткен бірнеше прогрессшіл, саңылақ адамдар, әсіресе, ағайынды А. Н., В. Н. Белослюдовтар, Н. Я. Коншин, Н. П. Ильминский, В. И. Попов, Н. А. Сулима-Грузинский, т.б. болды. Оқушы жастарға олар әдебиеттен, тарихтан, географиядан осы күнгі пединституттар көлемінде білім беріп, олардың ой-санасын аса байытып шығаратын» [3] - дей келе, оқытушылардың Томскіден, Омбыдан, Қазан университетінен, Ленинградтан келген, шетінен оқымысты, кілең тілге жүйрік ұстаздар болғандығын еске алады.

Қолымыздағы архивтік деректерге сүйенсек Ж. Аймауытов 1914-1915 жылдары Семей мұғалімдер семинариясында білім алған. Семинариядан әуелі дайындық класында, ары қарай 4 жыл негізгі класында оқып, "Училище мұғалімі" деген біліктілік алып шыққан. Земство стипендиясымен оқыған. Кластағы 26 оқушының (орыс) ішінде 2 қазақ - Жүсіпбек Аймауытов пен Қаныш Сәтбаев.

Ж.Аймауытовтың Семей семинариясындағы оқыған жылдарына қатысты мемлекеттік архивтен тапқан құжаттарымыз – табельдері, ведомостьтары, тәлімгердің тоқсандық есептері. ҚРОММ 503 қор, 1-тізбе, 21,22 -іс.

1. дайындық класында оқыған 1914-1915 жж. табелі, N 2, 34 бет.

2. 1 класс. 1915-1916 жж. N2, 70 бет.

3. 2 класс. 1916-1917 жж. N2, 107 бет.

4. 3 класс. 1917-1918 жж. N2, 149 бет.

5. 4 класс. 1918-1919 жж. N2, 176 бет.

Педагогикалық Кеңестің 1917 жылы 22 наурыздағы №8 хаттамасында семинария тәрбиеленушісі Аймауытовтың 2 кластан 3 класқа көшірілгендігі туралы жазылған.

Бұл құжаттарда тәрбиеленуші Жүсіпбек Аймауытовтың оқу үлгерімі, босатылған сағат саны туралы есеп берілген, тұратын пәтері сипатталған. Семинария оқушыларының білім сапасы баллмен есептелген. Оқушы Жүсіпбектің сабақ үлгерімі жоғары балды құрайды –3.8 балл. Тәлімгердің 1915-1916 оқу жылының 3-ші тоқсаны бойынша есебінде тәрбиеленуші Ж.Аймауытовтың тұрып жатқан пәтерінің өте сыз, жайсыз екендігі, семинария директорының рұқсатымен жаңа пәтерге ауыстырылғандығын жазған.

Семинарияның Педагогикалық Кеңесінің 1917 жылғы 3 наурыздағы хаттамасында тәрбиеленушілерді сәуір айында көктемгі дала жұмысына көмектесу үшін үйлеріне босату мәселесі қаралған. Хаттамаға 2-ші класс тәрбиеленушісі Ж.Аймауытовтың өтініші тіркелген. Өтініште отбасында 8 адам барлығы, әке-шешесінің жасы 80-де, екеуі де кәрі, 1 ағасының денсаулығының нашарлығын, 1 ағасы ғана көктемгі егіс жұмысына жарамдылығын жазған. Сол себепті семинария әкімшілігінен отбасына қолғабысын тигізу үшін оқудан босатуын өтінген.

Жүсіпбек Аймауытовтың Семей семинариясында оқыған жылдарына байланысты архивтік тағы бір құжат - Семей губернаторының 1915 жылы 17 наурыздағы Семей мұғалімдер семинариясы директорының атына жазған хаты (ҚР ОММ 503-қор,1-тізбе,26-іс,10 қайырма парағымен). Хатта Н.Құлжанованың ұйымдастырған кешінен түскен қаржының жартысы Петербордағы мұсылмандарға ашқан соғыс ауруханасына аударылғаны, жартысы әр жерде оқитын 12 қазақ студентіне берілгені, оның ішінде 10 сом Ж.Аймауытовқа тигені туралы жазылған.

Архив құжаттары – Семей мұғалімдер семинариясы директорының 1916 жылғы 3-қаңтардағы (ҚР ОММ 15-қор, 1-тізбе, 490-іс.), 1916 жылғы 4-маусымдағы (ҚР ОММ 15-қор, 1-тізбе, 490-іс.) Семей облыстық басқармасына жазған хаттары семинарист Аймауытовтың земство стипендиясын алып оқығандығын растайды. «Қыс оқысам, жаз елге шығып, бала оқытып, қаражат жинадым» деп қаламгердің өзі еске алғанындай, жаздың күндері ел ішінде бала оқытып, мұғалім де болған. «Қазақ» газетінде «Семей семинариясында жүрген Жүсіпбек Аймауыт баласы 15-ші ауғысқа шейін қазақ ауылында қымыз ішіп, орысша балаларын оқытпақшы. Керек қылған кісілер тез мынау адреспен хабарлассын: Семей қаласы, мұғалімдер семинариясы, Аймауытовқа» - деген шағын хабарлама берілген.

Архивте семинарияны бітіргендігі жөніндегі куәлік көшірмесі сақталған. Куәлік 1919 жылы, 5-маусымында толтырылып, мұғалімдер семинариясының сол жылдардағы директоры К. Моргайликтің қолы қойылып, мөрмен расталынған. Ж.Аймауытовтың туған жылына байланысты әртүрлі деректер

келтіріледі, қаламгердің Семей семинариясында оқыған жылдарына қатысты құжаттарында туған жылы - 1852 жыл 30 қараша деп көрсетілген.

Қазақтың талантты жастары оқыған Семей мұғалімдер семинариясы шәкірттерінің рухани-эстетикалық дамуына да ерекше көңіл аударып, қаладағы мәдени шараларды, ұлттық ойын-сауықтарды ұйымдастырудың ұйытқысы болды. Сол тұстағы қазақ халқының мәдени өмірінде елеулі орын алған алғашқы ойын-сауықтарды семинария мұғалімдері мен семинаристер ұйымдастырып, қазақ топырағындағы сахналық өнердің көшін бастады. Осындай тағылымды кештерді ұйымдастырушылардың қатарында шәкірттерін өнерге баулыған семинария мұғалімдері, ерлі-зайыпты зиялылар Нұрғали, Нәзипа Құлжановтарды атар едік. Сондай кештердің бірі - 1915 жылдың 13 ақпанында, Абайдың туғанына 60 жыл толуына арналып Семейдің приказчиктер клубында өткен мәдени-этнографиялық қайырымдылық кеші. Кештен түскен қаржы Петроградтағы мұсылман-соғыс ауруханасы мен тұрмысы нашар қазақ шәкірттерінің мұқтажын өтеуге пайдаланылған. Кешке талапты да талантты қазақ жастарымен бірге семинария шәкірті Жүсіпбек Аймауытов та белсене қатысады. Сол уақыттың «Айқап» (1915 ж, №5), «Қазақ» (1915ж, №110), «Семипалатинский телеграф» (1915 г. №24), «Сибирская жизнь» (1915 г. №52) сынды белгілі басылымдарында ол кеш туралы бірталай мақалалар жарияланған.

Жігерлі жас Жүсіпбек Аймауытов өзге де талапты жастармен бірге, қаладағы қазақтың мәдени өмірін жандандыруға көп үлес қосқан, 1914-1919 жж. семинарияда оқи жүріп, шығармашылық ізденістің жаңа үлгілеріне ден қойған. Бастамасы – 1915 жылы 13 ақпанда Семейде өткен «Қазақтардың әдеби-музыкалық қайырымдылық кеші». Осы кеште Жүсіпбек Аймауытов Ы.Алтынсариннің «Балғожа бидің баласына хаты» өлеңін оқып, мандалина, балалайка аспаптарында ойнап, домбыраның сүйемелдеуімен халық әні «Ғалияны» орындаған.

Сауықтың бірінші бөлімі – «Біржан мен Сара айтысы», айтысты сахналық жүйеге түсіріп, қойған режиссер – семинарист Ж.Аймауытов. Осы спектакльде Біржанның рөлін орындаған әнші, домбырашы, бесаспап өнер иесі де оқушы – Ж.Аймауытов еді.

1915 жылғы «Қазақ» газетінің 28 наурыздағы 114 санына «М.»-деген бүркеншік атты автордың көлемді мақаласында: «13 февральда Семейдегі саудагерлер клубында қазақтың жас талапкерлерінің ыждаһатымен мұсылман атынан жаралыларға деп ашылған науқасхананың һәм қазақ мұқтаж оқушыларының пайдасына болған қазақша әдебиет кешінде болғандарды жазбақшымын...» дей келіп, «біз әдебиет кешінің мұндай қызықты болып шыққанын білмейміз десті...» деп жазған еді. Бұл қойылымды қаз-қалпында қағазға түсірген мұғалім Мұстақым Малдыбаев «Қазақша бастапқы ойын» деген мақаласында: «...Сценаның төріне қазақ салтынша масаты кілемдер төселіп, оюлы отаушатыр құрылған. Залдың бір жағынан қолында үкілі домбырасы, торғын шапанды, ақ камзолды, орта бойлы, дөңгелек кішкене қара сақалды, кәмшат бөріктің шоқпардай үкісін бұлғақтатып айқай сала ән шырқап Біржан сал шыға келді. Біржан болған семинарияда оқитын шәкірт Жүсіпбек мырза

Аймауытов Біржанның өлеңін өзіндей болып-ақ айтты»- [4] деп осы спектакльде Біржанның ролін орындаған Ж.Аймауытовтың әншілігі, домбырада еркін ойнайтындығымен қоса, актерлік қабілетінің де зор екендігіне жоғары баға берген. Қойылымнан кейінгі концерт бағдарламасына, әншілерге тоқтала келіп автордың: «Әсіресе Жүсіпбектің «Ғалия» деген әнге салғанына жұрт қатты сүйсінді» деп жазғаны да бар.

Семейде Нәзипа Құлжанованың жетекшілік етуімен, семинарист Жүсіпбек Аймауытовтың соны бастамасымен өткен қазақша бастапқы ойын Семейдегі театр өнерінің тууына ұйтқы болды. «Біржан-Сара» спектаклімен қазақ сахарасындағы алғашқы сахналық театр өнері өмірге қадам басты. Семейдегі сахналық өнердің алғашқы кезеңі басталды.

Зерттеуші-ғалым Б.Құндақбайұлы 2008 жылы «Әдебиет айдыны» газетінде басылған мақаласында: «...қазақ топырағындағы тұңғыш спектакль 1915 жылы 13 ақпанда Семейде қойылды. Сахнаға қоятын пьеса болмағандықтан мұғалімдер семинариясының студенті Ж.Аймауытов әйгілі «Біржан-Сара» айтысының Қазанда басылған нұсқасын сахнаға бейімдеген (инсценировкалаған), ұлттық тақырыпта көркемдік талапқа толық жауап берген тұңғыш спектакльдің қойылуы ерекше мәдени рухани құбылыс. Бұл ұлттық сахна өнерінің туған күні» - деп ресми пікірін білдірді. Б.Құндақбайұлы М.Әуезовтің Ж.Аймауытов пьесаларының түгелдей Семейде қойылғанын айта келіп: «Театрды қызықтап, өзімізше оқып-үйреніп жүрген шағымызда бәріміздің табынып, ұстаз тұтқанымыз – Жүсіпбек болатын. Және төрт-бес жас үлкендігіне қарай өнерге бәрімізден бұрын араласты. Сөзге шешен, орысшаға да жүйрік, көп оқып, көп білетін. Оның үстіне домбыра, мандалинаны шебер тартып, әдемі әншілігімен де оқшау, пьеса қоюда режиссураны әдемі меңгерген шебер» [5] - деп еске алғанын жазады.

1917 жылы февраль буржуазиялық революциясын Ж.Аймауытов та өзінің қатарластары қатарлы шын мәніндегі бостандық төңкерісі деп қабылдады. Патшаның тақтан құлауына қуана отырып: «Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!» деген мақала жариялады. («Сарыарқа» газеті, 1917 жыл, 19 июнь). Ол бұл мақаласында қазақ жастарына: «...Жасыратын қылық жоқ, бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық» деп түсінік беріп, алдағы күндерде бостандық, теңдікті пайдалану, бұл салада қандай жұмыстар істелу керектігін кеңінен баяндайды.

Жас жазушы 1917-1919 жылдар «Алаш» партиясының құрамында болды. Ол Семей облыстық қазақ комитетіне мүшелікке кандидат болып қабылданады. Семей облыстық қазақ съездеріне қатысады. 1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін Семей қаласында құрылған «Жанар» ұйымының белсенді мүшесінің бірі болады.

«Сарыарқа газетінің» 1917 жылы 30-шы қазаны мен 13-қараша күнгі сандарында ақын С.Торайғыровтың «Әлиханнның Семейге келуі» атты репортаж жазбасы жарияланған. Алаш қозғалысының көсемі Ә. Бөкейханов 1917 жылдың қазан айының 21-і күні Омбыдан Семейге келгенде қарсы алған

жұртшылықтың алдында жастардың атынан семинарист Жүсіпбек Аймауытов: «Қараңғыдан қан жылап қаңғырған күнде басын да Алаш жолын құрбан қылған ағамыз, асқар тауымыз! Сізді көргендегі жүректің қуанышын тіл айтып жеткізерлік емес. Өмірің, жүрген жолың біз сияқты інілеріңе жағып қойған шамшырақ!

Жасасын, сүйіктісі Алаштың! Жаса, сабазым!» деп жүрек жарды тілектестігін білдірген.

Семей мұғалімдер семинариясының көптеген шәкірттері І Алаш атты әскер полкі құрамына кірген. Алғашқы шағын топты қазақ жасағын құрғандар сол кезде Семей қаласында оқып жүрген семинария студенттері, әр түрлі орындарда қызмет етіп жүрген жастар болған. Ол жөнінде «Қазақ» газетінің 262-санында (1918ж.) жарияланған «Алаш құрбандары» деген мақалада кеңінен жазылған.

Солардың қатарында Ж.Аймауытов, Қ.Нұрмұхамедов, М.Әуезов, т.б. болды. 1918 жылы Алаш жасағын әскери жаттығуға дайындап жүрген семинарист Қ.Нұрмұхамедов қызыл әскерлер қолынан оққа ұшады. Қ.Нұрмұхамедовтың жаназасында семинарияда бірге оқыған жолдасы Ж.Аймауытов еңіреп тұрып: «Жан бауырым, жолдасым! Қош бол, жасаған алдыңды өзіңе, артыңды бізге қайырлы қылсын! Талаптандың, талпындың, оқып, қатарға кірдің. Бұл күнде мынадай мезгілсіз қазаға душар болдың, өкінбе. Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің... Қош бауырым, жолдасым, қош!» - деп қоштасу сөзін айтқан.

Жүсіпбектің шығармашылықпен әуестенуі Семейде оқып жүрген кезінен басталады. Ол кезде жас қаламгер өлеңдер, газетке арнап шағын мақалалар, көркем өнер үйірмелеріне бір актылы пьесалар жазумен шұғылданады. Жазушы: «1916 жылғы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған соң) жарыққа шықпады, оған жалғас «Рабиға», «Жебір болыс» («Мансапқорлар»), «Қанапия-Шәрбану» 1916-1917 жылы жазған пьесаларым, кейін түзетіп баспаға бердім» - дейді. Бұл – оның пьеса жазумен төңкерістен бұрын-ақ шұғылданғанын растайды. Ол кезде Жүсіпбек пьесалары қолжазба күйінде тарап, көркемөнер үйірмелерінде қойылған. Сол кездегі баспасөз деректеріне жүгінер болсақ, Семей қаласында 1917 жылы 17 декабрь күні оқушы жастардың әдебиет кеші болып, онда Жүсіпбектің «Ескі тәртіппен бала оқыту» атты бір перделі комедиясы мен «Рабиға» атты бір перделі драмасы қойылған. Осы екі пьеса қойылымында атақты әнші Әміре Қашаубаев, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов рольдерде ойнап, жұртшылық қошеметіне бөленіпті.

Оның Алашордашылар ісіне тілектестік білдіруі, «Абай» атты журнал шығарысып, «Сарыарқа» газетімен қызметтес болуы да семинариядағы оқыған жылдарымен тұстас келеді. Осы басылымдар бетінде ол алғашқы әдеби туындыларын жариялайды.

Семинария шәкірті Жүсіпбек Аймауытовтың қаламы ысылып, адымын ашқан басылым - "Абай" - ғылыми, әдеби, шаруашылық журналы. Журналдың алғашқы саны 1918 жылдың 4 ақпанында жарық көрген. Жауапты шығарушы - бас редактор, Семей мұғалімдер семинариясының оқушысы Жүсіпбек

Аймауытов, ал оның орынбасары әрі журналдың ғылыми бөлімін басқарған семинарист М.Әуезов. Ай сайын 2 рет шығып тұрған журналдың 13 саны жарық көрген. Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің "Абай" журналында бірнеше мақалаларды бірлесіп жазып, "Екеу" деген бүркеншік атпен жариялайтын тұстары да осы уақыт. «Абайдың өмірі мен қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» мақалалары Жүсіпбек Аймауытовтың Абай тақырыбында жазған алғашқы еңбегі. Демек, Ж.Аймауытовтың Абай шығармашылығын зерттеу бағытындағы алғашқы талпынысы Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кезеңінде басталған.

"Абай" журналы – Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық қадамының, көзқарас танымын қалыптастыруына үлкен тағылым мектебі болғандығын оның журнал бетінде жарияланған мақалаларынан байқауымызға болады. Журналдың әр санында дерлік жазушының 1-2-ден мақалалары үзбей жарияланып тұрған. Шәкірт Жүсіпбек Аймауытов сол кезеңнің көкейкесті ірі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін сөз етеді, ұлтының мұң-мүддесін толғайды.

Әдебиетті де, ғылымды да, шаруашылықты да қатар қамтыған журналдың негізгі тақырыптары: Абай өнері, Абай ұрпағының шығармашылығы, ғылым, білім, жаңадан ашылып жатқан кооператив, серіктестіктер туралы және әйел теңдігі мәселесі. Журналдың жиі көтергені Алаш тақырыбы болды. Басылымның үшінші санынан бастап Алашорда үкіметінің іс-әрекеті үзбей жарияланып отырды.

Жазушы С. Мұқанов « XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты (1932ж) зерттеу еңбегінде Жүсіпбек Аймауытовтың «Абай» журналында басылған шығармалары туралы төмендегідей пікір білдіреді: «Біздің білетін мәліметіміз бойынша, Жүсіпбек «Абай» журналынан бастап қана жазушылық атын алуға тиіс. Семейдегі алашорда жастары шығарған «Абай» журналында Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар қатар шықты. Саяси мақалалар жазумен қатар, «Абайда» жазушылық, ақындық бетін ашты. Сонымен қатар, «Абай» журналының жауапты құрастырушысы болды.

«Абайдың» бірінші санында Жүсіпбек «Ұран» деген өлең жазды. Осы өлең алашорданың «интернационалы» болды. Алаш әскері осы өлеңнің әр шумағының аяғына «ұраным, қорғаным, сен, алаш» дегенді қосып айтты. Мектептерде осы өлеңді ұран сияқты қып айтып жүрді.

«Абайда» Жүсіпбектің пролетариат үстемдігіне қарсы шыққан сөздері толып жатыр. Жүсіпбектің төңкеріс дұшпаны екені осыдан да айқын көрінеді.

Жүсіпбек кеңес үкіметіне дейін нағыз Алашордашыл, нағыз пролетариатқа қарсы, нағыз дұшпан жазушы болды. Пролетариатқа дұшпандық ретінде Жүсіпбектен басым болған жазушы болған жоқ. Мағжандардан да Жүсіпбек асып түсіп отырды» [6]

1918 жылғы «Абай» журналының №1,6 сандарында Жүсіпбектің «Көшу», «Ұран», «Әскер марсельезасы» атты өлеңдері жарияланған. Бұл өлеңдері Семейде құрылған Алашорданың «Ұраны», «Алаш әскерлерінің марсельезасы» түрінде жазылып, тараған.

«Алаш» партиясы заңды түрде таратылғаннан кейін Ж. Аймауытов кеңес дәуірінде қоғамдық-саяси, әдеби-творчестволық және педагогикалық қызметін жалғастырады, саяси-әлеуметтік өмірге белсене араласады. Семей, Павлодарда кеңес қызметінде болады. Ол 1919-1921 жылдарда Семей қаласында ашылған 9 айлық мұғалімдер курсына және губерниялық Халыққа білім беру институтында оқытушылық қызмет атқарады.

Жүсіпбек жауапты қызмет атқара жүріп, жазу жұмысынан бір сәт қол үзбеген. Жазушы, журналист, публицист ретінде түрлі тақырыпта жазғандары «Қазақ тілі» газетінде үздіксіз жарияланып тұрған. Семейде кеңес өкіметі орнай сала, желтоқсанның басында (1919ж) шыға бастаған тұңғыш кеңес газеті «Қазақ тілінің» алғашқы редакторларының бірі де - Аймауытов.

Іскер, жұмысқа қабілетті Ж. Аймауытов бұл қызметте де зор абыройға ие болғандығын «Қазақ тілі» газетінің бес жылдығына арналған «Қазақ тілінің еңбеккерлері» атты көлемді мақалада: «...Жүсіпбекті киіз түндікті қазақ елінің көбі білетін шығар. Жүсіпбек өзінің өткір қаламымен қазақ тұрмысының нелер түрлі-түрлі суреттерін түсірген, шебер драмашы. Мәннан ағай осы «Қазақ тілін» құрастырып, қаз тұрғызса, содан кем еңбегін сіңірмеген. «Қазақ тілін» жетектеп жүргізіп, ел қатарына қосқан азаматтарымыздың бірі - Жүсіпбек...» деген пікір жазылған. («Қазақ тілі» газеті, 1924 ж. 5 декабрь). 1920 жылы «Қазақ жұмысшылары», «Халықтыңдосы қай үкімет», «Мұғалімдер қысы туралы», «Мырзаларға» тыю салынады», 1921 жылы «Зорлық қайтсе тыйылады?», «Бияш» (М.Тұрғанбаевпен бірлесіп жазған), 1922 жылы «Қалыңмал тоқтала ма?», «Ашаршылықтан құтқару лажы», «Мекемеде қазақ тілін жүргізу», «Ашыққан ел хәм Семей азаматтары», «Ұғыну керек», «Сөзден іске», «Атқа мін, азамат!», «Халық ағарту ісі», 1923 жылы «Кеңес сайлауы», «Жауап», «Мысыққа ойын, тышқанға өлім», «Соттар жайы», 1924 жылы «Қылжырбай Кейіс», «Емілені өзгертуге жоба» мақалалары қоғамдық өмірдегі жаңалықтарды, төңкерістен кейінгі саяси ахуалдың күрт өзгерістерін, дүбірлі құбылыстарды түсіндіріп берді. [7]

1920 жылы қаңтарда РКП(б) қатарына өтеді. 1922 жылы РКП(б) қатарынан шығып қалады. Жүсіпбек Аймауытовтың 1920 жылдары Семей губревкомында жұмыс жасағаны туралы мәлімет архив деректерінде көп кездеседі.

1920 жылы Қазақстан Советтерінің құрылтай съезіне делегат болып қатысып, Халық ағарту комиссариатының коллегиясына, Республика Баспа істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің редколлегия мүшелігіне сайланады. 1921 жылы Орынборда Наркомпросы қызметіне ауысады, бұл қызметте аз уақыт істеген Жүсіпбек 1921 жылы Губревком таратылып, Семей губерниялық атқару комитеті құрылғанда, Губатком мүшесі және оқу бөлімінің бастығы болып сайланады. 1922 жылы ашаршылыққа душар болған Торғай уезі қазақтарына Семей қаласында сол кезде қызметте болған біраз қазақ зиялылары - Міржақып Дулатов, Әбікей Сәтбаев, Жүсіпбек Аймауытов халықтан азық-түлікке мал жинауды ұйымдастырады. Олар КИРЦИК-тің рұқсатымен Семей губерниясынан аштарға жәрдем үшін екі ай бойы мал жинайды. Жиналған малды Торғай уезінің ашыққан қазақтарына жеткізу Жүсіпбекке тапсырылады. Жол бойы көптеген

қиыншылықтарды жеңе отырып, Торғайға жетіп, халықты аштықтан құтқарғандай болады. Жүсіпбектің, осы іске ат салысқан азаматтардың еңбегі кезінде баспасөзде кеңінен жарияланып, халық алғысын алады. Бірақ, жалақорлардың арызынан Жүсіпбектің үстінен РСФСР Жоғарғы сотының Қазақ бөлімі қылмысты іс қозғайды. «Торғай соты» деген атпен тарихта қалған бұл сот ісі 1924 жылдың 22 мамыры күні басталып 1926 жылдың жазында Жүсіпбектің ақталуымен бітеді.

Семей семинариясы негізінде құрылған қазақ педагогикалық техникумының 1925-1926 оқу жылындағы жылдық есебінде 35 адамнан құрылған драма үйірмесі жұмыс жасайтындығы туралы есепті кездестірдік. Есеппен танысу барысында драма үйірмесінің Ж.Аймауытовтың «Қанания-Шәрбану», «Рабиға», «Ел қорғаны», «Маңсапқорлар», «Сылаң қыз», «Октябрь мейрамы» пьесаларын сахналағандығымен таныстық. Осы тізімдегі «Октябрь мейрамы» пьесасын қаламгердің шығармаларынан кездестіре алмадық.

1920 жылдардың бас кезінде Семейде «Ес-аймақ» атты театр труппасы ашылады. Труппа 30 шақты адамнан құрылған. Осы өнер труппасын ұйымдастыруда Ж.Аймауытов басы-қасында болып, спектакльдер қойған. 1922 жылы М.Әуезовтың «Еңлік-Кебектің» қайта жазылған нұсқасы, 1926 жылы «Қарагөз» пьесасы Ж.Аймауытовтың режиссерлығымен сахналанған. Бұл жөнінде қазақ мәдениетін көп білетін Әшірбек Бектасов өзінің белгілі қоғам қайраткері Илияс Омаровқа қазақ мәдениеті мен әдебиеті турасында 1964 жылы жазған ұзақ хатында Ж.Аймауытовқа арнайы тоқталып: «...Марқұм Аймауытов қойған Мұхтардың «Қарагөзін» дәл сондай етіп, ешкім де қоймас. Ойын біткен соң, Шымкенттен әдейі «Қарагөзді» қоюға келген Жүсіпбекті ол замандағы Луначарский атындағы қазақ театр клубының төріне шығарып қойып, шапалақтаған алақандарының дауысы менің осы күнге дейін құлағымда сияқты болады да тұрады...» деп толғайды. Ә.Қашаубаев, И.Байзақов, Ж.Шанин, Қ.Байжанов, Ж.Елебеков, Қ. Жандарбеков, Қ.Байсейітов, Ш.Аймановтар алғашқы сахналық қадамдарын осы труппадан бастаған.

Оқу орны Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, Алаш қайраткерін ұлықтау мақсатында жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Колледжде «Тағзым» бағдарламасы негізінде атаулы кабинеттер жұмыс жасайды, онда кіші ғылыми зерттеу орталықтары құрылған. Осындай кабинеттің бірі - Жүсіпбек Аймауытовтың атында. Болашақ мұғалімдердің Ж. Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығын, қайраткерлігін танып білуде, зерделеуде ықпал ететін жүйелі тәрбиелік жұмыс.

Ж. Аймауытовтың Семейдегі шығармашылық, қоғамдық қызметін қамтитын «Жүсіпбек Аймауытов өмірінің Семей кезеңі» тақырыбы - аса ауқымды тақырып. Ж.Аймауытовқа қатысты зерттеу еңбектерінде бұл тақырып арнайы қарастырылмаған. Қаламгердің архивтік деректерге негізделген өмірбаянының күнін, әрбір сағатын анықтаса келер ұрпақтың асыл қазынасына айналары қақ.

Баяндамамызда Жүсіпбек Аймауытовтың Семей мұғалімдер семинариясындағы шәкірттік кезеңінің, алғашқы шығармашылық ізденістерінің,

оқытушылық еңбегінің, қайраткерлік қызметінің айғағы боларлықтай мұрағат құжаттарын, ғалымдарымыздың еңбектерін зерделеп, біршама жинақтап беруге тырыстық. Мұндағы мақсатымыз – жазушының оқу орны тарихына қатысты өмір жолын, осы тұста жазылған ғылыми–шығармашылық еңбектерін жүйелеу әрі суреткердің баянды ғұмырын ізбасар ұрпағының тәрбиесінде өнеге, тағлым алар мектеп ретінде пайдалану.

Алаштың айбынды арыстарына айналған озық ойлы сандаған қазақ жастарына сапалы білім берген, заманына сай тәлім мен өнеге дарытқан ежелгі оқу орны тарихының Жүсіпбек Аймауытов есімімен байланыстылығын ел жадында қайыра бір жаңғыртуды мақсат тұтқан бұл шағын баяндамамызды біз Аймауытовтың тағдырына тағзым, аруағына мінәжат деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Ж.Аймауытов. Шығармалар. 2 том. 179-бет.
2. М.Сәрсек. «Дара дарын». «Фолиант» баспасы,-Астана-2008,49-бет.
3. Ә.Марғұлан. «Еңбекпен өткен өмірім». «Жұлдыз» журналы, 1986 ж. №1.
4. Ұ.Малдыбаев. «Абай» журналы, 1992 ж. №2.
5. Б.Құндақбайұлы. «Шернияз». «Өнер» баспасы,- Алматы-1990 ж.
6. С.Мұқанов. Алматы. "Атамұра" - 2008 ж.
7. А.Еспенбетов. «Жүсіпбек Аймауытов және Семей баспасөзі». «Қазақ әдебиеті» газеті, 2009 ж. №52

ӘОЖ

АЛАШ АРДАҚТЫСЫ – ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

Исабек Б.Қ.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақ халқының өткен тарихы 70 жылдан астам қатігез жүйемен ғұмыр кешкен кеңестік қоғамда қатты бұрмаланды, бейкүнә халықты адастырды, төл тарихымызды 1917 жылғы Қазан төңкерісінен бастап кеткен сәттеріміз де орын алды. Қатты бұрмаланған қағидаттардың бірі бүгінгі азат ұрпақ қатты құрметтейтін «Алаш» партиясы, алаш қозғалысы, алаштың арда азаматтары құрған Алашорда үкіметі жайында да тым теріс, қатаң әрі ауыр айыптауларға толы теріс түсінік қалыптастырды. Ұзақ жылдар бойы жас ұрпақты білім нәрімен сусындатқан сан алуан оқулықтар мен ғылыми-монографиялық зерттеулердегі қилы-қилы қиянаттар бірінен-бір асып түсіп жатты, ең өкініштісі шынайы тұрғыдағы ақиқат айтылатын энциклопедиялық анықтамалықтарда да әділетсіз пікір, шындыққа сай келе бермейтін дәйексіз дәлелдер келтіріліп отырды. Осы ойымыздың дәлелі ретінде «Қазақ ССР: 4 томдық қысқаша энциклопедиясындағы» (1-том, 1984.) келесі бір пікірге назар аударып көрейік:

«Алаш» – буржуазияшыл-ұлтшыл партия. Қазақ аулындағы феодал-байлардың, кертартпа дін басыларының және буржуазияшыл-ұлтшыл интеллигенцияның оңшыл тобының мүддесін білдірді», -деп баға берілді [1,56]. Бұл келтірілген ешбір шындыққа сәйкес келмейтін әділетсіз байлам, ақиқаттан алыс анықтамалар алаш қозғалысы мен олар құрған үкіметіне де дәл осы тұрғыдан берілді, халықты жаңылыстырды. Ең өкініштісі сол мемлекеттік деңгейдегі анықтамалықтар дәл осылай деп түсінік берді, одан әрі дәл осындай тым жабайы түсінікпен бірнеше ұрпақ тәрбие алды, осы түсінікке шексіз сенді. Алаш ардақтылары жайында айтылған осындай қиянаттар алпыс жылдан астам үстемдік етті.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы күткен азаттыққа жетті, тәуелсіздікке қол жеткізген еліміздегі тарихи ақиқаттар қалпына келе бастады, «ақтаңдақтардың» шынайы ақиқаты кеш те болса ашылды, соның ішінде халық зарыға күткен «Алаш» тарихына қатысты екені баршамызды қуантады. Дауылды, дүрбеленді болып басталған 1917 жылы құрылған Алаш партиясының өмірге келгеніне 105 жылдан астам уақыт болды. Алаш қозғалысына қатысты тарихи деректер, ол қозғалыстың тарихи мәні жайында тарихшылар көп зерттеулер жазды. Бүгінгі біздің айтарымыз алаш ұранды әдебиеттегі ерекше орны бар белгілі тұлға, аса көрнекті қаламгер, ағартушы, педагог, журналист, туғанына 135 толғалы отырған Жүсіпбек Аймауытұлының қайраткерлік тұлғасы мен шығармашылығы жайында.

XX ғасырдың бас кезінде, яғни, дәлірек айтқанда 1905 жылдары-ақ іргетасы берік қаланып, ғасыр басында орын алған аласапыран жылдары, аумалы-төкпелі төңкеріс кезінде туған елінің жанашыры болып табылған алаштықтардың тарихтан алар орны ерекше. Осы кезеңде өздерінің күрескерлік рухымен тарих аренасына шыққан алаш қайраткерлерін отаршылдық өктемдігі, қатыгез пиғылы патшалық Ресей империясынан да асып түскен большевиктер билігі қуғындап, тұншықтырып тастау үшін ештеңеден аянбады. Тағдыры сынға түскен арда тұлғалардың дені ұлт мүддесін бәрінен биік қойды, сол жолда жанқиярлық іс-әрекеттерімен күрес жүргізді. Бастарын қатерге тікті, өздері жаңа биліктің қуғын-сүргінінен көз ашпай жүрсе де әдебиет әлемінде, жауынгер публицистика жанрында, енді ғана дамып келе жатқан ғылым саласында мәңгі өлмес мұралар қалдырды.

Ендігі кезекте қысқаша болса да жазушы Аймауытовтың өмір жолы мен қызметтік сапары жайында тоқталып өтсек. Ұзақ жылдар бойы айтуға, зерттеуге тыйым салынып келген тұлғаның өмірбаянына қатысты да алғашқы кезде әрқилы деректер болды. Бұл жайында Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы бойынша ең алғашқы болып докторлық диссертация қорғаған ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахымжан Сағынбекұлы Тұрысбек былай деп пікір сабақтайды: «Ақиқатын айту керек, көрнекті қаламгердің өмірбаяны хақында қазірдің өзінде түрлі пікірлер бар. С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) еңбегінде 1893 жылы туды, Ә.Тәжібаев: «Жүсіпбек - Баянауылдық, 1896 жылы туған» десе, С.Садуақасовтың сұрақтарына қайтарған

жауаптарында қаламгердің өзі «Сиыр жылының аяғында (1890)... тусам керек» [2,88.] дейді».

Қазіргі уақытта пікір бір ізге түсті, жазушы ақталған тұстары билік жүйесінің басында болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қорытындысында 1889 жыл көрсетіліп, осы мезгілде Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеген бір томдық таңдамалы «Шығармалары» (1989), сыншы ғалым С.Қирабаевтың «Жүсіпбек Аймауытов» атты кітабында (1993) да осы пікірге тоқтадық. Сонымен қатар Р.Сағынбекұлы жазушының қызы Музаның қолындағы әкесінің қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесінде 1931 жылдың 21 сәуірінде, яғни 41 жасында атылған делінген деректерді және алаштанушы ғалымдардың бірі тарихшы Б.Қойшыбаевтың «Боздақтардың соңғы суреттері» деген таныстыру хабарламасында да аталған мерзімнің көрсетілгенін атап көрсетеді.

Жүсіпбек Аймауытұлы 1889 жылы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Қызылтау болысының бірінші ауылында туған (Қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ж.Аймауытов атындағы совхоз). 15 жасқа дейін өз ауылында болып, ауыл молдасынан сауатын ашады, ескіше едәуір білім алады. Содан кейін аз уақыт өзі молдалық құрып, бала оқытады. «Қартқожа» романындағы бала молда бейнесінде жазушының өз өмірінің осы тұсы суреттелген. 1907 жылы Баянауылдағы орыс мектебіне түседі. Баянда бір қыс оқып, келер жылы Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебіне түседі. Алайда ұзақ оқи алмай мектеп режимі мен әділетсіздікке қарсы бой көтерген балалардың қатарында оқудан шығып қалады. Ауылына келіп бала оқытумен айналысады. 1911 жылы Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. 1914-1919 ж.ж. Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқиды. Осы жылдары алашордашылардың ісіне араласып, партия қатарына кіріп және «Абай» журналын шығарысады. Семинарияда болашақ академик Қаныш Сәтбаевпен, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен танысады, бірге оқиды. Ол 1919 жылы кеңес өкіметі жағына шығады, партия қатарына кіреді. Семейде, Павлодарда партия, кеңес жұмыстарын атқарады. 1921ж. Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, кейін «Қазақ тілі» газетінің редакторы болады. 1922-1924 ж.ж. Қарқаралыда мектеп мұғалімі, 1924-1926 ж.ж. Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында қызметтер атқарды.

1926-1929 ж.ж. Шымкент педагогикалық техникумының оқытушысы және басшысы қызметін атқарады. 1929 жылы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген желеумен тұтқынға алынады. Зобалаң зардаптан құтыла алмай қармаққа ілінген ол 1931 жылы жалған жаламен атылу жазасына кесіліп кете берді, қыршынынан қиылды.

Өмірбаян жолына зер салып қарап отырғанда небәрі 42 жыл ғана ғұмыр кешкен алаш ардақтысының тағдыр талайының кейбір кезеңдері біздің оңтүстік өлкесімен де тығыз байланысты болғанын қапысыз аңғартады. Қазіргі күні Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің дүниеге келген тарихы ресми түрде 1937 жылы деп саналады.

Алайда, шын мәнінде біздің Шымкент қаласында 1926 жылдардың өзінде педагогикалық оқу орнының, техникумының болуы, аталған оқу орнының басшысы, ұстазы болып Жүсіпбек Аймауытұлы сынды алаш ардақтысының қызмет етуі де біздер үшін мақтаныш. Біздің қасиетті қарашаңырақтың дүниеге келуі, бастау бұлағы Аймауытов негізін қалаған педагогикалық техникумнан басталған деп те болжам жасауға болады.

Аса ауыр, бірақ өте ерекше әлеуметтік төңкерістер, ұлы өзгерістер кезінде өмір сүрген Ж.Аймауытов өзінің қысқа ғана ғұмырында соңына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгерді. Он үш жасында өлең жазуға әуестене бастаған Жүсіпбектің шығармашылыққа біржола берілуі революциядан кейін басталды. Оған әрқилы оқиғаларға үзіп-жұлып өлең арнаған жас ақын кейін үлкен қоғамдық тақырыптарға бой ұрады, халықтың азаттық жолында күресі идеясын терең көтеріп, осы халықтық қозғалыстағы ауыл кедейлерінің өмірін жан-жақты бейнелейді. Революциядан кейін қазақ өмірінің сан қилы қиындығы жазушыға өмір фактісіне сәйкес әр жанрда ізденуге үйретеді. Сөйтіп, ол әдебиеттің көптеген жанрларында бастаушы болды. Одан қалған мұра аса бай. Олардың ішінде өлеңдер мен «Нұр күйі» поэмасы, «Рабиға», «Мансапқорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия-Шәрбану», «Шернияз» атты пьесалар, көптеген әңгімелер, «Күнікейдің жазығы» повесі, «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, балаларға арналған ертегі кітапшалар, сын мақалалар, аударма кітаптар, оқулықтар бар. Шығармашылығын өлең жазудан бастаған Ж.Аймауытов поэзияға көп аялдамаған, кешікпей-ақ, драмалық, прозалық шығармалар жазуға ауысқан.

Шағын ғана мақалада Ж.Аймауытовтан қалған мол әдеби, тарихи мұраларға жан-жақты талдау жасау мүмкін емес. Біздің назарымызды Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов негізін қалаған Алашорда үкіметінің ең алғашқы әнұраны болған, азаттыққа ұмтылған халқымыздың жүрегін жаулаған, 1918 жылы Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов бірлесе отырып жарыққа шығарған, алашорданың астанасы Семей қаласында шығып тұрған «Абай» журналының № 1 санында жарияланған «Ұран» өлеңі ерекше аудартты. Жыр жолдарындағы бірер шумақты мысал ретінде келтіре кетсек:

Қазағым, қақтықпа, қамалма!

Ел болар қамыңды амалда!

Кетті түн, атып таң, шығып күн,

Сал малды, сал жанды, аянба!

Мал баққан, жай жатқан ел едік,

Бейнетті көп тартқан ер едік,

Қаны жат, тілі жат, діні жат,

Жат елден таяқты жеп едік (3,211)

1916 жылғы «июнь жарлығынан» кейін басталған ұлт-азаттық көтерілісі зая кеткен жоқ, 1917 жылғы ақпан төңкерісі арқылы бізді бодандық қамытында ұстаған, 300 жыл бойы тақта отырған Романовтар билігі құлады, уақытша үкімет орнады. Біз бостандыққа жеттік деп қуандық. «Ел болар қамыңды амалда! Кетті түн, атып таң, шығып күн»,- деп қуандық.

Арада көп уақыт өтпей қазан төңкерісі болды, билік басына большевиктер келді, бұл билік тіпті «бостандық» әкелді деп қуандық. Бар даусымызбен: «Бұл бостандық көктен бізге келмеді, Ешкім бізге сыйлап және бермеді», - деп (С.Мұқанов) жыр да жаздық.

Жүсіпбек Аймауытов көзқарасы басқашалау, өткен тарихтағы бодандық қамыты басынан түспеген халқының «қаны жат, тілі жат, діні жат, жат елден таяқты жеп едік»,- деп ақиқаттан аттамайды. Ең бастысы:

Ұраным, қорғаным, сен Алаш!

Жолына құрмалдық мал мен бас!

Өнер тап, өрге шап, қару ат.

Аллалап алға бас, ал Алаш!!!,- деп

барлық алаш баласына ұран тастайды.

Ол қазақ қоғамы дамуының ең бір мазасыз шағында, әлеуметтік талас-тартыстар тұсында өмір сүрді. Өзінің бірсыпыра идеялас замандастары секілді оның да қалам қызметіне ешқандай да қамқорлық, жағдай туғызушылық болған жоқ. Жиырмамыншы жылдары Қазақстанда құрылған пролетариат жазушыларының ассоциациясы оларды үнемі сыртқа теуіп отырды. Баспасөз бетінде «ұлтшыл-алашордашыл жазушылар» [4] делініп, үнемі сын садағына ілініп отырды. Осындай жағдайда жазушы негізгі әдеби ортадан жырақ, оңаша жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр болды. Сөйте жүріп, бой тасалап қалмай, заманнан оңашаланбай, елі, халқы жайлы ойланып, заман, дәуір сөзін көп айтты.

Қорыта айтқанда, қазақ елінің тарихында «ақтаңдақтар» өте көп деп айтуға болады. Соның ішінде ХХ ғасырдың бас кезі өте бір аласапыранды, дүрбелеңге толы болып өтті. Осы кезеңде өмір сүрген ақындар мен жазушылардың өмірі мен шығармашылық өнерлері де тым ауыр жағдайды бастан өткерді. Қолдан ұйымдастырылған қиянаттар, кеңестік идеологияның қатал саясаты қазақ ұлтының басына үнемі қара бұлт үйірумен болды. Қатыгездік пен қуғын-сүргінді көргендердің алғашқы легінде қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігін арман еткен, барша қазақ баласына «Оян, қазақ» деп жар салған алаш ұранды әдебиеттің негізін қалаған көрнекті өкілдері болды. «Алаш» атты партия құрып, алашорда төңірегіне топтасқандардың түгелге жуығы большевиктердің, кеңес үкіметі жөндеттерінің қолынан қаза тапты. Сол мерт болғандардың ішінде жазушы Жүсіпбек Аймауытов та бар. Профессор Темірбек Қожакеев өзінің «Ұстаздық еткен жалықпас» атты зерттеу еңбегінде былай дейді: «Жүсіпбек Аймауытов - кәріге де, жасқа да, ұлға да, қызға да ұлағатты болған, халқының көзін ашып, көкірегін оятуға жанын салған жалынды жан. Бұл игі ниетке жетуде ол білек күшін де, жүрек жылуын да, қалам қарымын да, ақыл алымын да аямаған» [5,452.]

Жүрек жылуымен, қалам қарымымен, ақыл алымымен туған халқына алғаусыз қызмет еткен алаш ардақтысы - Жүсіпбек Аймауытов рухы мәңгі жадымызда.

Әдебиеттер

1. Қазақ ССР: 4 томдық қысқаша энциклопедия. 1-том. А., Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы. 1984. -592 б.

2. Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек. (Өмірі мен қаламгерлік қызметі). А., «Санат», 1997. -224 б.
3. Аймауытов Жүсіпбек.Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Пьесалар, өлеңдер. Алматы. «Ғылым». 1997 жыл. -240 б.
4. 20 – 30 жылдардағы қазақ әдебиеті. А., «Ғылым», 1997. -512 б.
5. Бес арыс. Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Алматы. «Жалын». 1992 жыл. -544 б.

ӘӨЖ

MAHAMBET ÖTEMISULI ŞİİRLERİNDE ARKAİK SÖZCÜKLER МАХАМБЕТ ӨТЕМИСҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР ARCHAIC WORDS IN THE POEMS OF MAKHAMBET UTEMISOV

Байниязов Аябек Жандарбекұлы, ф.ғ.к., доцент
Байниязова Жанар Төлеубайқызы, ф.ғ.к., аға оқытушы
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан

Tүйін:

Көнерген сөздер өз дәуірінің тілдік ерекшеліктерінен, халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы мен діни сенімінен де хабардар етеді. Сонымен қатар сөздердің этимологиясы, тарихи даму кезеңдері жайында да мәлімет береді. Әсіресе туыс халықтар арасындағы әдеби мәтіндерді аударғанда, тәркіндес тілдердің тіл тұтастығы да айқын көрінеді. Мақалада 19-ғасырдың көрнекті ақыны Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде кездесетін көнерген сөздер қарастырылды. Көнерген сөздердің мағынасы мен өлең жолдарындағы қолданылу ерекшеліктері туыс түрік тіліне аударылып берілді.

Summary

Archaic words inform about the linguistic features, life, image, customs and religion of their era. They also provide information about the etymology and historical periods of the development of words. Especially linguistic integrity is expressed in the translation of literary texts between related peoples. The article examines archaic words found in the poems of the outstanding 19th-century poet Makhambet Utemisuly. The meaning and features of the use of words in the poems were translated into the related Turkish language.

Arkaik sözcükler, ait olduğu dönemin dil özellikleri yanında o dönemin toplum hayatı, gelenekler, görenekler, yaşam tarzı, inanç sistemleri hakkında da ipucu verirler. Bunun yanında sözcüklerin etimolojisinin araştırılması ve tarihî süreç içerisinde geçirdiği değişikliklerin irdelenmesinde de önemli birer yol göstericidirler (Küçük, 2013, s. 118). Kazak Dil Biliminde Mahambet'in kullandığı dilin özellikleri üzerine Rabiğa Sızdıkova'nın çalışmaları vardır. O, Mahambet'in şiirlerinin birçok arkaik kelimeleri içerdiğine dikkat çekmekte ve bunun nedenini de şairin ozanlık geleneğini edebi dile taşıyıp birleştirici, edebi dili geliştirici özelliğe sahip olduğuna bağlamaktadır (bk. Sızdıkova 1993: 179-184).

Mahambet Ötemisuly'nın dili de kendi yaşadığı dönemin edebi dilini yansıtmaktadır. Mahambet, yüzyıllardan beri yaşayagelen halkın şiir sanatını, söz hazinesini ustaca kullanıp bize kadar taşıyıcı olmasından, onun dilinde benzetmeler, kalıp sözler, metaforlar ve atasözleri bolca rastlanmaktadır. Bundan dolayı Mahambet

şiiirlerinde günümüz okuyucusuna yabancı gelen kelimelerin bulunması da doğaldır. Mahabbet'in şiiirlerindeki anlaşılması güç, eski kelimeler üzerindeki çalışmalar Kazak Dil biliminde hala güncelliğini kaybetmemiştir (bk. Toktagul 2003: 39).

Arkaik kelimelerin anlamlarını tespit etmede *On beş ciltlik Kazak Edebi Dili Sözlüğünden (KEDS)* yararlandık. Sözlük, arkaik kelimelerin bulunup ortaya çıkarılmasında ana kaynağımız oldu.

Ärayna (arkaik söz): *Ärayna* “Sabret”şiiirindeki “Sabır, tahammül” (KEDS. c. I, s. 580) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Әрайна, жігіттер, әрайна! “Sabırlı ol, yiğitler, sabır eyle!” (Ötemisulı 2007: 33).

Alqala- (arkaik söz): *Kün Bolğan* “Gün Olmuştu” şiiirindeki “Bir araya gelmek, toplanmak” (KEDS. c. I, s. 419) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Алқалаған жер болса, Азамат басы құралса,

Мәшурат кеңес сұралса, Мәшурат берер ер едік.

Kalabalığın toplandığı yer olsa, Erkekler bir araya gelse,

Meşveret meclisi kurulsa, Fikir verenler idik. (Ötemisulı 2007: 105).

Şal (arkaik söz): *Ärayna* “Sabret”şiiirindeki “Boz, açık toprak rengi” (KEDS. c. XV, s. 212) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Күшіген жүнді **шал** жебе, Жауына қардай борай ма?

Kartal tüylü boz ok, Düşmana fırtına gibi eser mi? (Ötemisulı 2007: 33).

Maydan (arkaik söz): *Arğımaq, Seni Saqtadım* “Arğımak, Seni Korudum” şiiirindeki “Zariflik, şıklık” (KEDS. C. X, s. 747) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Ат – жігіттің **майданы**, Қылыш – жанның дәрмені...

At, yiğitin zarifliği (kanadı), Kılıç - canın ruhu...(Ötemisulı 2007: 19).

Qarı (arkaik söz): *Elmen Qoştasuw* “Halkla Vedalaşma” şiiirindeki “Boy, kabile, soy” (KEDS. c. IX, s. 396) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Амандаспай аттандым, Ата-ана, **қарыма**,

Жолығыспай жөнелдім, Алланың қосқан жарына.

Hal hatır sormadan atlandım, Ата-ана, akrabalarыма.

Görüşmeden yola koyuldum, Allah'ın koştığı yarıma. (Ötemisulı 2007: 56).

Alğınşı (arkaik söz): *Qaqaquwlap Şaqırmay* “İsrarla çağırmadan” şiirindeki “Eş, yâr, kadın” (KEDS. c. I, s. 393) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Алғыншы алған арудың, Ақша бетін солдырмай...

Yar olarak aldığı güzelin, Güzel yüzünü soldırmadan... (Ötemisulı 2007: 86).

Astana (arkaik): *Tarlanım* “Kartalım” şiirindeki “Bütün halk, millet” (KEDS. c. II, s. 34) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Айғайласа белдігі байланған, **Астана** жұртын айналған,

Астына тұрман болсам деп...

Bağırdığında kemeri bağlanan, Halkını çok seven,

Altına koşum olsam diye... (Ötemisulı 2007: 83).

Qırqarla- (arkaik): *Minken Er* “Yürekli Er” şiirindeki “Ardı sıra gitmek, peşi sıra gitmek” (KEDS. c. X, s. 597) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Еркек қойдай бөлініп, **қырқарланып** өткен ер...

Sürüden bölünüp giden koç gibi, Ardı sıra geçen er... (Ötemisulı 2007: 101).

Emse- (arkaik): *Mahambettin Baymağanbet Sultanğa Atyqan Sözi-3* “Mahambet’in Baymağanbet Sultan’a Söyledikleri-3” şiirindeki “Özlemek, çok arzulamak” (KEDS. c. V, s. 271) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Еділді көріп **емсеген**, Жайықты көріп жемсеген...

İdil’i görüp imrenen, Yayık’ı görüp heveslenen...(Ötemisulı 2007: 50).

Sur jebe (arkaik): *Tarlanım* “Kartalım” şiirindeki “Eskiden bahadırların kullandığı keskin yay oku” (KEDS. c. VI, s. 253) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Садағының кірісін, Сары алтынға малдырған,

Сұр жебелі оғына, Тауықтың жүнін қойдырған.

Yayının girişini de, Saf altınla kaplamış,

Keskin yay okuna, Tavuk tüyü bağlamış... (Ötemisulı 2007: 83).

Mahambet’in şiirlerinde günümüzde birden çok kelimedен kurulan ve öğelerinin anlamları ile deyim anlamı arasında hiçbir ilişki bulunmayan deyimler de vardır. Mustafa Özkan deyimlerle ilgili olarak; “Deyimlerde, grubu oluşturan kelimelerin anlamlarından farklı bir anlam aktarılmaktadır. Bu anlam aktarmalarında genellikle benzerlik ve kalıplaşma önemli rol oynamaktadır. Bu bakımdan deyimler birden çok öğeden oluşmuş bile olsalar, tek kavrama karşılık olarak kalıplaşırlar” (Özkan 2004: 2293-2294).

Mahambet'in *Berkinip Sadaq Asınbay* "Cesaretle Yayı Sirtında Taşımadan" şiirindeki *qozı jawırın* deyimini 'kuzu ve kürek kemiği' kelimelerinden oluşan bir deyimdir. Şiirdeki kavram olarak anlamı ise, 'kuzu kemiği büyüklüğünde olan yay oku'dur (KEDS. c. VI. s. 223).

Қозы жауырыны оқ алмай, Атқан оғы жоғалмай,

... Үйде отырған жігітке, Теп-тегін атақ бола ма?!

Yay okunu germeden, Atan oku boşa gitmeden,

...Evde oturan yiğide, Havadan nam olur mu?! (Ötemisulı 2007: 58).

Aşağıdaki deyimlerde, deyimini oluşturan öğelerin anlamları üzerinde değil, deyimlerin taşıdığı anlamları ve geçtiği satırdan örnekler vererek sınırlı tutacağız.

Alalı jılqı, aqtılı qoy (deyim): *Aymaq Köl* "Durgun Göl" şiirindeki "Sayısız yıldı, hesapsız küçükbaş hayvanlar, davar" (KEDS. c. I, s. 358) anlamındaki bu deyimін şiirde kullanımı şu şekildedir:

Алалы жылқы, ақтылы қой, Аңдыған бөрі жемей ме

Иесі ұйықтап жатқан соң?! Sayısız hayvanları,

Pusudaki kurt yemez mi Sahibi uykuya yattıktan sonra?!... (Ötemisulı 2007: 107).

Altı malta as bolmay (deyim): *Erewil Atqa Er Salmay*, "Sağlam Atı Eyerlemeden" şiirindeki "Aza kanaat etmeden" (KEDS. c. I, s. 449) anlamındaki bu deyimін şiirde kullanımı şu şekildedir:

Алты малта ас болмай, Өзіңнен туған жас бала,

Сақалы шығып жат болмай, ... Ерлердің ісі бітер ме?!

Aza kanaat etmeden, Özünden doğan küçük bala,

Sakalı çıkıp yabancı olmadan, ... Erlerin іші бітер mi?! (Ötemisulı 2007: 22).

Qandı köbik jutqızıp (deyim): *Berkinip sadaq asınbay* "Cesaretle yayı sirtında taşımadan" şiirindeki "Yerle bir etmek, yok etmek" (KEDS. c. IX, s. 230) anlamındaki bu deyimін şiirde kullanımı şu şekildedir:

Қасарысқан жауына, Қанды көбік жұтқызып...

Direnen düşmanını, Yerle bir edip... (Ötemisulı 2007: 58).

Quw tolaғay bastanuw (deyim): *Erewil atqa er salmay*, "Sağlam atı eyerlemeden" şiirindeki "Darlık, sıkıntı çekmek" (KEDS. c. X, s. 171) anlamındaki bu deyimін şiirde kullanımı şu şekildedir:

Тебінгі теріс тағынбай... **Қу толағай бастанбай,**

Ерлердің ісі бітер ме?!

Tebingiyi ters örtmeden... Sıkıntı, darlık çekmeden,

Erlerin işi biter mi?!.. (Ötemisulı 2007: 22).

Quyriq-jalın şart tüyüw (deyim): *Mahambettin Baymağanbet Sultanğa Atyqan Sözi-10* “Mahambet’in Baymağanbet Sultan’a Söyledikleri-10” şiirindeki “Atlı arabasını, at arabasını hazırlamak” (KEDS. c. X, s. 268) anlamındaki bu deyim şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Құйрық-жалын шарт түйген, Мен кескекті ердің сойымын...

Atlı arabası hazır duran, Ben cesur er soyundanım... (Ötemisulı 2007: 52).

Meymanası tasuw (deyim): *Munar Kün* “Puslu Gün” şiirindeki “Sevinmek, şad olmak” (KEDS. c. XI, s. 158) anlamındaki bu deyim şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Түс қыла гөр, құдайым, Біздей тақ **мейманасы тасқанға,**

Біздің ер Исатай өлген күн, Он сан байтақ бүлген күн...

Rüya olmasını dilerim, Allah’ım, Bizim gibi taht için şad olana,

Bizim erimiz İsatay'ın öldüğü gün, Çileli dönemin doğduğu gün... (Ötemisulı 2007: 80).

Tolarsaqtan saz keşüw (deyim): *Tolarsaqtan Saz keşip* “Zor Günleri Baştan Geçirip” şiirindeki “Sıkıntılara katlandı, zor günler geçirmek” (KEDS. c. XIV, s. 233) anlamındaki bu deyim şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Толарсақтан саз кешіп, Тоқтамай тартып шығарға

Қас үлектен туған қатепті, Қара нар керек біздің бұл іске...

Zor günleri baştan geçirip, Duraksamadan geçip gitmeye

İyi cinsli erkek deveden doğan dayanıklı, Güçlü deve gerek bizim bu işe. (Ötemisulı 2007: 34).

Adırnasın ala ögizdey möniretken (deyim): *Tarlanım* “Kartalım” şiirindeki “Haykırtıp, feryat ettirip” (KEDS. c. XII, s. 74) anlamındaki bu deyim şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Астына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан болсам деп,

Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен...

Altına koşum olsam diye, Yurduna kurban olsam diye,

Kirişini feryat ettiren... (Ötemisulı 2007: 83).

Adil jannan tünilüw (deyim): *Mahambettin Baymağanbet Sultanğa Atyqan Sözi-XIII* “Mahambet’in Baymağanbet Sultan’a Söyledikleri-XIII” şiirindeki “Ümidini yitirmek” (KEDS. c. II, s. 366) anlamındaki bu deyim şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Тінікейдей тектінді, Ителгі көзін төңкертіп,

Күшіктей даусын қыңсытып, Аш күзендей белін бүгілтіп,

Әділ жаннан түнілтіп, Артына салсам деп едім...

Tinikey gibi üstününü, Cilve yaptırtıp,

Köpek yavrusu gibi sesini kıstırıp, Aç kokarca gibi belini бүküp,

Ümidini yitirtip, Ata ters bindirip,

Arkamdan getirsem demiştim... (Ötemisulı 2007: 54).

Kök julın (deyim): *Altı Kündey Alawlap* “Altı gündür tutuşup” şiirindeki “Bir deri bir kemik kalan at, çok zayıf at” (KEDS. c. VIII, s. 8) anlamındaki bu deyim şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Ертеден салса кешке озған, Ылдидан салса төске озған,

Көк мойынды **көк жұлын**, Томаға көзді қасқа азбан...

Кошмактан hiç usanmayan, Bayırdan дағın yamacına коған,

Kök boyunlu yürük zayıf at, Yuvarlak gözlü sakar azban... (Ötemisulı 2007: 61).

Rabiğa Sızdıkova’nın Üniversiteler için yazdığı *Kazak Edebi Dilinin Tarihi* adlı ders kitabının *Mahambet Şiirlerinin Dili* başlıklı bölümünde *tarlan, tarpan, battavıq, qalıqpan, sayğaq, kerisken, jemsew* kelimeleri arkaik kelime olarak bahsedilmektedir (Sızdıkova 1993: 182). Çalışmamızda rehber edinerek kelimelerin anlamlarını tespit ettiğimiz 2011 yılında yayınlanan çok kapsamlı *On beş ciltlik Kazak Edebi Dili Sözlüğünde (KEDS)* bu kelimelerin anlamları açıklanmış, fakat arkaik kelimeler olduğu belirtilmemiştir. Günümüzde sıraladığımız kelimelerin anlamları halk tarafından pek bilinmediğinden çalışmamıza arkaik kelime olarak alınması uygun görülmüştür.

Tarlan (arkaik): *Mahambettin Baymağanbet Sultanğa Atyqan Sözi-3* “Mahambet’in Baymağanbet Sultan’a Söyledikleri-3” şiirindeki “Dağ kartalı” (KEDS. c. XIII, s. 743) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Таудағы **тарлан** шұбар біз едік... Дағdaki kartal biz idik... (Ötemisulı 2007: 50).

Tarpañ (arkaik): *Tolarsaqтан Saz Keşip* “Zor günleri baştan geçіrip” şiirindeki “Hergele, binege alıştırılmamış” (KEDS. c. XIII, s. 747) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Тарпандай тізесін бүгіп от жеген, Тағы сынды мырза едік...

Tarpan gibi dizini büküp ot yiyen, Başiboş bey idik... (Ötemisulı 2007: 34).

Battawıq (arkaik): *Arğımaqtın Balası* “Arğımak atın yavrusu” şiirindeki “Hayvanların beslendiği otlı bitki” (KEDS. c. III, s. 108) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Балағы түкті қоңыр қаз, **Баттауыққа** тоя оттамас...

Bacağı tüylü konur kaz, Battawıq otuna doymaz... (Ötemisulı 2007: 23).

Qalıqpan (arkaik): *Eriskendey er bolsa* “Yiğide layık er olsa” şiirindeki “Kartalgiller ailesinden yırtıcı bir kuş” (KEDS. c. IX, s. 162) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Мен – қаракүстан туған қалықпан, Сөйлер сөзге жалықпан...

Ben; çaylaktan doğan qalıqpan, Söyleyecek sözden bıkmam... (Ötemisulı 2007: 39).

Sayğaq (arkaik): *Jalğan Düniye* “Yalan Dünya” şiirindeki “Mezarın başına işaret olarak konulan direk, mezar tahtası” (KEDS. c. XII, s. 540) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Саздауға біткен құба тал, Кімдерге **сайғақ** болмаған?!

Басына жібек байлаған, Арулар кімнен қалмаған?!

Sazlıkta biten söğüt ağacı, Kimlere sayğak olmadı?!

Başına ipek bağlayan, Güzeller kimlere yâr olmadı?! (Ötemisulı 2007: 112).

Keriskendey (arkaik): *Tarlanım* “Kartalım” şiirindeki “İri yarı, devasa” (KEDS. c. VII, s. 677) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Кермиығым, кербезім, **Керіскендей** шандозым!...

Hoş görünüşlü, süslüm, İri yarı yürüğüm!.. (Ötemisulı 2007: 83).

Sonuç: Arkaik kelimeler, yaşadığı dönemin dil özelliklerini gösteren bir belgedir. Mahambet’in şiirlerinde ele aldığımız günümüzde halk tarafından hiç kullanılmayan ve unutulmaya yüz tutan, yaşamını sadece sözlüklerde sürdüren arkaik kelimeler ve deyimler de öyledir. O dönemlere ait eserlere bakıldığında anlam olarak anlaşılması güç kelimelerin ortaya çıkması doğaldır. Okuyucu genelde öyle kelimelere cümle içerisinde anlam kazandırmaya çalışır. Oysa mutlaka başvurulması gereken kaynaklar vardır. Lehçeler arası çalışmalarda, özellikle aktarmalarda bunlar dikkate alınmalıdır. Gerçek anlamı dışında kullanılan sözcükler her lehçede mevcuttur. Bunlar her toplumun maddi ve manevi kültürünü yansıtan sözler olduğundan üzerinde düşünülmalıdır.

KAYNAKÇA

BAYNİYAZOV, Ayabek, BAYNİYAZOVA, Janar, KOÇ, Kenan (2021). *Türkiye Türkçesi-Kazak Türkçesi Sözlüğü*. Ankara: TDK Yayınları.

- KENESBAYEV, İsmet (2007), *Frazeologiyalık Sözdik*, II. Baskı Almatı: Arıs Yayınları.
- KOÇ, Kenan, BAYNİYAZOV, Ayabek, Başkapan, Vehbi (2021). *Kazak Türkçesi-Türkiye Türkçesi Sözlüğü*. Ankara: TDK Yayınları.
- KÜÇÜK, Serhat, (2013), “Zâfî Dîvânı’nda Arkaik Unsurlar” Atatürk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi, s. 49, s. 117-130.
- ÖTEMİSULI, Mahambet (2007), *Jorıq Jırları*, Almatı, 408 s. Halıqaralıq Abay klubı Yayınları.
- ÖZKAN, Mustafa (2004), “Deyimleşmiş İkillemeler”, V. Uluslararası Türk Dili Kurultayı Bildirileri II, 20-26 Eylül 2004, Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları: 855/II, s. 2289-2317.
- SIZDIKOVA, Rabiğa (1993), *Qazaq Edebi Tilinin Tarihi (XV-XIX Gasırlar)*, Almatı, 320 s. Ana Tili yayınları.
- TOKTAGUL, Biken (2003), “Mahambettanudın Bastav Bulaktarı”, *Mahambet – Ult-Azattıq Köterilis Jarısı* Konferansı Bildirileri, Çimkent: Yesevi Üniversitesi Yayınları, 39-48 s.
- Kısaltmalar:** **KEDS** *Kazak Edebi Dili Sözdigi* (2011), XV Cilt, A. Baytursınulu Dil Bilimi Enstitüsü Yayınları.

ӘӘЖ

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН М. ҚАШҚАРИ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДАҒЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ ІЗДЕРІ

Анарбаев Қайрат Сапарханұлы

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры, Т.ғ.к.

Резюме

Данной статье рассматривается проблемы исторической приемственность степной цивилизаций и ее следы в работах Аль-Фараби и М.Кашгарского.

Summary

This article discusses the problems of the historical succession of the steppe civilizations and its traces in the works of Al-Farabi and M. Kashgarsky.

Кез келген адамның, халықтың кіндігі өткен бабаларымен тек қанымен ғана емес, олар өмір сүрген байтақ өмірмен де біте қайнасқан. Адамзат баласының өмір сүру үшін жасаған барша тіршілік әрекеті түптеп келгенде оның адамдық болмысының айғағы. Сондықтан Еуразияның кең байтақ далалық аумағында табиғаттың жағдайына қарай негізгі күнкөрісінің көзі мал болған арысы түрік бабамыз, берісі қазақ атамыздың тарихын сол сайын даладағы көрініс берген мәдениет пен өркениеттен, әсіресе, халықтық, ұлттық рухани сабақтастықтарынан тыс қарастыру мүмкін емес. Өйткені, ортағасырларда даланы мекен еткен халықтардың шаруашылығы көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болмаған [1, 179 б.]. Сондықтан бір халықты немесе ұлтты тану үшін тарихи қазба, жазба, материалдық, этнографиялық т.б. деректермен бірге, әуелі сол халықтың немесе ұлттың дүниетанымының негізін құрайтын рухани құдіретті күштің қайнары саналатын **тілінің, ділінің және дінінің** тарихына, хронологиялық және мазмұн мен мәндік жағынан өзара сабақтастық

тұстарына ерекше үңілу керек. Кері жағдайда кез келген ұлттың тілі мен ділінен, дінінен бейхабар зерттеушілер сияқты халықты, ұлтты тұтастай тануда қате қабылдауларға орын беруіміз мүмкін.

Бұл орайда өткен тарихымызды, руханиятымызды түгелдеуде ең алдымен Ұлы Даланың, қазақ халқының төл перзенттерінен мұра болып қалған заттай немесе жазба деректер құнды жәдігерлер саналады. Солар арқылы ғана біз кешегі ата-бабаларымыздың Еуразия құрлығында көшпелі мал шаруашылығын ең биік шыңына жеткізгенін, адамзаттық өркениетке мәдениеттің барлық салаларында зор үлес қосқанын және сол далалықтардың бүгінгі заңды мұрагері, әрі түркі әлемі «қарашаңырағының» иесі саналатын бүгінгі қазақ халқының рухани әлемін жете ұғынамыз. Өз кезегінде олай жасау бүгінгі күнгі қазақты тану немесе Қазақтану мәселесінде бұл үнемі есте сақтайтын негізгі қағидалардың бірі деп санаймыз.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 05.01.2021 жылы Егемен Қазақстан газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында тарихи сана мен қазіргі жағдайдағы тарих ғылымының өзекті мәселелеріне қатысты келелі ойлары айтылды. Сол қатарда Президент: *«Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет»*- деп елімізде мемлекеттік деңгейде қолға алынып отырған «Рухани жаңғыру» бағытындағы жұмыстардағы тарихи сана мен оны қалыптастырудағы тарих ғылымының рөлін тағы бір нақтылып өтті [2].

Жалпы тарихта адамзаттық тұлғалық деңгейге бүкіл адамзаттық мәдениеттің үлгілерімен таныс және олардың жақсыларын жатсынбай ел кәдесіне жарата алғандардың қолы жеткені белгілі. Біздіңше, арғы бабаларымыздың «Атаның баласы емес, адамның баласы бол!» дегенде ұрпағына осы ойды жеткізуге тырысқан сияқты. Біздің тарихи санамызда ұлы даладан шыққан сондай тұлғалардың қатарынан әл-Фараби, әл-Бируни, М.Қашқари, М.Х.Дулати, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай мен Әлихан т.б. есімдері сақталған. Олардың есімдері мен еңбектері біздерге шамшырақ. Сол шамшырақтарға қарай бет алсақ адаспаймыз.

Біз бұл зерттеу мақаламызға сол бірегей тұлғалар арасында әлемге кең танымал әл-Фараби мен Махмұд Қашқари бабаларымыздың еңбектеріндегі кездесетін рухани арқауларды нысана еттік. Оның ішінде ғалымдардың саяси, әлеуметтік – этикалық бағыттардағы трактаттары мен терең ойларындағы бүгінгі жанару мен жаңғыру үстіндегі Қазақстанға пайдалы тұстары мен бүгінгі күні де ұлттық идеологиялық жағынан да, өркениеттілік дамудың жолына түсуде де маңызға ие тұстарына тоқталуды мақсат етеміз.

Зерделей қараған кісіге әл - Фарабидің әлеуметтік-этикалық бағыттағы трактаттары арасында «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету туралы» сияқты еңбектерінің мазмұны терең ғылымилық пен өркениетке бағыттаудың және ол ойларының

өзінің көне түркілік танымдармен сабақтастық табатын тұстары аз емес. Мысалы, ғалым өз еңбектерінде мемлекет пен қоғамның, жалпы адамзаттың бақытқа ұмтылуындағы ғылым, өркениеттіліктің, мемлекет пен оны басқарушылардың жалпы қоғамның бақытты болуындағы орны мен рөлін ашық айтып алға тартады («Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары»). Әл-Фараби саяси биліктің иелері елді қайырымды қоғамға бастайтын күш ретінде санайды. Әл-Фараби «адамдардың тәнін емдейтін дәрігер бүкіл дененің құрылысы мен оған керекті дүниелерді жақсы білгені сияқты қала (мемлекет) басшысы да оның тұрғындарын сол деңгейде білуі» керектігін айтып тамаша салыстырма береді [3, 190-191 бб.].

Өз кезегінде әл-Фараби ойлары жалпы түрік халықтарының арғы тарихы мен рухани әлемімен тарихи сабақтастық тапқан. Мысалы, Күлтегін тасындағы мәтін: «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара Жер жаратылғанда, екеуінің арасында (ортасында) адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бұмын-қаған, Істемі қаған (таққа) отырған» -деп басталады [4, 264 б.]. Одан ары түркіні бұзар қытайдың «тәтті сөзі» мен «сыйға берілетін асыл тастары» екенін айта келе, оларға алданбай елдікті ойлап іс қылуға шақырады. «Түрік халқының ұмытшақтығын» сынай келе, осы тасты жаздырғанын да тасқа қашаған. Тек бірлік ғана елдік мұратқа жеткізетінін тасқа қашайды. Ал Тоныкөк жазбаларында: 1 *«Білге (дана) Тоныкөк (Тұй-ұқұқ) мен өзім Табғач елінде қылындым (туылдым). (Ол заманда) түрік халқы Табғачқа қараушы еді»*. 2 *«Түрік халқының қағаны жоқ еді. Табғачтан бөлініп, қағанды болды. Қағанынан айырылып, Табғачқа және бағынды. Тәңірі былай деген-ді: қаған бердім. Қағаныңды жойып, (басқаға) бағындың. Бағынғандығың үшін Тәңірі сені өлімші етті...»* жолдар кездеседі [4, 452 б.]. Байқап отырғанымыздай бабаларымыз сол кезеңнің өзінде тәуелсіз ел болудағы саяси билікті киелі (Тәңірі сыйы) деп ұғыну, билік басындағы билеушіге деген құрметті ғана емес, билеушінің халық үшін жауапкершілігін де нақты айтып тұр. Және Қаған лауазымына тек белгілі бір билік тайпасының өкілдері ие болу құқығын иемденгені (Түріктердегі Ашина тайпасының өкілі) және өзгелер қанша ақылды, батыр болса да қағандыққа таласуға болмайтындығы да жазба деректерде сақталған. Бұл деректер далалықтардың ел басқару мәдениеті мен дала өркениетінен хабар беріп тұр. Оның іздерін кейінгі ортағасырларда қыпшақтарда билік тайпасы ретінде Елбөрі тайпасының саналғанынан, кейінгі ортағасырлық тарихта осы дәстүрді Шыңғыс ханның «Жосық» заңдарында нақтылануынан байқалады. Қазақ хандарының да осы текті әулеттен шыққаны тағы белгілі.

Саяси билік пен билеушілерге қатысты осы мазмұндас ойлар Ж.Баласағұнның «Құтты білігі» мен М.Қашқаридің еңбектерінде тіптен мол ұшырасады. Мысалы, М.Қашқаридің түріктер туралы айтқанда: *«Мен Тәңірінің дәулет ұясын түріктер бұржасында жаратқандығын және гарышты солардың заманы үстінде айналдырғанын көрдім. Тәңірі оларды «Түрік» деп атады оларды мемлекетке еге қылды; Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолдарына ұстатты...»*- деп асқақ үнмен жазғаны белгілі. Сонымен қатар ортағасырлық

түріктердің білім мен өркениетілікте де ешкімге дес бермегенін байқататын және «Диуани луғат-ат-түрік» негізгі ерекшеліктерінің бірі ретінде еңбектің 23-24 беттерінде орын алған әлемнің картасын атап өтуге болады. Бұл бір түркі азаматының қолымен сызылған әлемнің тұңғыш картасы. Әлбетте осыдан 1000 жыл бұрынғы шарттардағы жағрапия ғылымының мүмкіндігі тұрғысынан баға берер болсақ, өте жоғары деңгейде әзірленген. Картаның бір түріктің қолынан шыққандығының айғағы ретінде мына нәрселерді айтуға болады: Ең әуелі түрік қағандарының мекені болған Баласағұн шаһарын жердің кіндігі етіп алып, қалған шарлар мен елді мекендерді осы қаланың ыңғайына қарай орналастырылған және бағыттар Орхон жазбаларындағыдай ежелгі түркі дәстүрі бойынша анықталған. Түркілер мекендеген аймақтардағы шаһарлар мен елді мекендер, таулар мен өзендер, көлдер мен теңіздер бүге-шүгесіне дейін анық көрсетіледі. Яғни билеушілер ұрпағы ретінде осы еңбекті жазғанда түріктерді, оның ішінде өзі айтқандай Хакания жұртын негізгі орталық етіп көрсеткен. Ал қазақ халқының фольклорында кездесетін «Аяз би» ертегісінен бастап «ханда 40 кісінің ақылы бар», «Ел басқару үшін өзінді басқаруды үйрен» деп келетін ойлардың тереңнен бастау алатынын осы еңбектердегі материалдармен танысу арқылы тереңдете түсеміз.

Кез келген ел билеушіні бұзатын жағымпаздық пен қорқақтық екенін байқататын түркілік таным іздері де аталған ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Өз кезегінде олардың арғы арқаулары жоғарыдағы көне түріктегі «Түрікті тәтті сөз бұзады» деген ойлардан, яғни түптеп келгенде халық даналығынан шығып жатқаны анық аңғарылады. Осындай сабақтастықты кешегі Абай атамыздың: *«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,*

Әре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегіңмен ақылың екі жақтап....» - деп келетін өлең жолдарынан да аңғару қиын емес.

Әл-Фараби бабамыздың халықтың тағдыры ел билеушілерінің ақылы мен парасатына қатысты болса, адамның ақылы мен парасатының көрсеткіші оның сөзінен аңғарылатынын ғалымның логика ғылымын өнер деп бағалауы мен «сөз» өнеріне аса мән беруі айқындап тұр. Ал халқымыздағы «Өнер алды-қызыл тіл» деген қанатты сөздің, «Кісіні киіміне қарап қарсы ал, сөзіне қарап шығарып сал» деген нақылдарының сабақтастығы жоқ дей алмаймыз.

Иә, кез келген халықтың рухани қайнарының бастауы тіл. Бұл орайда ғұлама ғалым М.Қашқаридің тіл тазалығына баса назар аударғанын айтпай кетуге болмас. Ол «ең таза, көркем тілдер қатарына жат парсы тілінің сөздерін қоспай сөйлейтіндер мен бөгде салт-дәстүрлерді қабыл алмайтындарды жатқызатынын» ашып айтқанының астарлы мағынасында талай-талай танымдық мәселелер бар екенін ескеру керек [5, С. 69]. Өйткені, қала халқымен араласқандардың тілі екі немесе одан көп тілдердің элементтерінен тұрып «таза тіл» бола алмайтынын және кейбір кірме тайпалардың тілі түркіленгенін ашық жазған (сонда). Бұдан шығатын қорытынды таза тілге ие халық аз. Түріктерде аралас тайпалардан құралған. Дегенмен өзіндік ойлау жүйесі жоқ халық, яғни

рухани тұтастығын көрсететін негізгі белгілерге ие емес халық біртұтас ел бола алмайтынын да ескертіп тұрғандай. Ортағасырлық түріктердің алып империясы құрамындағы тайпаларды сипаттап беруде олардың тіліне айрықша тоқталады. Өйткені М.Қашқари сол заманның өзінде тілдің елді біріктіруші факторлық қызметін жақсы білген. Мысалы, М.Қашқаридің: «...өз тілі мен жазуы бар Хотандықтар сияқты Түбіттердің өз тілі бар. Олардың екеуі де түрікше еркін меңгермеген», «Көшпенді Жумулдар, сонымен бірге Кай, Йабаку, Татар, Йасмилдердің өз тілі бола тұра, түрік тілін жақсы меңгерген» -і туралы мағлұматтарды келтіреді [5, С. 69-70].

М.Қашқари еңбегі түркі тілдес тайпалар ішінен ғалым жинаған өткір мақал-мәтелдерге, афоризмдерге өте бай. Шығармада ежелгі түркілердің, сол сияқты қазақтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси қатынастары көрінетін халық даналығы жинақталған. Халықтың мұндай даналық сөздері адамдардың сан ғасырлық өмір тәжірибесінен туатыны мәлім. Зерттеушілер пікірінше, ғұлама ғалым өз еңбегінде 260 астам мақал-мәтелді пайдаланған. Мақал-мәтел атауы ол кезеңде «сав» терминімен берілген. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, өмірлік тәжірибесі, айшықты ойы қысқа да нұсқа шұрайлы тілмен бейнеленеді және түркі халықтарының көпшілігіне ортақ болып келеді. Және ол мақал-мәтелдердің көтерген тақырыбы да сан алуан.

«Диуани лұғат ат-түркте» кездесетін осындай мақал-мәтелдерден «Әдептің басы тіл», «Інген ыңыранса, бота боздар», «Адам үрленген қап, Ауызы ашылса - бос қалар», «Тай өссе, ат тынығар, Ұл өссе, әке тынығар», «Қарияның сөзі бекер болмас, Жалғыз шыбық бақша болмас», «Бақыттың белгісі — білім», «Ақылды сөз алтын табаққа жеткізер», «Күздің келуі жазда білінер» деген сияқты мысалдардың мазмұнын бүгінгі қазаққа тіптен ұғынықты екені сол рухани және тілдік сабақтастықтың айқын белгісі мен дәлелі.

Жалпы алғанда ортағасырлық түркі әлемінде тілге, оның ішінде төл түркілік тілдерге қатысты ғылыми еңбектердің жазылуында әл-Фарабидің тіл ғылымына байланысты еңбектерінің ықпалы болған жоқ деп айта алмаймыз. Бұл орайда сақталған көптеген жазба жәдігерлер арасынан М. Қашқаридің энциклопедиялық сипаттағы «Түрік сөздігі» бірінші ойға оралады.

Ұлт руханиятының тағы бір тірегі дін болса, діннің өзі де ұлттық идеологиядан тыс бола алмайды. Бұл орайда әл-Фараби өз еңбектерінде Бір Алланы мойындайды. Дегенмен адамға таңдау еркіндігі берілгеніне ерекше назар аударады. Оның еңбектеріннен діни толлеранттылық іздері анық байқалады. Оны біз ғалымның өз еңбектерінде түрлі діндерді салыстыруы мен ой еркіндігінің керектігі жайлы пікірлерінен көреміз. Осымен сабақтас ойды М.Қашқари де айтқан. М.Қашқаридің пайымдауынша, әлем мәңгі жасайды, ал ондағы нақты құбылыстардың басы мен аяғы болады. Оған дүние ешқандай сыртқы күштерге бағынбайтын нақты шындық жиынтығы ретінде көрінеді [6, 99].

Ондай сабақтастықтарды Абай Құнанбаевтың «Адамды сүй, Алланың химетін сез», «Бірінші Алланы сүй, жаннан тәтті....Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» деп келетін өлең жолдарымен ортақ танымдық сабақтастықтар

жатқанын байқамау мүмкін емес. Олай болса бүгінгі жастарға осыларды ғылыми талдап түсінерліктей білім мен тұтас санадағы рухани жаңғыру қажет ақ.... Өйткені, өткен тарихында қазақ қасиетті дініміз исламның бір ақидасын, бір мазғабын ұстанып біртұтастығын сақтап келсе, бүгін жағдай өзгерді. Ал діндегі түрлі ағымдардың орнығуы қазақ қоғамының ыдыраушылыққа бастайтын жол екенін айтқан ғалымдар да, дін қызметкерлері де, қоғам қайраткерлері де аз емес. Мысалы, көрші Қытайда 1,5 млрд. халыққа 4 конфессия ғана болса, бүгінгі саны енді ғана 19 млн. құраған халқы бар Қазақстанға 46 конфессияның «артықтығын» зиялы қауым талайдан айтып келеді (М.Жолдасбеков). Бұл ойлантатын мәселелер....

Қорыта айтқанда, әл-Фараби мен М.Қашқари еңбектерінің көне түркілік рухани дәстүрлерімен және өзаралық сабақтастықтары анық. Өз кезегінде қазақ халқының да рухани мәдениеті мен ұлттық құндылықтарының қалыптасуы мен дамуына ол ғұламалардың еңбектеріндегі айтылған даналық ойлардың іздері сайрап жатыр. Олар бүгінгі күні Жаңа Қазақстан жағдайында рухани әлемімізді дамытуда өзекті.

Әдебиеттер

1. Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. этномәдени пайымдау. Алматы, «Санат» 1997.-464 б.
2. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»// Егемен Қазақстан. 05.01.2021.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы «Ғылым», 1975 ж.-455 бет.
4. Қаржаубай Сартқожаұлы. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. Үш томдық. I том. Алматы, «Samga Press»6 2019. -510 б.
5. Махмуд ал-Кашғари. Диван Лугат ат-Турк. Перевод З.-А. М. Ауэзовой. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с. + 2 с. Вкл.
6. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани луғат ит-турк»). - Алматы: Ана тілі, 1993. — 192 б.

ӘӨЖ 94 (574)

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ЖЕТІСУДАҒЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ

Балық А.А. - 2 курс магистранты, almat_0623@mail.ru

Ғылыми жетекші: Динашева Л. – т.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье описывается период просветления Жетысуского района южного региона Казахстана. В это время анализируется деятельность Царской России в области образования и просвещения. Через просветительскую работу показаны политические взгляды царского правительства, такие как колонизация и русификация казахского народа.

Summary

The article describes the period of enlightenment of the Zhetysu district of the southern region of Kazakhstan. At this time, the activities of Tsarist Russia in the field of education and enlightenment are analyzed. Through educational work, the political views of the tsarist government are shown, such as colonization and Russification of the Kazakh people.

Кіріспе

Ағарту ісі – белгілі бір елдің, халықтың, мәдени-әлеуметтік, саяси-экономикалық дамуы, өнеркәсіп кешенінің өсуі. Яғни, білім-ғылымның өркендеуі кез-келген халықтың көкірек көзі ашылып, өсіп-жетілуінің кепілі. Сан ғасырлық тарихы бар қазақ елі де білімнен, даналық сөздерден кенде болған емес. Аузы дуалы би-шешендеріміз, батыр-жырауларымыз елдік мәселерді шешіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тарқатып отырған. Алайда бір замандар болып, қазақ халқы отарлықтың езгісіне душар болды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы түрлі оқиғаларға толы мәдени бір ерекше кезең. Олай дейтініміз Ресей империясы өздерінің отарлау жүйесін толығымен аяқтап, басып алынған аймақтарға түрлі әміршіл-әкімшіл жүйе қолданды. Елдің одан әрі әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуы үшін түрлі шаралар жүзеге асыруымен ерекшеленді. Сонымен қатар қазақ халқы үшін рухани ояну, өз азаттығы, тәуелсіздігі үшін күрестің жаңа кезеңінің басталуы болды.

Біз тақырыпқа арқау етіп отырған Жетісу өлкесіндегі ағарту ісі сол өңірде орыс мектептерінің ашылуымен басталды. Патша үкіметі бұл оқу-ағарту арқылы тек белгілі бір деңгейде білім беріп, басты мақсаттары орыстандыру, сананы өзгертіп өз мемлекеттеріне қызмет ететін мамандар даярлау болды. Оқу-білім арқылы тіл мен дінді, әдет-ғұрыпты жоюға дейін барды. Өздерінің отарлау саясаттарын одан ары терең батырды. Ал бұл білім жетілдіру қазақ елі үшін ұлттық сананы ояту, отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күреске шығуға бірден бір дәнекер болды.

Патшалық Ресей Қазақстан жерінде тұратын халықтардың әлеуметтік өмірі, тұрмысы, экономикасы мен мәдениетін, дінін терең зерттеу мақсатында, қазақ даласында зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін көптеген экспедициялар жіберді. Қазақтардың экономикасы мен шаруашылығы, тарихы мен этнографиясы, мәдениеті мен тұрмысы ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Сол арқылы көп еңбектер жазылды. Алайда олардың шындыққа жанасатын да, бұрмаланған кезеңдері де көп.

Жетісу өлкесі

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Жетісу өңірі тарихы тұтас қазақ өлкесі тарихы секілді Ресей империясындағы қоғамдық-саяси өмірмен тығыз байланысты өтті. Ресей империясы құрамына кіру қазақтың мәдени өміріне, соның ішінде халық ағарту саласына да өз әсерін тигізбей қоймады.

«Жер жаннаты Жетісу» деп аталатын суы мол, шөбі шүйгін, қысы жұмсақ болатын Орталық Азиядағы аса берекелі өңір болып табылады.

XIX ғасырдың атақты ғалымдары Семен Тянь-Шанский, Мушкетов, кейінірек Сапожников және тағыда басқа Жетісу деген географиялық атаудың негізін осы арадан ағып өтетін жеті өзенмен – Ыстықкөлге құятын Таң және Жырғылан, Сырдарияға (Телікөл) құятын Шу, Балхашқа құятын – Іле, Ақсу. Лепсі, Қаратал және Аякөзбен байланыстырды. Бірақ бұл жетеу емес, сегіз өзен болып шығады. Жалпы, ғалымдар арасында пікірталасқа арқау болған жеті өзен аты әлі күнге толық шешімін тапқан жоқ. Дегенмен, біздің байқауымызша жеті деген атау дәлме – дәл мағынасын жоғалтып, көптеген ұғымда айтылса керек. Сонда «Жетісу» деген атау өзендерге, бұлақтарға толы өлке деген тұжырым жасауға болады.[1]

Негізгі бөлім

Жетісу өлкесі тұрғындарының көп бөлігін құраған ұлы жүздің ресейге қосылуы XIX ғаырдың басынан жылдамдай түсті. Ал аталған ғасырдың орта шенінен бастап патша үкіметі Қазақстанның оңтүстік облыстарын және Орта Азияны жаулап алуда біршама табыстарға қол жеткізді. Экономикалық жағынан маңызды орын алатын, әрі маңызды сауда жолдарына орналасқан Жетісу өлкесіне өзінің ықпалын күшейту үшін патша үкіметі бұл жерге әскери бекіністер сала бастады. Сонымен қатар басып алған жерлерді басқаруда түрлі реформалар мен заңдар шығарды. Қазақтардың мекендеп отырған шұрайлы жерлерін тартып алып, өздерінің отаршылдық мүддесіндегі ерекше әлеуметтік топ – казактарға бөліп берді.

Белгілі зерттеуші Н.Е. Бекмаханова патша үкіметінің Қазақстан мен Қырғызстанға қоныс аудару саясатын кезеңдерге бөліп қарап, реформаларға дейінгі кезеңді бірінші кезекте өлкені казак әскерлерінің отарлауына жағдайлар жасалды деп көрсетеді.[2] Тарихымыздан белгілі 867 жылы 11 шілдеде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ережені» бекітілді. Бұл ережеге сәйкес Жетісу облысы орталығы Ташкент қаласы болып табылатын Түркістан генерал-губернаторлығына қарады.

1867 жылғы ережеге сәйкес мұсылман дін басыларының праволарына шек қойылды. Діни істер Орынбор діни жиналысы қарауынан алынып, азаматтық әкімшілікке берілді. Мешіттер, мектептер және медреселер салуға бақылау орнатылды. Әрбір болыста сайланып қойылатын, әскери губернатор бекітіп, босатып отыратын бір ғана молда болуына рұқсат етілді. «Ережеге» сәйкес әрбір уездік қалада «ұлтына карамастан» ортақ бір мектеп ашу көзделді. Қазақ балаларына казак станицаларындағы немесе Орыс қоныс аударушыларының деревняларындағы мектептеріне «тегін немесе шамалы ақы төлеп» оқуға (олар рұқсат еткен жағдайда) түсу хақы берілді.

Ресей империясының үстемдігі Жетісу өңіріне орнасымен онда орыс тұрғындарына арналған оқу орындары ашылып, қызмет ете бастады. Жетісу өңірінде ең алғашқы орыс оқу орны казактар қоныстанған Сергиополь

станицасында 1852 жылы құрылғанды.[3] Отаршыл әкімшіл жүйенің қолдауымен Жетісуда ашылған орыс оқу орындары приход училищелері, станицалық және поселкелік мектептер бой көтерді. Сонымен бірге уақыт өте келе орыс-түзем мектептері, гимназиялар пайда болды. 1867 жылы Жетісу көлемінде Верныйда екі кластық приход училищесі, алты станицалық мектеп және бір поселкелік мектеп болды. Олар кіші Алматы, Сепгиополь, Үржар, Лепсі, София, Қапал станицалары және Надеждин поселкесі.[3]

XIX ғасырдағы Қазақстандағы білім беру жүйесінде ресми билік орындарына қарамайтын шіркеулік мектептер болды. Мұндай мектептердің басты мақсаты орыс тұрғындарының білім алуына және олардың православиелік рухта тәрбиеленуіне қолғабыс ету болатын. Бұндай шіркеулік мектептерге 1867–1868 жылғы реформалардан кейін Дала, Орынбор және Түркістан генерал-губернаторлық тарындағы епархиялар себепкер болды. Епархиялар мұндай шіркеулік мектептердің миссионерлік саясатты нәтижелі жүргізуге елеулі ықпал ететінін ескерді. Шіркеулік мектептер қазақ балаларын орыстандыруға, шоқындыруға бейім тұрды. 1894 жылы қазақ жеріндегі шіркеулік мектептердің саны Орал облысында 37-ге жетті. Оларда 879 оқушы оқыды. XIX ғасырдың соңына қарай дәл осындай мектептердің саны Торғай облысында – 9, Жетісу облысында – 10 болды[4].

Қазақ даласында генерал-губернаторлықтар құрылғаннан кейін, облыстағы оқу орындарын басқару жергілікті әкімшіліктер қолына берілген болатын. Бірақ жергілікті әкімшілік дұрыс бақылау жүргізе алмағандықтан ағарту мәселелерімен генерал-губернатордың өзіне тікелей айналысуға тура келді. Жыл өткен сайын Жетісу облысында орыс оқу орындарының саны артты. Алайда мектептердің жағдайы бірден керемет болып кетті дей алмаймыз. Оқу ісінің дұрыс жолға түсуіне көптеген мәселелер қол байлау болды. Бұл ретте өлкелік әскери губернаторлар бұл жағдайларға тікелей әсер етіп, көңіл бөлді. Солардың бірі Жетісу облыстық әскери-губернатор Колпаковский. Ол облыстағы орыс мектептерінің оқу бағдарламаларын бір жүйеге келтіру жолдарын қарастырды. Бұл бағдарлама 1871 жылы әзірленіп, Колпаковскийдің қол қоюымен бекітілді. Бағдарлама бойынша оқушылар бастауыш мектепте үш жыл кемінде діни ілім, орыс тілі, арифметика, таза жазу секілді пәндерді оқып, меңгеруі тиіс болды[3]. Сонымен бірге бұл мектептердің қаржылық жағдайын шешу үшін, жергілікті халықтан, облыстағы әр үйден 1878-1879 жылдары 25 тиыннан, ал 1880-1883 жылдары 40 тиыннан алым жиналды.[3]

Жетісу жерінде «Орыс-түзем» мектептерінің ашылуы орталықтағы үкіметтің орыстандыру саясатымен үндесіп, соны жүзеге асыру шаралары ретінде көрініс берді. «Орыс-түзем» мектептері мен училищелері жергілікті орыс емес ұлттардың балалары үшін арнайы ашылған оқу орындары болатын. Түркістан өлкесінде мұндай мектептер 1885 жылдан бері қарай ашыла бастады.

Қорытынды

Қазақстанды патшалық Ресейдің отарлауы тек әлеуметтік-экономикалық қана сипат алып қоймай, сонымен бірге жергілікті тұрғындардың рухани

өмірінде де өзіндік ізін қалдырды. Патша өкіметі шеткері аймақтарға орыс халқының мүддесін көздейтін халық ағарту жүйесін енгізуді көздеді. Қазақ даласында орыс мектептерін ұйымдастыруға құлшына араласқандар, ең алдымен, әрине патша өкіметінің ағарту істері саласында қызмет істейтін ірі чиновниктері, жергілікті басқару орындары қызметкерлері және миссионерлері болды. Олар орыс-түземдік мектептері арқылы қазақтың тілін, дінін, әдет-ғұрпын жоюға жұмыс істеді. Ағарту саласын дамыту арқылы қазақтардың білім көкжиегін кеңейтейік деген емес, орысша білім беру арқылы орыстандыруға, сол арқылы өздеріне бағынышты етуге күш салды.

Тілі құрыған ұлттың өзі де құритынын білгендей патша үкіметі ағарту саласы арқылы өздерінің қитұрқы пиғылдарын жүзеге асырды. Ашылған мектептерде орыс балаларымен қатар қазақ балалары да білім алды. Алайда қазақ балалары бастапқы әріп тануын ауыл молдаларынан алғандықтан, көп ұлы тұлғалар шығып, олар өз туған еліне қызмет жасауды ұмытпады. Сол сияқты орыстың білімін игеріп, сол елге қызмет етіп кеткен, шоқынған адамдарда баршылық.

Әдебиеттер

1. Жолдасбайұлы С. Жетісу тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. -300 б. (11-б.).
2. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. – М.: Наука, 1980. – 280 с. (С.92)
3. Жолсейтова М.А. Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен даму тарихы (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы кезі). Монография.-Түркістан: «Тұран», 2022 ж. – 172 бет.
4. Тажибаев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-Ата, Казгосиздат. 1962. – С.50-52.

ҒТАМР 03.20.01

«АЛАШ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚШЫЛДАР» ҰЙЫМЫ ИДЕЯСЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Мамраймов С.Д., Дәулетұлы Т., Мамраймова А.Е.

1. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, т.ғ.к., доцент, Шымкент, Қазақстан.
2. І. Жансүгіров атындағы ЖОМ, тарих пәні мұғалімі, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қазақстан.
3. «Intellect» физика-математикалық мектеп-лицейі, тарих пәні мұғалімі, Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В данной статье раскрывается тема молодого поколения при советской власти, представители которого последовали за высокой мечтой: стать независимой страной в эпоху советской власти, которые создали подпольную организацию и создали новую версию

воззвания «Басыңды көтер, қазақ!» (или Проснись, казах!). Своим призывом они хотели, чтобы угнетенный народ воспрял, восстал духом.

Основная идея статьи показать гражданскую позицию лидеров «Қазақшылдар», показать их основную идею. В статье использованы и представлены для читательской публики подлинные источники, где описывается деятельность членов тайной организации казахской молодежи «Қазақшылдар» 7 мая 1928 года.

Summary

This article reveals the theme of the younger generation under Soviet power, whose representatives followed a high dream: to become an independent country during the era of Soviet power, who created an underground organization and created a new version of the appeal “Basyndy koter, Kazak!” (or Wake up, Kazakh!). With their call they wanted the oppressed people to rise up and rise in spirit.

The main idea of the article is to show the civic position of the leaders of “Kazakhshyldar”, to show their main idea. The article uses and presents to the readership authentic sources that describe the activities of members of the secret organization of Kazakh youth “Kazakhshyldar” on May 7, 1928.

Кеңестік билік қанша жерден халықтың аузын бағып, бұғауда ұстауға барын салса да қазақтың рухын баса алған жоқ. Түбінде бір теңдік алып, жеке ел боламыз деген асқақ арман жетегіне ерген жас буын өкілдері еліміздің әр өңірлерінде әр түрлі астыртын ұйым құрып, езгіге түскен елдің еңсесін көтеру мақсатында жұмыстар жүргізіп жатты.

1909 жылы «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп, Қазағым, енді жату жарамас-ты», деп, «Оян, қазақ!» ұраны көтерілген Міржақып Дулатовтың ізін жалғастырушылар араға 20 жыл салып 1928 жылы Шымкент қаласында ұранды қайтадан ортаға тастап, жаңа кезеңге сәйкес жаңа нұсқада Басынды көтер, қазақ! (немесе оян, қазақ!) деп ұрандатты. Шымкенттік жастардың ұраны бұл жолы кеңес өкіметінің солақай саясатына азаттық күреспен қарсылық көрсеткен жылдардың басында, жеке ақынның емес, ұжымдық ақынның қарасөзбен саяси ахуалды тұжырымдаған ащы үнін бейнелеген түрде, халыққа қаратылған үндеу түрпатында шықты.

Біз ұранның түпнұсқасымен емес, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының коммуналдық мемлекеттік архиві, Ф.11.Оп.1.Іс.60.П.1-23 қорындағы орысшаға тәржімеленген нұсқасымен ғана таныса алдық. Машинаға басылған екі беттік орыс тіліндегі мәтін. Алғашқы парақтың жоғары жағында «аударма» деп жазылған. Үндеу мәтіні алты тармаққа жүйелеп жазылыпты.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Шымкент қалалық жұмыс тобының мүшелері Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті тарихшы ғалымдарының әзірлеп баспаға ұсынған «Алаш қозғалысы – Оңтүстік өңірдің архив құжаттарында» атты жинағында, түпкі идеясы «Алаш» көсемдерінің азаматтық идеясына негізделген – Қазақ жастарының «Қазақшылдар» жасырын ұйымы мүшелерінің 1928 жылы 7 мамырда Шымкент қаласында атқарған жұмыстары туралы деректер түпнұсқада берілді.

Бұл ұйымның Қызылорда қаласында атқарған жұмыстары жеке зерттеуді қажет етеді.

1928 жылдың сәуір айында Достанов Еңсеп Қызылорда қаласынан Шымкентке келіп, Базарная көшесіндегі №69 үйдегі жолдастары - Бітімбаев, Досов және Жүзбаевтың пәтерінде тұрады.

Бірте-бірте бұл адамдармен, сондай-ақ ауылшаруашылық техникумының студенттері Молдабеков және Манасбаевпен әңгімелесу барысында Достанов «Қазақшылдар» ұлтшыл контрреволюциялық астыртын ұйымының тапсырмасымен Шымкент қаласына астыртын жұмыстарға келгенін аңғартады. Содан кейін ол Манасбаев, Бітімбаев және Молдабековпен жоғарыдағы ұйым атынан қазақ халқына Үндеу шығару қажеттігі туралы сөйлесіп, Үндеу шығаруға тікелей қатысу үшін сөз байласуға кіріседі.

Үндеуді дайындауға Бітімбаев, Молдабеков, Манасбаев және Достановтың өзі қатысқан, ал Достанов пен Бітімбаев Үндеу мәтінін дауыстап айтып тұрған, Манасбаев бұл үндеулерді жазған. Үндеу редакциясы Бітімбаевқа тиесілі. Осылайша 6 данасы жасалды.

Үндеуге қажет қағазды «Знание» дүкенінен сатып алған, ал бұл қағазды сатып алу үшін ақшаны Достанов Досовтан алған.

Үндеуді 1928 жылдың 7 мамырына қараған түні Достанов, Молдабеков және Манасбаевтар Губерниялық атқару комитетінің, Губзу, Еңбек бөлімінің, Губсудтың, атқару комитетінің және қалалық дәріхананың терезелеріне жабыстырған.

Басыңды көтер, қазақ! деген үндеуде авторлар қазақ халқын, атап айтқанда жастарды отаршыл – еуропалықтарға қарсы күреске шақырып, партия мен үкіметтің астық дайындау, жер өңдеу саласындағы саясатына тоқталады.

Басыңды көтер, қазақ! (немесе оян, қазақ!)

1. Қазан төңкерісіне және халықтардың өзін-өзі басқару құқығы берілгеніне он бір жыл өтті.

Осы ұлттардың бірі Қазақ Автономиялық Республикасы, бірақ шын мәнінде ондай өзін-өзі басқару жоқ, оның себебі бар: Республика болған он бір жыл ішінде оны кеңестік қарақшылар басқарды. Мақсаты Қазақ халқын мәдени-экономикалық қысымға түсіру арқылы өз саясатын жүргізу. Мұны қазақ жерінде еуропалық жетекші авантюристері – қарақшыларының отыруы дәлелдейді.

2. Дүниежүзілік революцияның негізі, авангарды болу мақсатымен олар Қазақстанда дәнді дақылдарды жинау науқандарына жетекшілік етуде. Кеңестік билік езгісіне ұшыраған қазақ халқы ашкөз паразиттерге нан берудің еш қисыны жоқ, өйткені бұл саясат қарақшылар мен авантюристерден шығады.

3. Қазақстанның қуғын-сүргінге ұшырауының тағы бір себебі: Қазақ халқы өздеріне жоба әзірледі ме? Жоқ!. Бұл еуропалық қарақшылар мен авантюристер қазақ халқының өз тағдырын шешу құқығын аяққа таптайды.

4. Қазақ жастарын оқу орындарында тәрбиелеу оны орыс мәдениетінің ықпалына бағындыру, қазақ халқын алдап, жастарды мәдени дамудың ең төменгі деңгейіне жетелеу принципіне негізделген.

Қазақ жастары! Ұлттық ұстанымымызды ұмытпауымыз керек! Еуропалық авантюристердің бізді алып бара жатқан жолынан бас тартайық.

5. Саналы қазақ еңбекшілерін өз ықпалына алу үшін европалық авантюристер «қазақтандыру» деген жалған ұранды шығарып алды, бірақ нәтижесінде олар бұл ұранды мекемелерде жүзеге асырмайды. Қазақ халқының мыңдаған тілегінің тым болмаса біреуінің жүзеге асуы қайда?

6. Николай патша саясатының кесірінен өз жерінен тау мен орманға қуылған қазақ халқы Қазан төңкерісінен кейін бұрынғы реніштерін ұмытамыз деп үміттенгенімен, патша тұсындағыдан да сорақы жағдайға түскені белгілі болды[1].

Осы тұжырымдардың соңында: «Деректер мынаны айтады», – деп, 1920 жылы қазақтың советтік автономиясын жариялаған съездің мазмұнына өз ұғымымен шегініс жасайды: Батыс қазақстандағы авантюристер – қарақшылар шақырған кеңестер съезінде орыстарсыз қазақтар ешқашан мәдени дами алмайды деп айтылды. Сондықтан олар жері жоқ орыстарды қазақстанға қоныс аударып, қазақтың ең жақсы жерлерін солардың пайдалануына беруді қажет деп тапты. Бұл кеңес авантюристерінің саясатындағы басты міндеттердің бірі.

Осындай қорлықтарды ескерген «Саналы-Алты-Алаш» өкілдері кеңес авантюристері мен оларға өзін сатып жіберген қазақ халқының өкілдеріне қарсы саяси күрес ашуға шақырады.

«Алаш» әділетті ұйымының бірлігі баянды болсын!

«Қой терісін жамылған кеңестік қанішер авантюрист-қасқырларына өлім!
«Қазақтың бірлігі аман болсын!

«Қазақшылдар!» ұйымы аман болсын!

«Қазақшылдар» ұйымы

Шымкент

«Қазақшылдар» жасырын ұйым мүшелері:

1. Досанов Еңсеп, Сырдария губерниясы, Қазалы ауданы, Қамбаш болысының №1 ауылы, Қазақ, 23 жаста, бойдақ, сауатты, комсомол мүшесі, сотталмаған.

2. Бітімбаев Абдурахман – 21 жаста, Қазақ, Қазалы қ., бойдақ, сауатты, комсомол мүшесі, сотқа тартылған қызметкер, қазіргі уақытта жұмыссыз.

3. Манасбаев Қошқарәли – 21 жаста, Әулие-Ата уезі, Қарабәкір ауданы, №7 ауылы, Қазақ, бойдақ, комсомол мүшесі, Шымкент ауылшаруашылық техникумының студенті, сотталмаған. 1928 жылдың 25 мамырында ОГПУ Сырдария губерниялық бөлімі қамауға алды. Қазақстандағы ОГПУ, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабымен 3 жылға сотталды. 17 маусым 1989 жылы ақталды.

4. Молдабеков Мәулен – 22 жаста, Шымкент облысы, Түркістан уезді, № 6 ауылы, Қазақ, бойдақ, комсомол мүшесі, Шымкент ауылшаруашылығы техникумының студенті, сотталмаған. 26 қазан 1928 жылы Шымкент ОГПУ қамауға алынды. 18 қыркүйек 1997 жылы ақталды.

5. Джузбаев Абдулла Тастанбекович, 1906 жылы туған, Қазақ. Туған жері: Ташкент-Өзбек ауданы, «Гүзел» ауылы, бойдақ, сауатты, комсомол мүшесі, сотталмаған, кедей шаруаның баласы, дәріханада көмекші болып жұмыс істейді. 25 мамыр 1928 жылы, ОГПУ Сырдария губерниялық бөлімі қамауға алады.

Қазақстандағы ОГПУ 26 қыркүйек 1928 жылы РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10 баптары бойынша 5 жылға еңбекпен түзеу лагерінде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. 17.06.1989 жылы Шымкент облысының прокуратурасы ақтады [2].

6. Досанов Халикуз – 22 жаста, Қызылорда уезді, Қараөзек болысы, №2 ауылы, Қазақ, бойдақ, комсомол мүшесі, сауатты, жалдамалы қолөнершінің отбасынан шыққан, сотталмаған.

1928 жыл 7 маусымда ОГПУ Сырдария аудандық бөлімінің Шығыс бөлімшесінің бастығы – Саенко, сотталушы азаматтарға қатысты № 93 іс бойынша аяқталған тергеу өндірісін қарап РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының 2-тармағы бойынша тұтқындау көзделген.

1929 жылдың күзінен өкіметтің солақай реформаларына қарсылық ретінде республикада халық ереуілдері басталғаны мәлім. Жоғарыда аталған үндеудің мазмұны көтерілісшілердің ұйысуына белгілі бір дәрежеде әсер етуі мүмкін.

Кеңестік заманындағы ұлт-азаттық қарсылық шараларына қатысқандарды «бандылар» емес, ұлт азаттығы жолындағы көтерілісшілер екенін, тоқсан жылдан астам уақыт бойы бұрмаланып келе жатқан қозғалысты өз атымен атауға қол жеткізу және 30-шы жылдардағы көтерілісшілер хақында тарихи әділеттің орнауына атсалысу, олардың нағыз тәуелсіздік күрескерлері, халық батырлары екендіктерін мойындау талас тудырмайтын мәселе болып табылады.

Әдебиеттер

1. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының коммуналдық мемлекеттік архиві, Ф.11.Оп.1.Іс.60.П.1-23.
2. «Открытый список» - самая полная база данных жертв политических репрессий в СССР (1917-1991 гг.), построенная по принципу «Википедии». Электронный ресурс. URL: <https://ru.openlist.wiki/> (дата обращения 01.10.2023)

УДК:

SYNERGETIC APPROACHES TO COMPREHENDING THE CONCEPTOSPHERE OF ABAI'S MUSICAL AND POETIC CREATIVITY IN THE CONTEXT OF MUSIC EDUCATION

R. Sydykova Doctor of Pedagogical Sciences, Professor,
A. Dosbaganbetova Master of Pedagogical Sciences, Acting Assistant Professor,
A. Karsybaeva Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer.
South Kazakhstan State Pedagogical University,
Shymkent, Kazakhstan

Резюме

Эпоха глобализации и культурных перемен, происходящих в настоящее время в Казахстане связанная с духовным возрождением нации и осознанием своей ментальности, позволяет раскрыть новые подходы к развитию отечественной музыкальной культуры и искусства, в том числе изучения концептосферы музыкально - поэтического наследия Абая сквозь призму парадигмального осмысления возникших приоритетных проблем, предусматривающих взаимодействие синергических связей социально-гуманитарных дисциплин как философия, психология, культурология, социология, этика, эстетика,

педагогика музыкального образования и других, раскрывающих новые грани творческого наследия великого Абая – философа и гуманиста, поэта и музыканта конца XIX начала XX века.

Түйін

Қазіргі уақытта Қазақстанда болып жатқан ұлттың рухани жаңғыруымен және өзінің менталитетін түсінумен байланысты жаһандану және мәдени өзгерістер дәуірі отандық музыкалық мәдениет пен өнерді дамытудың, оның ішінде Абайдың музыкалық-поэтикалық мұрасының концептосферасын XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы философ және гуманист, ақын және музыкант - ұлы Абайдың шығармашылық мұрасының жаңа қырларын ашатын философия, психология, мәдениеттану, әлеуметтану, этика, эстетика, музыкалық білім беру педагогикасы және басқалар сияқты әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің синергиялық байланыстарының өзара іс-әрекетін көздейтін басым проблемаларды парадигмалық түсіну призмасы арқылы зерттеудің жаңа тәсілдерін ашуға мүмкіндік береді.

Successful implementation of Kazakhstan society renewal social projects and reforms, peace and harmony in interethnic relations, improvement of people's quality of life depend on the level of modern culture development, modernization of public consciousness, determination of the comprehension vector of education educational potential as the basis of progressive development of Kazakhstan society.

Cultural heritage preservation, careful attitude to natural riches, maintenance of different peoples original cultures, establishment of contacts for mutual understanding and enrichment of cultures, development of individual spiritual interests - all these are global problems that require a combination of modern society efforts and energy, cultural workers and artists and each person, in general. In spiritual and moral activity the process of self-development and self-realization of a person is carried out, when on the basis of historical heritage mastering of world and national culture, upbringing and education, spiritual values are created, cognitive abilities to knowledge, creativity and communication are developed. National culture and art have always supported and expressed the spiritual and moral potential of the people, without which the existence and spiritual development of both ethnos and individual personality is not possible and, rather, would lose all meaning. It is known that any nation that is deprived of traditions, folk folklore and art, is doomed to extinction, it is in them are concentrated centuries-old fundamental values of the people, its spiritual, moral and socio-cultural experience, which has a strong influence on the inner world of man, strengthens his spiritual potential, contributes to the formation of his personal qualities. General problems of the relationship between man and musical culture, the processes of formation of the individual spiritual world, the formation and realization of abilities, gifts, talents, the embodiment of creative potentials in the activity and its results through the music education prism, it should be noted that it contributes to the value orientations development and interests of the creative personality formation.

In terms of the above, we should pay special attention to synergetic approaches to conceptualizing the conceptosphere of Abai Kunanbaev's musical and poetic creativity, which is so multifaceted and little studied. The study of the conceptosphere of Abai's musical-poetic heritage allows us to see the implicit (internal) unbreakable age-old connection with the national consciousness, with traditional culture, saturating it with fruitful life-giving impulses, allowing us to reveal new facets of the poet's

musical-poetic creativity, which are imbued with deep universal wisdom, “anthropology” in the formation of the human nature spiritual side as a whole.

Regarding the characterization of the "concept" in modern times is again actualized and rethought, which marks a new stage in the study of ways and patterns of interaction between language, consciousness and culture, hence - highlighting new aspects of the relationship between linguistics, cognitive science, cultural studies, as well as psychology, philosophy and other sciences. Back in the 30s of the last century S. Askoldov determined that the nature of concepts question (general concepts) is a mental formation, replacing in the process of thinking an indefinite set of same kind objects [1, 267]. The concept is formed by speech, sanctified by the Holy Spirit and therefore is realized “on the other side” of grammar or language - in the space of the soul with its rhythms, energy, intonation” believed P. Abelard [2, 141]. The phenomenon concept is a sufficiently studied cognitive unit functioning in the thought process. In different philosophical and linguistic doctrines there are many definitions of the concept today. Thus, in modern cultural studies there are two main approaches to understanding the concept phenomenon: linguocultural (Y. Stepanov, V. Kolessov) and philosophical (J. Deleuze, F. Guattari). Adherents of the first approach understand cultural concepts as “key words”, trying to characterize the national cultural experience. Proponents of the second approach define a concept as a “becoming event plurality”. Relying on these versions of concept understanding E. Kubryakova considers “the concept as a tool of analysis, which allows the researcher to stay above the abyss of philosophical generalizations, to avoid the rigidity of categorical embrace of sociology and not to suffocate in the dizzying flurry of facts” [3].

The concept itself is a sufficiently studied cognitive unit functioning in the thinking process. The lack of a single definition can be explained by the fact that the concept is characterized by a rather complex structure, containing, along with the conceptual basis, important social, mental and cultural components that are thought and experienced by the native speaker; it includes emotions, associations, evaluations, images and connotations inherent in a particular culture. Based on the analysis of definitions, it follows that a meaning is a concept immersed in culture, possessing emotionality, axiologicity and having a name in the language.

From the musical art position, an adequate reading of a musical art work can nowadays be based on modern scientific data in the interdisciplinary knowledge field, confidently confirming the reality of the conceptsphere existence and its constituent concepts - some abstract thought formations in human consciousness, generalizing various attributes of the reality world. A. Amrakhova notes that “a concept is not a word, it is much broader in its semantic volume ... a concept gravitates towards probabilistic images and is directed towards them, as it is constantly changing in its eternal readiness to enter into new associative connections. In an artistic concept “generic” may not always be expressed, more often it is an intersection of associatively charged images” [4, 43] [4, 43]. Moreover, the author states that “a concept is the “soul” of a meaning-carrying mental act ... A concept in music - genre, style, intonation, rhythm formula, compositional scheme, etc. is presented as a prototype, an “ideal model” organized by “mental interpretation “instructions”- schemes, scripts or

frames" [4, 42-58]. [4, 42-58]. Thus, the study of important characteristics of the musical art space, in which physical and mental reality are united in the experience act, is a fascinating process of revealing its essential existence in culture. In studying the musical text meaning, it is important to identify the basic cultural concepts and fundamental stereotypes of consciousness as integral components of the musical conceptosphere, broadly extending beyond music proper and encompassing the patterns inherent in other reality phenomena. We are impressed by A. Ahramova's opinion that "the conceptosphere of musical art, as a kind of semantic "field" of culture, contains in a "rolled up", coded form the features of cultural epochs and styles, their worldview and spiritual content, crystallized typical elements of musical language and speech, forming ideas about the features of musical thinking and worldview" [4, 42-58]. [4, 42-58].

In general, the transformation of the above-mentioned material to our study allows us to discover, from a new view point, synergistic approaches to the study of the stated topic, where the focus is on the development of general laws of ethnoculture development evolution and its self-organization in the complex systems of cultural studies and art history. Undoubtedly, this entails profound changes in approaches to the world study on the basis of interdisciplinary connections. After all, synergy means "joint action". Synergetic approach, in terms of content, in relation to the topic of our study, allows us to see in the structure of the conceptosphere of Abai's musical and poetic heritage a technology of personal growth of self-organization processes of "self-building" and self-improvement.

Approaching the study of this topic, we consciously depart from the issues of characterization of Abai's life activity and focus on the three interpenetrating constructs of Abai's creativity: "music" – "poetry" – "conceptosphere", taken in a single cultural and creative unity of the cognition processes, comprehension and refraction through the musical education prism.

In the our study context it can be noted that for many decades Abai's musical and poetic creativity has been studied by experienced scientific researchers in the field of art and musicology, such as A. Zataevich, V. Belyaev, G. Chumbalova, M. Akhmetova, A. Zhubanov, V. Dernova, B. Erzakovich, G. Bissenova, A. Sabirova, R. Sydykova, T. Eginbaeva, L. Kakimova and others. From these studies, we learn that Abai is not only a poet, but also a composer. His song creations significantly enriched the Kazakh song art. Abai's melodies and poems have found deep refraction in classical works of various genres of professional musical art. It is well known that Abai wrote 15 cues for dombra and 25 author's songs, which, occupying a special place in the ethnomusicological culture of Kazakhs, laid the foundation for the development of Kazakh romance.

For example, only Abai's one song of "Men kordim uzyin kaiyn kulagynyn" was reflected in the works of E. Brussilovsky, A. Zhubanov, M. Tulebayev, L. Khamidi. This song itself is a kind of culmination in the Abai's songwriting musical development. It is problematic, saturated with invisible threads of dramatic development. The main idea is revealed through allegory: the image of a "lonely birch tree" - the image of a "lonely poet". The work is autobiographical to some extent. This

very song became the main leitmotif of the symphonic poem “The Lonely Birch” by E. Brussilovsky. In the opera “Abai” composers A. Zhubanov and L. Khamidi saw in the song “Men kordim...” an opportunity to develop a dynamic line that ends with a tragic denouement. The very presentation of Abai's song “Men kordim...” with a laconic form, with a comfortable tessitura, with refined dynamics, restrained in the part of Aidar (I d., 1k.) subconsciously sets the listener to perceive the tragic thought, which is enhanced by musical and expressive means of orchestral texture, soloists, chorus.

The composer M. Tulebayev turns to the same Abai song. His romance “Men kordim...” with its laconic form, comfortable tessitura, refined dynamics, and restrained piano accompaniment is a classic example of the first romances of the Kazakh professional composer school.

The study of the conceptosphere of Abai Kunanbaev's musical and poetic heritage allows to reveal new facets of his value, spiritual and moral potential of peacefulness, world understanding, inspiration, creation for the his people prosperity. This ethno-cultural and state identity is achieved not only through continuous professional education, but also through artistic and aesthetic impact on the person by means of music, word of fine arts. According to T. Gabitov: “Through the aesthetic impact and enjoyment received by a person in the process of artistic creation and perception of art, its educational influence, and informing, and cognition, and transfer of experience in artistic (folk) creativity is realized: It is intertwined and interpenetrated in the conceptospheric triad: “personality - nation – humanity”, in its dialectical interaction, determining the structure of figurative thinking, national life-historical experience, which is inimitable and dialectic national [5, c.312].

Thus, summarizing the above-mentioned, let us conclude our study with the opinion of the Kazakh writer G.Belger “...to comprehend Abai in all his spiritual power and diversity, it is necessary to rise to the same peak on which he stands. Abai is immeasurably deeper than we are able to understand and comprehend so far. As a phenomenon, as a personality, he is even deeper than his own creativity...” [6, p.34]. [6, p.34].

Literature

1. S.Askoldov Concept and words // Russian literature: Anthology. - M.: Academia, 1997. - P. 267-280.
2. S.Neretina Word and Text in Medieval Culture. Abelard's Conceptualism - M., Gnosis, 1995. p- 182.
3. E.Kubryakova The role of word formation in the formation of the world linguistic picture //The role of the human factor in language: Language and the picture of the world. - M.:Nauka, 1992. p.84-90.
4. A.Amrakhova Cognitive aspects of the interpretation of modern music: On the example of Azerbaijani composers' work: dissertation PhD. in art history: 17.00.02. / - Moscow, 2005. p - 325.
5. T. Gabitov Philosophy. - Almaty: Raritet, 2006. P - 408.
6. G. Belger Earthly favorites (Goethe, Abai). - Almaty: Zhazushy, 1995. p- 256.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құсайынов Д.Ө.

философия ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы

Аюпова З.К.

заң ғылымдарының докторы, профессор
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қаласы

Резюме

Для того, чтобы правильно изучить проблему, которую мы ставим перед собой сегодня, достичь сути и значения, узнать закономерности, мы должны заглянуть в историю становления философии того времени. История философии, собравшая в себе тысячелетнюю тайну различных идей, сегодня приобрела огромное значение. Это имеет особый смысл для раскрытия мировоззрения Жусипбека Аймаутова.

Summary

In order to properly study the problem that we set ourselves today, to reach the essence and meaning, to learn the patterns, we must look into the history of the formation of philosophy at that time. The history of philosophy, which has gathered a thousand-year mystery of various ideas, has acquired great importance today. This has a special meaning for revealing the worldview of Zhusipbek Aimaotov.

XX ғасырдың басындағы қазақ демократиялық интеллигенциясының көрнекті өкілі, қазақ-романының атасы, қазақ тілінде тұңғыш рет «психология» еңбегін жазған, кәсіптік бағдар, мамандар дайындау ісімен арнайы шұғылданған ұлтымыздың біртуар тұлғасы Жүсіпбек Аймауытов дүниетанымының терең бастауларын түсіну үшін біз, осы себептерге байланысты өмір реалдылығы өз түп-тамырымызға қайта оралуды, осы уақытқа дейінгі жалпы кеңес философиясының маркстік-лениндік идеологиясын, таптық императивтермен туындаған дүниетанымдық қағидаларды қайта ой елегінен өткізуді қажет етіп отыр.

Заман қойған талаптар біздің білетініміздей, философияның маркстік-лениндік даму кезеңін догматизмнен, сектанаттықтан, тарихи материализм философиясының фатализмнен айыру қажеттігі туындады. Ұлттық қоғамдық ойлар ішінде дәстүр мен кәзіргі уақыт арасындағы қайшылық пайда болды. Батыс елдерінің рухани байлықтарына тәнті болудан арылып, ұлттық ойдың ерекшелігін зерттеудің, заңдылықтарын ұғынудың, менгерудің уақыты келді, Бірақта бұл ойымыз, Еуропаға тән нәрсенің барлығынан басты ала қашу деген емес.

Жергілікті және шеттен келген рухани байлықтарды тиімді үйлестіру мәселесі алға қойылды, оларды мүлдем жаңа жағдайларда үйлестіре жүйелеудің қажеттігі туып отыр. Ал бұл болса бізге өркениеттіліктің тікелей жолына түсуге мүмкіндік бергенімен қатар, біздің қоғамымыздың әлеуметтік және рухани мінездемелеріндегі ерекшеліктерді игеруге жағдай жасайды. Әлеуметтік шындықты зерттеудегі Еуропацентристік әдістерден арылу алға қойған негізі мәселелердің біріне айналды. Әр кезеңде болған қоғамдардың қалыптасу

процесстерін батыл, бұлтарыссыз, зерттеу олардың қозғалысы мен дамуын ескере отырып, мәдени тұрмыс-салтынсыз негізін іздеу қажеттігі туындады. Осыларды жүзеге асыру үшін шығыстың өзін-өзі танудың ішкі логикасын табу ауадай қажет, сол кезде ғана біз жалпы проблемалардың қойылу ретін, оның танымдық жолын және солардың әсерінен қалыптасқан сананың ерекшелік жайын айқындай алар едік.

Көптеген ғылыми талдаулардың әсерінен қалыптасқан біздің ойымызша Шығыс пен Батыс арасындағы қайшылықтар мұра мен жаңғыру, жан мен сана, дін мен өмір, діншілдік пен атеизм арасындағы қайшылықты мойындауға алып келеді. Сондықтан да психологиялық салаға ұласа келе өз көрінісін білім мен дін, ой мен қимыл, рухани сезімталдық пен салқын саналық, кемеңгерлік пен құдреттілік, құдай жолы мен адамдық, ерлік арасындағы қарама-қайшылықтардан табады.

Әрине, біз атап отырған қайшылықтар мәңгі бітпес қайшылықтар емес, олар жиі-жиі өзгеріп, секірмелі дамушылықты ырғақты дамумен ауыстырып отырады.

Егерде біздер белгілі ғылыми әдебиеттерге зер салып қарайтын болсақ, онда шығыс философиясының ешқашанда жолы болмағанына көз жеткіземіз, сонымен қатар оның үш дербес бағытта, үнді, қытай, араб ислам философиясы болып болып дамығандығын көреміз.

Сонымен қатар бізге рационализмнің, материализмнің, активизмнің, экстраверттіліктің, тағы да басқа бағыттардың әртүрлі қалыптары шығыста өмір сүргендігі белгілі. Шығыс философиясының ерекшелігінің өзі-қатып қалған, қатаң бұлжымас философия түрлерінің болмауында. Сондықтан да жаңа Еуропалық ойлау әдісінен шығатын өлшемдерді қолдану дұрыс емес [1, 10 б.].

Ал егерде бұл мәселеге жалпылай қарайтын болсақ, философия адамзат мәдениетінің, оның дүниетанымының әмбебаптылығының түпкі негізінің рефлексиясы, Философия әсіресе мәдениеттің күйзелу кезеңдерінде ауадай қажет. Себебі ол кездерде мөлдір, айқын даналық әдістері қажет болды. Ал, дәстүрлі салыстырмалы түрде жай дамитын мәдениетке тура философиялық емес қалыптағы даналықтың өзі керек. Бұл әдет Шығысқа тән, өйткені даналық бұл жерде ортағасырларда туындап, оның кәсіпқой философия ретінде қалыптасқан университеттік түрі болмады. Сондай-ақ рационалдық бағыттағы даналықтың басқа түрлері де кездеспеді. Философия мәдениетінің дүниетанымдық негіздерін толғағанда жаңа мәндерді дүниеге әкелетіні белгілі. Бұл әмбебаптылықты бейсаналықтан суыртпақтайды, оларды ой елегінен өткізіп, "философем" қабатын, яғни философиялық ұғымдар мен категорияларды түзеді. Бірақта, Шығыста философиялық емес қалыптардың басымдығына байланысты бұл ұғымдар көркем және діни мәндегі әдебиеттердің дәстүрлі түрлерінде малтығып қалды. Бұл философиялық дүниенің зерттелуін әлеуметтік мәдени (контексте) мәнде құруға мәжбүр етеді. Дүниетанымдық бағыттағы мұралардың "философемді" жіктеп алуға көбірек күш салуды қажет етеді.

Қазақ қоғамы үшін философиялық емес қалыптағы даналық тән. Ол адам тіршілігін қалыптастыратын дүниетанымдық әмбебаптылық дәрежесінде

қолданылады. Сондықтан да шығыс "философемі" дәстүрлі көркем және діни әдебиеттерде малтығып, философия тарихшыларын философиялық жүйені әлеуметтік аспектіде зерттеуге, дүниетанымдық бағыттағы текстерді тануға итермелейді.

Егерде халқымыздың қалыптасу тарихына көз жүгіртсек Қазақтың ата тегі болып табылатын сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылардың түп төркіндеріндегі қарама-қайшылықтарға қарамастан мәселен ғұндар көшпелі болды (қаңлылар Сырдарияның егіншілері еді, ал сақтар мен үйсіндер малшылық пен отырықшылықты үйлестіре отырып Жетісуды мекендеді) көшпенділік әмбебапшылығы басымдылыққа ие болды. Солай бола тұра жер өңдеушілердің де дүниетанымдық көзқарастары үнемі елеулі ықпалын жүргізіп отырды. Бүкіл қазақ мәдениетін көшпенді өмір тіршілігінен шығарамыз деу бекершілік, өйткені көшпенділер ешқашан автономды өмір сүрмейді.

Ұлттық сананың өсуі, мәдениеттің қайта өрлеуі (халықтың рухани бастауларына зор көңіл аудару) 25 ғасырлық тарихы бар халықтың рухани бастауларға көңіл аударуын орындатуы заңды еді. Қазақтың ата тегінің арғы философиясынан бастап дінге сенімінде, төңірге табынушылығында және сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылардың мифологиясында алдыңғы орынға философиялық дүниетанымдық зәру мәселе ретінде көшпенділердің (ғұндар), малшы-егіншілердің және отырықшы тайпалардың тіршілік бағыттарының жолдарының ара катысы шығады. Бұл дала мен егістік Тұран мен Иран арасындағы өзара қатынас мәселесіне ұласады. Бұның өзі көне түрік жазу мәдениетінің дүниеге келуімен белгілі. Үлкен мәселелер тізбегі көне Қазақстандағы діни бағыттарға байланысты. Тәңірге (көкке) табыну, Жер, Суға, Ұмайға табыну бақсылық пен тіленшілікке ұласты. Тұрғындардың идеологиялық қауымдастығын сақтау үшін діннің әмбебаптық қалыптағы қажеттіліктерін іске асыру ретінде буддизм пайда болды. Осымен бірге Манннің үш уақыт жайындағы концепциясының нәтижесінде манихейшілік дамып өркендеді. Христиан діні болса, несторианство және яковитство қалыптарында заороастризммен жарыса дамыды, ал бұлардың екеуі де даланың барлық халықтарына ықпал жүргізген Митра күдіретіне ұмтылды. Бұл мәселелер діндердің синкретизмін және әртүрлілігін ой елегінен өткізуге алып келеді. Мұның өзі руникалық жазбалар куә болғандай, синтез, жалпылау мәселелесін алға қояды [2, 58 б.].

I, II мыңжылдықтар аумағы Қазақстанда ғылым мен мәдениеттің өркендеу кезеңі болды. Бұл астраномия, математика, жаратылыстану ғылымдарының оңтүстік қалаларында дамумен және өзінің алғашқы өкілі Қорқыт болған бүкіл далаға таралған жыраулық өнерінің кеңінен таралуымен белгілі. Әл-Фараби философиясында идеялық болмыстағы ғылыми жүйесі және әлеуметтік этикадағы сана мен диалектика туралы ілім негізделді. Жүсіп Баласағұн "Құтадғу білік" еңбегінде ғылым байлығы мен күнәсіз өмір сүру негіздері туралы ғылымды дамытты. М. Кашғари "Диуан-и-лұғат ат-түрік" атты еңбегінде түрік мәдениетінің болмыстық категорияларын айқындап, оның этникалық терминологиясын негіздеді. Х.А. Йасауи "Диуан-и-хикмет" еңбегінде қоғамдағы

әлеуметтік тұрмыстық тәртіпті айқындап, тақуалық пен опасыздықтың мәнін ашты. Бұл суннизм мен суфизм ағымдарын таратқан халықты исламдандырудың жемісі еді.

Моңғол шапқыншылығынан кейін қазақтардың этникалық шоғырлануы қазақ хандығының нығайуы, көшпенділер мен жартылай көшпенділердің отырықшы егіншілікпен байланысын қалпына келтіру көкейтесті мәселеге айналды. Мұның өзі тұрғындардың тілдік қауымдастығын, оны түрік әдеби тілі болған қыпшақ (құман) тілі негізінде құру мәселесін туындатты. Бұған Дешті қыпшақтың әдебиетін дамытуда елеулі орынға ие болған Мухаммед ибн Қайсаның "Үлкен кітабы" игі ықпалын тигізді. Мұнда агиографиялық және діни әдебиеттің ғылыми еңбекпен арақатынасы әрқашан өзгеріп отырды. Бұл құбылыс, әсіресе, Хусам ад-Дин Баршынлықта көбірек байқалады.

Фольклор және жырау өнері қарқынды дамып (Аталық, Сыпыра жырау, Қодан-Тайша, Асан кайғы, Қазтуған), олардың үлгісі "Кодекс куманикус" ескерткішінде сақталып қалды.

Қазақтардың XVI - XVII ғасырлардағы философиясы космологияға бағытталды. Мұның ішінде жұлдыз орналасу негізінде байланысты астрономиялық ұғымдар - мұсылман күн тізбесіне және эмпирикалық метеорологияға елеулі орын берілді. Космогониялық нанымдар діни сеніммен байланысты еді, бұларды екі жақты сенімге әкелетін елеулі амбивалентілік болды [2, 64 б.].

Бұл сарын халық ауыз әдебиетінде, ақын, сал,сері, жыраулар өнерінде, Доспамбет, Шалкиіз, Марқасқа, Жиёмбет жырларында өз көрнектерін тапты. Феодалдық қоғамның көркем өнерге әсері жаңа өлең жырларда, әлеуметтік-тұрмыстық поэмаларда, тіл мен жазба әдебиетте көрінеді.

Ел басынан өткізген ақтабан шұбырынды халықтың алдына мемлекеттік философия мәселесін, сана мен билік арақатынасын, қолданбалы философия мәселесін тура қойды. Бұл Бұқар жыраудың көсемдік жырларында, Ақтамбердінің эпикасына, Төлебидің, Айткеби (мен Қаз дауысты Қазбектің шешендік философиялық ой-толғауларына негіз болды. Бұл сарындар Махамбет, Шернияз, Сүйінбай, Шөже, Жанак, Кемпірбай шығармаларында, туындылардында және "Қармыс батыр", "Балуан Нияз", "Бекет батыр", "Айман-Шолпан" поэмаларында көрініс тапты.

Ал, XIX ғасыр философиясында Ш.Ш. Уәлихановтың қоғамдық даму концепциясы және әсіресе әлеуметтік саяси процесстер туралы көзқарасында кеңінен тарады. Б. Алтынсарин өзінің ағартушылық философиясында жас ұрпақтың тағдырына халықтың рухани қайта өрлеуінің болашағына үмітін артып, осыған байланысты педагогикалық (ұстаздық), психологиялық (жан жүйелік) көзқарастарын дамытты. Өз көрінісін ақындар айтысынан, қисса, хикая, жаңа эпикалық поэмалардан тапқан эстетика жаңа даму кезеңіне шығып, орныға түсті. Музыка өнерінің өркендеуі Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Ықылас, Біржансал, Мұхит, Ақансері, Жаяу Мұса, Зілгара, Құлтума, Сара, Сералы тағы басқа ақын-әншілердің есімдерімен байланысты. Бұл кезеңдегі философияның асқар шыңы Абай көзқарастары болды. Мұнда қазақ халқының табиғаты мен

өмір шындығы адамзаттық мәселелер негізінде талдана отырып мейлінше айқын көрінді [3, 8 б.].

Біз өмір сүріп отырған заманымыз философияға "дәуірдің рухани квинтессенциясы" ретінде қайта оралу кезеңі болып отыр. Мұның ішінде методологиялық және дүниетанымдық мақсат-мүдделері қортылып, адамзат болмысы мен тіршілік тынысының негіздік мәселелері, өмір мәнінің негіздері қарастырылуда, әлеуметтік мінез-құлықтың бағыттары белгіленіп, адам өмірінің өнегелік бағыттары айқындалып мәдениет негізі салынуда, осыларды іске асыруда философия тарихының орны аса зор.

Қазақ халқының дүниетанымы өз қалыптасуы мен дамуында бірнеше сатыдан өткен. Ең алғашқы қазақтың "Қазақ" болып, біртұтас ұлттық ерекшелігі айқындалған, жеке-дара мемлекеттігін иеленген халық есебінде тарихта жариялануы Х ғасырдың ортасына келетіні қазір дәлелденген қағида десек, сол тұста оның алғаш рухани тұтастығы, өзін ұлт есебінде, халық есебінде сезінуі, алғашқы синкретикалық дүниетанымы да қалыптасқан деуіміз керек.

Бұл кезде қазақ жеке хандық (мемлекет) құрып, өз құрамында бірнеше тайпаларды (қыпшақ, найман, керей, арғын, үйсін, қоңырат, т.б.) біріктіріп, далада өз кеңістігін тауып, өз болмысын, тілін, ділін, дінін, мәдениеттік шаруашылығын жайғастырып, өзіне өмір салтын - көшпенділікті қалап алды. Сапырылысқан бауырлас, тайпалас, халықтар арасынан сытылып шығып, өз отауын тігіп, өзімен өзі болып, ел болып орнығып, елдік белгілерін нығайтып өмір сүре бастады. Осы алғаш тұтастануда ұлттық тұтастықтың пайда болуына әсерін тигізген көп мән жатыр. Мұны ескермей, әрқашан осы біртұтасқан ұлттық тұлғаға, түп-тамырға қайта оралмай қазақтың тарихын, болмысын, бірлігі мен тірлігін түсіну мүмкін болмас еді.

Осы тұтастықтың XVI-XVII ғасырларда әрі қарай нығыздалып сонымен бірге өз өміршендігін, тарихи толысқандығын дәлелдеп, қазақ хандығы (яғни мемлекеті) өз ішкі өмірімен қатар сыртқы қарым-қатынастарында қалпына келтіре бастайды. Өзін қоршаған мемлекеттермен сауда-саттық, алыс-беріс сияқты табиғи іс-әрекетпен бірге жеке-дара мемлекет есебінде өзінің тұтас шекарасын бекітіп, аумағын анықтап, мемлекеттік өмір субъектісі ретінде сыртқы саяси қатынастарды реттеуге кіріседі. Осы тұста шекаралас орналасқан елдермен қақтығыса, соқтығыса отырып өз егемендігін сақтап, елін жерін қорғап, басқалар мойындайтындай жіті тіршілік жасап, қазақ елі атанып, өз жеріне әбден орнығып алды. Қазақтың байырғы көшпенді өмір салтының, тұрмыс-тіршілігінің, сонымен бірге ой санасының да ең жанданып, гүлдене дамыған шағы осы XI-XII ғасырларға тұспа-тұс келеді. Өз-Тәуке-ханның ел басқарып тұрған кезі (1680-1717 жж) "Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған" заман деп аталғаны белгілі [3, 40 б.].

Қорыта айтқанда ұлтымыздың рухани мұрасы қазақ мемлекеттігінің жаңғырған кезінде Ж. Аймауытов шығармашылығында көрініс тауып халқымыздың бай мұралары ұрпақ тәрбиесіне қызметете бастады. Сондықтанда кәзіргі Жаңа Қазақстанды құру барысында этнопеддагогика мен психология бағытында мамандар дайындауды ауадай қажет екендігі дау тудырмайды.

Әдебиеттер:

1. Хасенов Ә. Қазақ хандығы қай жылы құрылды? // Қазақ тарихы журналы.- 2003.- 40 бет.
2. Сегізбаев О.А. Казахская философия (XV- начало XX века).- Алматы: Ғылым, 2001.
3. Қасымбаев Ж.Қ. Қазақстан тарихы (XIII ғ-1914 ж).- Алматы: Ғылым, 2003.- 46 бет.

ӘОЖ (37.01)

Ж.АЙМАУЫТОВ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТ ЖАЙЛЫ

Пошаев Д.Қ. п.ғ.к., профессор, Әбибуллақызы Ә. оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются современные парадигмы организации учебно-воспитательного процесса, основанные на педагогико-психологических исследованиях Ж. Аймауытова.

Summary

The article discusses modern paradigms of the organization of the educational process based on the pedagogical and psychological research of Zh.Aimautov.

Еліміздің алдында тұрған міндеттердің бастысы – білім беру жүйесін жетілдіру, елдің интеллектуалдық потенциалын көтеру болып табылады. Осыған байланысты технология, ақпараттану және интеграция ғасырында, жаңа дүние үшін күрес жолында білім беру проблемасы:

- біріншіден, білім алдушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;

- екіншіден, адамға іс-әрекетке, ой-арманына дүниеге көзқарасына, талапшыл талғам, пікір түюге бейімделуге, жалпы интеллект қалыптасу үстіндегі дүниетаным, ұғымталдық, сана құдіретін сезінуді үйрету;

- үшіншіден, білім марапатқа жету үшін емес, парасатқа жету үшін қажет екендігінде болып тұр.

Бұл жерде, қазіргі педагогика оқытудың дидактикалық ұстанымдарын алға тартары хақ, өйткені, дидактикалық ұстанымдар, негізінен оқыту үдерісін жоспарлауға, құруға және талдауға бағыт, бағдар береді. Сондықтан, олар оқыту үдерісінің заңдылықтары болып саналады. Десекте, қай уақытта болғанда да, дидактикалық ұстанымдарда білім берудің таптық сипаттары да көрініс табатынына назар аударуға тұрарлық. Осы себепті дидактикалық ұстанымдар қатып қалған жүйе емес, олар ұдайы қозғалыста, дамуда және ғылымның даму деңгейімен, қоғамның талабына сәйкес түсіндіріледі.

Сондай-ақ, педагогиканың пәніне негіз іздегенде, ағылшын жазушы Р.Киплингтің «Дүние орынын ауыстырса ауыстырар, бірақ батыс пен шығыстың пайымдау ерекшелігі орнын ауыстырмайды» - деген сөзін есте сақтау керек [1].

Қазіргі өркениеттік пайымдау (еуропалық), заттың сыртқы сипатына, формасына, қасиетіне қарап, дүниенің заттық өлшемін микрометрлік құрал арқылы өлшейтін болса, шығыстықтар (азиялықтар) заттың ішкі сипатына, ішкі мәніне көңіл бөледі. Бұл жәй пікір емес, мұның артында қоғамдық даму потенциалы жатыр. Осы жерде, әрбір мемлекеттің ұлттық идеологиясының психология және философияны тірек ететінін ұмытпаған ләзім. Сондықтан да философия, психологияның белгілі бір деңгейде ұлттық арнадан өсіп жетілуі – қазіргі заман талабы.

Бұл тек қана педагогиканың пәнінде ғана емес, әрбір оқытылатын пәннің мазмұнында орын алуы тиіс.

Адамды қалыптастыру, қоғамдық қатынастар жүйесінде мақсаттық тәрбие жолымен жүргізіледі. Мұны дәлелдейтін қағида оқыту және тәрбие берудің ғылыми теориясының бірден-бір негізі болып табылады.

Барлық түйін адамның көрегендік негіздерінде деп есептейтін биологизаторлық көзқарасқа қарама-қарсы педагогика ғылымы, тұқым қуалаушылық факторлардың белгісі бар, рөлі барлығын жоққа шығармайды, жеке бастың қабілеттері мен қасиеттері адамның өмірі мен қызметі үдерісінде қалыптасып дамитыны осыны дәлелдейді.

Осы тұрғыда, Ж.Аймауытұлы «Адам – өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат. Кісі іштен туғаннан-ақ, белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады, басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки зерек болады» [2] – дейді. Сонымен қатар, «...әр адам сүйегіне біткен икемділігіне қарай қызмет ету керек» [2] – дегенді алға тартады.

Мұнда, Ж.Аймауытұлы, табиғат адамға ішкі мүмкіншіліктер негізін салып беретіні, белгілі бір әлеуметтік жағдайларда болмаса, бұл көзге көрінбей қалуы да мүмкін екендігін ескертеді. Сондықтан да, педагогикалық генетикаға назар аударылғаны жөн, өйткені оның зерттейтін мәселесі балалардың интеллектуалдық қабілеті мен психологиясына генетикалық талдау жасау [3] болып табылады.

Педагогикалық генетика тұлға қабілеті мен мінез-құлқының тұқым қуалау және олардың жас ерекшеліктеріне қарай қалай өзгертіндігін зерттей отырып, білім беру, педагогикаға, оның ішінде пәніне ұсыныс жасайды. Бұл қазірге нағыз дарындыларды анықтауға, болашақ талант иелерін, нағыз интеллектуалдарды айыру, тану және оның болашағына ұлтымыздың болашағы – деп, қамқорлық етуге алып келеді.

Ж.Аймауытов тәрбие процесіне қатысты – «...адам өзінде қандай қасиет барлығын білу әжет...әр адам өзін-өзі тануы керек. Өзін танымаған – өзгені тануға шорқақ» [2] – болатынынан назар аударады. Өйткені, адам өмірінде саналы сәттен гөрі ырықсыз және шала түйсікті (предсознательный) сәттердің алар орны мол, - деген психолог З.Фрейд. Бұл дәлел қажет етпейтін, риясыз факт екенін бәріміз де мойындаймыз. Сондықтан да, Ж.Аймауытұлының жоғарыдағы пайымы «өзін-өзі міней алмаған, басқаны түзей алмайды» – дегенді қағидаға саяды.

Адам мінезін сөз еткенде француз қаламгері В.Гюгонин «Әрбір адамның үш мінезі бар: басқалардың оған телитін, оның өзіне-өзі телитін және ақырында шын мәнінде өзінде бар мінезі» – деген. Демек, әрбір адам өзінің мінезі қандай екенін өзі жақсы біле бермейді. Сол себепті, өзі туралы айтылған өзгелердің пікірімен де санасып жүрген жөн. Сондықтан да «Өзінді ұқпасанда, өзгені ұқ» – деген сөз бекер айтылмаған [3].

Ж.Аймауытұлы, «Әр адам әлеуметке мүше болғандықтан, әлеумет ісіне көмектес болуға міндетті. Көмектес болуы үшін өнер таңдау керек. Әрбір өнер белгілі мінез қасиетін тілейді. Мысалы, біреудің басынан кешірген халін ұға білу, өзін өзгенің орнына қоя білу, басқалардың кейпіне түсу» мәселесіне де ден қояды.

Мұнда Ж.Аймауытұлы, адамдарды тану біліктілігі жөнінде сөз қозғап отыр. Тұлға көбінесе ұжымда, еңбекте, іс-әрекет барысында өмірдің қиын-қыстау сәттерінде ашылады. Десекте, адамдардың шын бет-бейнесін көру барлық уақытта мүмкін де емес. Екі жүзділікпен өмір сүретін адамдар көптеп кездеседі. Осыған байланысты, «Егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда ол ең алдымен оны барлық жағынан білуі керек» – деп жазды К.Д.Ушинский [3].

Тұлғаны зерделей отырып, біріншіден оның психологиялық ерекшеліктерін: бағыттылығын, мінезіндегі басты ерекшелігі – табандылығын, темпераментін, қабілетін, және өмірлік іс-тәжірибесін анықтап алу керек. Бұлардан басқа бағыттылығы қасиеттерін: тұтынушылығы мен қызығушылығы, идеялық және практикалық ұстанымын анықтап алу керек.

Мінез-құлыққа адамның жасап, атқарып жүрген іс-әрекетінің әсері мол. Сондықтан осылай қалыптасқан тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін аңғару әбзел.

Өйткені, қызметтік этикетте көрініс тауып жататын кейбір қызметкерлердің, әсіресе, басшы қызметкерлердің көңіл-күйінің басқаларға, ортаға әсерін айтуға болады. Мұнда, қандай көңіл-күй орын алмасын, отбасындағы жағдай қызмет орнына, ал қызметтегі отбасына, ортаға тасымалданбағаны жөн. Мұндай жағдайдың орын алуын, сол қызметкердің ішкі жан дүниесінің жұтандығы, кемтарлығы - деп түсінген дұрыс. Мұндай адамдардың «аянышты халін байқағанда, оның дұрыс жол таңдауына көмектесе гөр!» - деп жаратқаннан тілегенде абзал болар.

Мұндай жағдайда педагогтің өзінің мінез-құлқының ерекшеліктері тұлғаның, ұжымның не топтардың қалыптасуына әсері сөзсіз.

Адамдардың интеллектуалдық ерекшелігіне, психологтар ой, сана сапасы көрсеткіштерін: талғампаздығы, икемділік, өзін-өзі мінеушілігі т.б., жатқызады. Сезімталдық ерекшеліктері жан-жақты болуы мүмкін. Ең жоғары сезім-өмірлік белсенділік ұстанымы арқылы Отанға сүйіспеншілігі, оның алдындағы парызы. Көптеген басшыларға, педагогтерге адамдармен тәрбие жұмысы барысында, сол сияқты өзінің әрекетіне баға беруде, жаңалықты сезіну, әзіл-оспақты, мысқылды түсіне білу жетісе бермейді.

Абайдың: «адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес...»; «адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» [4], А.Байтұрсыновтың: «...адамның мінезі ойының түрінен, көңілінің күйінен, істеген ісінен білінеді» [5] – деген сөздерін тіршілік қағидасына айналдырған жөн.

Адамды танып-білу біліктілігі, оны «өз орнына» қоюдағы іс-әрекеті, педагог, ұстаз, ұйымдастырушы, маманның басты таланты.

Кейде біз: «Не қажеті бар осының, бәрін тыңдап отыру, бәрі бір оның мәселесін шешіп беру, көмектесу менің қолымнан келмейтін іс»-дейтіміз бар. Бұл жаңсақ пікір. Қиын-қыстау сәттерде адамның ішкі-жан дүниесін ұғынуға, тыңдауға, көңіл білдіруге қажет болса оның қайғысын бөлісуге тырысқан жөн. Тіпті қайғыны бөлісу үшін пенде болсаң да жеткілікті. Ал, біреудің қуанышын бөлісу үшін Періште болу керек. Бұл тек, Алланың ғана қолынан келеді. Десекте, солай болуды алға ұстану керек. Осындайда «Өзіңді ұқпасанда, өзгені ұқ»– деп бекер айтпаған. Адамдар сенің істеп, жасап жүрген істеріңнен гөрі, сыпайы мінезіңді жоғары бағалайды [2].

Әдебиеттер

1. Пошаев Д.Қ. Мамандыққа кіріспе Оқу құралы. -Шымкент, «Нұрлыбейне».-2011.-200 б.
2. Ж.Аймауытов. Алты томдық шығармалар жинағы. / Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау. - Алматы: «Ел-шежіре». - 2013. Т.4: - 384 б.
3. Пошаев Д.Қ. Педагогика, педагог және заман талабы. Оқу құралы. -Шымкент, «Әлем баспаханасы», 2016. -132 б.
4. Абай. Қара сөздер. Алматы: - Атлас. 2001. -128б.
5. А.Байтұрсынов. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. / Құрастырған Шәріпов Ә., Дәуітов С. – Алматы. Жазушы, 1989. -320б

Мазмұны

Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы АЛҒЫ СӨЗ.....	3
Саясат Нұрбек ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ.....	6
Ж.АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ РӨЛІ	
Д.Ж.Арынбаева Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ТӘРБИЕЛІК КӨЗҚАРАСТАРЫ	7
Г.Т.Мұсабекова АРАЛАС ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	11
Д.А.Кемешев, М.Ж.Жексенәлі САҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ АҢДАР СТИЛІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ.....	15
А.Ж.Есназар STEM БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕТАПӘНДІК БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	18
Орманова Жанат Болатвна ZHUSIPBEK AIMAUYTOV'S ROLE IN PEDAGOGY.....	23
Г.Ж.Орынбасарова Ж.АЙМАУТОВТЫҢ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКУМЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	26
Ш.Б.Әлмұханбет, Қ.Молдабек FORMATION OF CRITICAL THINKING AND SPEECH SKILLS IN ELEMENTARY SCHOOL.....	29
А.Г.Құрбанов, Д.Н. Байғұтова, Ж.И.Молданова ЖЕДЕЛДЕП ОҚЫТУ ӘДІСІ.....	37
Г.Т.Танабаева, Д.Б.Ешанкулова, А.М.Қадралиева БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ.....	42
Ж.С. Сихынбаева, А.М.Шатаева, Т.Оспанов ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	46
А.З. Әліпбек, Қ.Е.Қойшиев, Г.Ғ.Паримбай Ж.АЙМАУЫТОВ – ҚАЗАҚ ТОПЫРАҒЫНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ, ПСИХОЛОГИЯ ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ АВТОРЫ.....	53
ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАР МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
Сағымбай Жұмағұл АЛАШ АРДАҚТЫСЫ ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ АФОРИЗМДЕРІ.....	58
Қайырбек Кеменгер Ж. АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ «ЖАҢАБАЙДЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ТРАГЕДИЯ» ӘҢГІМЕСІНДЕ ҰЛТ ТАҒДЫРЫНЫҢ СУРЕТТЕЛУІ.....	65
Қанашева Айзада Бақытбекқызы ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ САЙТАНОЛОГИЯ (ДЕМОНОЛОГИЯ).....	71
Нариман Нұрпейісов АЛАШ ҰРАНДЫ ӘДЕБИЕТІМІЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОЯНУ МЕН ҰЛЫ МҰРАТТАР.....	76

Т.А. Айнабекова, А.А.Абдукаримова ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ АУДАРМАНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	81
А.А. Абдукаримова, Т.А.Айнабекова МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАЛАР КӨМЕГІМЕН НЕМІС ТІЛІН ЕКІНШІ ШЕТЕЛ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ.....	85
Нажиева Мафтуна, Г.С.Бөкен ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ CANCEL МӘДЕНИЕТІНІҢ ІЗІ.....	89
Галиева Майра Осеновна ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ.....	93
Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ – АЛАШ АРДАҚТЫСЫ	
Ж.О.Артықбаев Ж.АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ:ҚАЗАҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ РЕКВИЕМІ.....	98
А.Ф.Зейнулина ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ПЕН ДҮНИЕТАНЫМ КӨРКЕМДІГІ.....	105
Жанаева Шағангүл Алдамжарқызы ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТОВ ӨМІРІНІҢ СЕМЕЙ КЕЗЕҢІ.....	110
Б.Қ.Исабек АЛАШ АРДАҚТЫСЫ – ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТОВ	119
Байниязов Аябек Жандарбекұлы, Байниязова Жанар Төлеубайқызы МАНАМБЕТ ÖTEMISULI ŞİİRLERİNDE ARKAIK SÖZCÜKLER МАХАМБЕТ ÖTEMISҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР ARNAIC WORDS IN THE POEMS OF MAKHAMBET UTEMISOV.....	124
Анарбаев Қайрат Сапарханұлы ӘЛ-ФАРАБИ МЕН М. ҚАШҚАРИ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДАҒЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ ІЗДЕРІ.....	131
А.А. Балық, Л.Динашева ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ЖЕТІСУДАҒЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ.....	137
С.Д.Мамраймов, Т.Дәулетұлы, А.Е.Мамраймова «АЛАШ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚШЫЛДАР» ҰЙЫМЫ ИДЕЯСЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ.....	141
R. Sydykova, A.Dosbaganbetova, A. Karsybaeva SYNERGETIC APPROACHES TO COMPREHENDING THE CONCEPTOSPHERE OF ABAI'S MUSICAL AND POETIC CREATIVITY IN THE CONTEXT OF MUSIC EDUCATION.....	145
Д.Ө.Құсайынов, З.К. Аюпова ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	148
Д.Қ.Пошаев, профессор, Ә.Әбибуллақызы Ж.АЙМАУЫТОВ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТ ЖАЙЛЫ.....	153